Балабақшада қазақ тілін меңгерту субъектілері: Балаларды ерте дамыту институты мен орталықтарының басшылары, балабақша меңгерушілері, тәрбиешілер, педагогтер

Балабақшада қазақ тілін меңгеру субъектілеріне тәрбиеленушілер мен ата-аналар жатады.

Балабақшада қазақ тілін меңгертуде отбасы тілі орыс тілі болып саналатын әр түрлі ұлттардың балаларын және/немесе қазақ отбасыларының балаларын мемлекеттік тілді екінші тіл ретінде оқыту әдістерін басшылыққа ала отырып, тілдік сананы қалыптастыруымыз қажет. Жалпы алғанда, тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастыру күрделі процесс болып табылады. Дегенмен, ерте жастан тілді үйрету басқа кезеңдерге қарағанда әлдеқайда тиімді.

Балалар әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдыларын өзімен шамалас балалармен қарым-қатынас кезінде алатындығын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдар, атап айтсақ, балабақша балалардың алғашқы тілдік дайындығына, өз елінің мемлекеттік тілін меңгеру мен ұлттық мәдениетін білуіне үлкен мән беруі тиіс. Осы ретте балабақшалар тілді меңгертуде маңызды рөл атқаратынын баса айтуымыз қажет. Қазақ тілін ерте жастан оқыту баланың зияткерлік қабілетін дамытуда ғана емес, сонымен қатар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеуге мол мүмкіндік береді. Яғни мемлекеттіліктің іргетасы балабақшадан бастап қаланатынын әркім, әсіресе, балабақша меңгерушілері, тәрбиешілер мен педагогтер білгені жөн.

Балабақшада балаларды мемлекеттік тілде сөйлеуге үйретуде тәрбиеші, тәрбиеленуші және ата-ана ынтымақтастығы болуы тиіс. Тәрбиеші ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, тәрбиеленушінің белгілі бір тілде сөйлеп кетуіне ықпал жасайды. Ең алдымен, ата-ана баласының мемлекеттік тілді меңгеруін қалауы (қажет етуі) және сол үшін барлық жағдайды туғызуы аса маңызды. Ол үшін тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білетін, түрлі шығармашылық тапсырмалар мен дамытушы ойындарды қолдана алатын жоғары білікті педагогикалық кадрлардың болуы тәрбиеленушілердің мемлекеттік тілді меңгеруінің негізгі факторы болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тілдік дамуы негізінің маңызды шарты ата-аналармен тығыз қарым-қатынас болып табылады. Өйткені, отбасы – қоғамның ұйытқысы, ұлттық дәстүрлердің сақтаушысы. Сол себепті тәрбиеші ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, баланың болашағы үшін мемлекеттік тілді меңгеруінің маңыздылығын түсінуіне түрткі болуы шарт.

Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі балалардың қазақ тілін толық меңгеруінің қажетті шарты болып табылады, өйткені мұғалімдер мен ата-аналар келісілген әрекеттері арқылы ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Педагогтің/тәрбиешінің тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекеттесулерінің басым формалары:

1) ата-аналардың отбасында қазақ тілін үйренуге деген қарым-қатынасын анықтайтын сауалнама – ата-аналардың сұраныстарын зерттеу, жұмысты жоспарлау;

2) тілді үйрену бойынша ата-аналарға педагогикалық кеңес беру;

3) тілді үйрету бойынша тақырыптарды реттеу, лексикалық минимумдар әзірлеу және олармен отбасыларды қамтамасыз ету;

4) «Қазақ тілін үйренеміз» бұрышын жасау;

5) ата-аналарға арналған жадынамалар, буклеттер, ақпараттық стендтер әзірлеу;

6) ата-аналармен жиналыстар, кеңестер, түсіндірме жұмыстарын, әңгімелесулер өткізу.

Педагог пен тәрбиеші тәрбиеленушінің отбасында қазақ тілін үйренуіне ерекше ықпал етуші тұлғалар. Себебі тәрбиеленушілер қазақ тілін тек балабақшада ғана емес, отбасында да үйренуі тиіс. Сонда ғана баланың тіл үйренуі нәтижелі болмақ. Осы ретте педагог пен тәрбиеші ата-аналарға бағыт беруші, сүйемелдеуші материалдарды беруші болып табылады.

Тәрбиеші (педагог) ата-аналармен тренинг, конкурстар және т.б. жұмыс түрлерін жүргізе отырып, мемлекеттік тілді насихаттауды жүзеге асыруға ат салысуы тиіс.

Ата-ана түрлі ойындар, шаралар ұйымдастыру арқылы баланы отбасында қазақ тілінде сөйлесуге дағдыландырады. Тәрбиеші мен ата-ана біріге отырып, кітап бұрышын құру да аса маңызды. Атап айтсақ, әр ата-ана қазақ тілінде жазылған ертегілер әкеліп кітап бұрышына қояды, тәрбиеші балалардың қызығушылығын туғызу жұмысын жүрізеді (бұл ретте ертегінің басын қызықты етіп айтуы немесе иллюстрациясы арқылы қызығушылықтарын тудыруы маңызды), тәрбиеленушілер өздеріне ұнаған кітапты үйге (оқуға) алады. Екі-үш күннен соң тәрбиеші әркімнің кітапты үйде оқығанын тексереді. Осыдан кейін балалар өзара кітаппен алмасады. Осылайша, келесі айға басқа кітаптар әкелу тапсырылады. Сондай-ақ, ата-аналардың көмегімен Қуыршақ театрын ұйымдастыру да аса маңызды. Қуыршақ театры арқылы баланың тілі жетілдіріледі, эмоционалдық көңіл-күй орнығады, баланың балабақшаға деген қызығушылығы артады.

Ата-аналардың қатысуымен сабақтар өткізу:

- Ата-аналар мен балалардың бірлесіп орындауы үшін үй тапсырмалары;

- «Ұлттық бастаулар» (аға буын өкілдерімен, шығармашылық ата-аналармен) атты қызықты кездесулер;

- бірлескен театрландырылған қойылымдар (драматизация ойындары).

Қазақ тілі балабақшадағы басты тіл болуы тиіс. Педагог/тәрбиеші – ата-аналар мен тәрбиеленушілерге қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы мәліметтер беру көзі болып табылады.

Педагог/тәрбиеші ата-аналар мен тәрбиеленушілерді ұлттық мерекелермен, әдет-ғұрыптармен, ұлттық киімдермен, тағамдармен және халықтық әдеби ертегілердің кейіпкерлерімен таныстырады. Тәрбиеленушілерге тілді ойын арқылы меңгертеді (рөлдік ойын). Тәрбиеші (педагог) ата-аналармен тренинг, конкурстар және т.б. шаралар (жұмыс түрлерін) жүргізеді. Кітап бұрышы, Қуыршақ театры ұйымдастырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі, күнделікті тәжірибе және ойын түрінде өзара әрекеттесу – балаларды мемлекеттік тілге оқыту жолдары. Ойын – жетекші қызмет атқара отырып, балаларды дамытудың негізгі құралы болып табылады.

Тәрбиеленуші қазақ тілінде сөйлесуге сабақта ғана үйреніп қоймайды, сабақтан тыс уақытта да (түрлі шаралар арқылы), ойын кезінде, тіпті үйде де сөйлеуге талпынатын болады. Сондай-ақ, бала қазақ тілін балабақшада өлең жаттау, ертегілер оқу арқылы үйренеді. Сонымен қатар балабақшада қазақ тілін рөлдік ойын арқылы үйрету де аса маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай, Қуыршақ театры үшін театрланған көрініс ұйымдастыру арқылы қазақ тілін үйрету тиімді тәсілдердің бірі болып есептеледі.

Шығармашылық зертхана:

- «Бірге ән айтамыз» – ата-аналар мен балалардың бірлесіп ән айту конкурстары;

- «Отбасым – мақтанышым» – ұлттық спорттық ойындар конкурсы (конкурс толықтай қазақ тілінде жүргізілуі қажет және соңынан оқушылар өз әсерлерін қазақша айтулары керек);

- «Қолөнер ғажаптары» – ата-аналар мен балалардың бірлесіп жасаған шығармашылық жұмыстардың (апликация, қуыршақ театры персонаждары) көрмесі (әр ата-ана мен бала өз жұмыстарына қазақша сипаттама беруі тиіс);

- «Бірге сурет саламыз» – ата-аналар мен балалардың бірлесіп салған суреттерінің көрмесі (әр ата-ана мен бала өз жұмыстарына қазақша сипаттама беруі керек);

- Наурыз мейрамы, балалар мерекелері, туған күн кештеріне дайындық (қазақ тілінде өлең жаттау, ән айту);

- Қазақша Қуыршақ театрына, Ұлттық (басқа да) мұражайларға бару (мұражайдағы гид бәрін қазақша түсіндіруі маңызды).

Балабақшада қазақ тілін меңгерту бойынша күтілетін нәтижелер:

1. Тәрбиеленушілер қазақ тілінде күнделікті өмірде жиі қолданылатын қарапайым сөздерді (зат, қимыл, сын атауларын) үйренеді.

2. Тәрбиеленушілер қазақ тілінде қарапайым сөйлеу этикетін (сәлемдесу, қоштасу, рақмет айту) білетін болады.
3. Тәрбиеленушілер тағам, киім атауларымен таныс болады.
4. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілдің нормалары мен ережелеріне сай дұрыс сөйлеуге үйренеді, сөздік қорлары байытылады.
5. Тәрбиеленушілер қазақ тіліндегі сөз формаларын дұрыс қолданатын болады.
6. Өзара логикалық байланысты жеке мағыналы сөздерді дұрыс айтатын болады.
7. Тәрбиеленушілер қазақ тілінде өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді.
8. Қазақ тілінде жазылған ертегілерді оқуға қызығушылықтары қалыптасады.
9. Театрландырылған қойылымдарға қатысу арқылы сөйлеу мәдениеті қалыптасады.
10. Өлеңдер жаттау арқылы қазақ тіліндегі сөздерді естерінде сақтайды.

3-МОДЕЛЬ: ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Мектеп – жас ұрпаққа білім мен тәрбие бере отырып, тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын білім ордасы. Жалпы орта білім беретін мектепте білім беру үрдісінде оқушының жеке бас, тілдік, логикалық және тағы басқа ерекшеліктері, оқуға деген ынтасы, талабы, мүмкіндігі мен қызығушылығы толық ескерілуі қажет. Жалпы орта білім беретін мектептерде білім беру үрдісінде қазақ тілі қазақ сыныптарында Т1 ретінде, ал орыс сыныптарында Т2 ретінде оқытылады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде білім беру үш саты (бастауыш, негізгі орта және жоғары сынып) бойынша жүргізілетіндіктен, оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі бастауыш сыныпта пән ретінде 1-сыныптан бастап оқытылады, сыныптағы оқушылардың тілдік білім деңгейі бірінші сабақта анықталады. Ол үшін нөлдік қиылым алынады. Нөлдік қиылым сол сыныпқа жаңадан келген оқушылардың және оқушылардың оқу жылы бойына алған тілдік дағдыларын білу мақсатымен әр сыныптан оқу жылының басында алынады. Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша білім, білік және тілдік дағдыларды қалыптастыру негіздері бастауыш сыныптан бастау алады. Ең алдымен, оқушы «Қазақ тілі» пәнін не үшін оқитынын түсінуі қажет. Оны түсіндіруде оқушы қызығушылығын, уәжін тудыру аса маңызды (болашақта қазақ қоғамында қазақ тілінің мәртебесі биік болатынына көз жеткізу, қазақ тілінің қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатынын түсіндіру, тілді оқу қажеттілігіне сенімін арттыру). Соның негізінде оқушылардың қазақ тіліне деген оң көзқарасын қалыптастыру.

Мектепте қазақ тілін меңгерудің мақсаты: мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту үдерісін жетілдіре отырып, заман талабына сай көптілді меңгерген тұлғаны қалыптастыруда кез келген мәселені қазақ тілінде ойлап,

қазақ тілінде өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға даярлау. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектеп оқушыларының қазақ тілінде білім алу деңгейлерін арттыру.

Мектепте қазақ тілін оқытудың мақсаты: қазақ тілінің негізін қалау, тіл үйренуге жағдай туғызу, инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, қазақ тілінде білім берудің сапасын арттыру, тілдік орта, яғни қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру, қазақ тілін үйренуді қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарға жету үшін **төмендегідей міндеттерді** шешу маңызды:

- мектепте қазақ тілін меңгеруге жағдай жасалуына ықпал ету мақсатында білім беру басқармалары басшыларын іске тарту;
- мектеп директорларымен бекітілетін қазақ тілін дамыту бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар құру;
- әр тілдік деңгей бойынша тілді меңгеруге қойылатын критерийлер//дескрипторлар көрсетілген тілдік білім өлшеуіштерін әзірлеу;
- қазақ тілін оқытуға сүйемелдеу жасау мақсатында қажетті оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу және ұсыну;
- педагогтер мен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнату;
- қазақ тілінің қолданысын дамыту және оқушыға тілді меңгеруге жағдай туғызу мақсатымен қазақ тілін отбасында қолдану үшін «Қазақ тілі отбасымен» оқу құралын және қосымша оқу материалдарын әзірлеу;
- отбасымен қазақ тілін үйрену үшін жүйелі тапсырмалар легін әзірлеу;
- отбасында қазақ тілін меңгеруге арналған тапсырмалардың жүйелі түрде берілуін және орындалуын педагогтердің қадағалауы;
- тілді меңгеру бойынша оқу жылының соңында қорытынды шығару;
- оқушыларды ынталандыру мақсатында қазақ тілін меңгерудегі жетістіктеріне қарай олардың ата-аналарын және өздерін марапаттау.

Мектепте қазақ тілін меңгерту//меңгеру, дамыту субъектілері: білім беру ұйымдарының (басқарма, бөлім) басшылары, мектеп әкімшілігінің өкілдері (директор, директордың орынбасарлары), педагогтер, оқушылар және ата-аналар.

Мектеп әкімшілігі барлық құжаттардың қазақ тілінде жүргізілуін қатаң қадағалауы және жылдық жоспарда мемлекеттік тілді дамыту бойынша жасалатын жұмыстарды жоспарлауы қажет. Сонымен қатар жоспарға сай жиналыстардың қазақ тілінде өткізілуін, шаралардың қазақ тілінде жүргізілуін, сондай-ақ, сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта үзіліс арасында мектепте оқушылардың қазақ тілінде сөйлеулерін қатаң қадағалауы тиіс. Қазақ тілін үйрену және оқушыларға үйрету, осы бағытта ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша мұғалімдермен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруы керек. Сәйкесінше, педагог ата-аналардың қазақ тілінде сөйлеуі бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатымен ата-аналармен өткізілетін жиналыстарды біріндеп қазақша өткізуге көшуі және ата-аналармен жүргізілетін шараларды қазақша өткізуі қажет. Мемлекеттік тілді меңгеруге

байланысты конкурстар ұйымдастыру және оған оқушылармен қатар ата-аналардың қатысуын ойластыра келе ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспарын құрастыруы шарт. Сонымен қатар тілді оқыту бойынша еңбектер жазу және қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік нұсқаулық әзірленуі қажет. Осы ретте «Қазақ тілі отбасында» оқу құралын әзірлесе, ата-ана мен білім алушы үшін көп көмек болары сөзсіз.

Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ тілі моделін іштей үш кіші моделдерге бөліп қарастырған тиімді. Ол: бастауыш сыныпта қазақ тілін меңгерту, негізгі орта мектепте қазақ тілін меңгерту және жоғары сынып оқушыларының қазақ тілін қолдануы.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін меңгерту

Бастауыш сыныпта қазақ тілін меңгертуге мектеп басшылығы мен педагогтер үлкен мән беруі қажет. Себебі «Алтыңда үйренген тіл алпысыңда ұмытылмайды» демекші, бастауышта қазақ тілінің іргетасы қалай қаланса, болашақта оның керегесі солай қаланып, тұғыры берік болмақ. Мектепте бастауыш сынып оқушыларының тілін қалыптастыруда ата-аналармен жұмыс жүргізу аса маңызды. Ол үшін педагог ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі балалардың қазақ тілін толық меңгеруінің қажетті шарты болып табылады. Мұғалімдер мен ата-аналар келісілген әрекеттер арқылы ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. Педагог ата-аналарға қазақ тілін үйрену бойынша бағыт беруші, сүйемелдеуші материалдарды әзірлеуші болып табылады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін меңгерту бойынша жүргізілетін шаралар:

- 1) ұлттық мерекелермен, қазақтың әдет-ғұрыптарымен, ұлттық киімдерімен, тағамдарымен және қазақ халық ертегілері кейіпкерлерімен таныстыру;
- 2) қазақ тілі сабағын қызықты өткізу; ойын, рөлдік ойын ұйымдастыру;
- 3) сахналық қойылымдар ұйымдастыру;
- 4) түрлі конкурстар мен шаралар ұйымдастыру;
- 5) «Ертегілер әлеміне саяхат» жасау;
- 6) Қазақ тілінде мультфильмдер көру.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін меңгертуден күтілетін нәтижелер:

1. Қазақша сөйлесудің іргетасы қаланады, оқушылар күнделікті өмірде жиі қолданылатын тілдік бірліктерді дұрыс айтуға, қарапайым (жай) сөйлемдерді дұрыс құруға, ойын қазақ тілінде жеткізуге үйренеді.
2. Бастауыш сыныпта оқушылар өзара және үйде қазақ тілінде сөйлесуге біртіндеп үйренеді.
3. Отбасында қазақ тілінде жазылған баланың жас ерекшеліктеріне сай қызықты шағын мазмұнды мәтіндерден бастап көлемін біртіндеп ұлғайта отырып әңгімелер мен ертегілер оқиды.
4. Қазақ тілінде ұйымдастырылған отбасылық ойындарға қатысады.
5. Отбасында қазақ тілінде шағын көлемді өлеңдер жаттайтын болады.

6. Қазақ тіліндегі телебағдарламаларды көріп, сабақтан тыс шараларда (білім алушылар үшін арнайы ұйымдастырылады) мазмұндауға үйренеді.

7. Қазақ тілінде мультфильмдер мен балаларға арналған көркем фильмдер көріп, оны «Қазақ фильмдері» апталығында отбасымен талдауға дағдыланады.

Негізгі орта сыныпта бастауыш сыныпта үйренген тілдік бірліктерді (қазақ тіліндегі) одан әрі меңгере бастайды. Себебі негізгі орта сыныптар бастауыш сыныпта алған білімдерін жетілдіру, жалғастыру базасы. Орта мектепте қазақ тілі арнайы пән ретінде жүргізіледі және оны қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі беретін болады (қазіргі уақытта кейбір мектептерде тәжірибеленуде). Негізгі орта сынып оқушылары бейімделу кезеңінен өтушілер. Бастауыш сыныптан өтпелі кезеңге өтуші оқушыларға мұғалім психологиялық қолдау көрсету, бейімделуіне, өзін-өзі басқаруына көңіл бөлу аса маңызды. «Қазақ тілін» пән ретінде оқытқанда тілді меңгеру деңгейі, ақыл-ойы дамуы мен тәрбиеленудің арасындағы ұштастық болуын ескеру қажет.

Негізгі орта және жоғары сыныптарда қазақ тілін меңгерту бойынша жүргізілетін шаралар:

- 1) бастауыш сыныпта үйренгендерін жетілдіру;
- 2) сөздік қорларын ұлғайту;
- 3) сөйлеу әрекетінің төрт/бес дағдысын дамыту;
- 4) қазақ тілі сабағын инновациялық технологиялар, ойын, рөлдік ойын арқылы ұйымдастыру;
- 5) тренингтер ұйымдастыру;
- 6) түрлі конкурстар мен шаралар ұйымдастыру;
- 7) «Қазақ киносына саяхат» жасау (қазақша фильмдер көру және талдау);
- 8) «Кітаптар әлеміне саяхат» жасау (қазақша кітаптар оқу және талдау);
- 9) пәндік олимпиадалар өткізу;
- 10) ғылыми жобалар жазу және т.б..

Негізгі орта және жоғары сыныптарда қазақ тілін меңгеруден күтілетін нәтижелер:

1. Қазақша еркін сөйлеуге дағдыланады.
2. Қазақ тілінде көркем шығармаларды жүгірте отырып оқиды және мағынасын түсінеді, әңгімелеп бере алады.
3. Отбасында қазақ тілінде сөйлесу шараларын ұйымдастырады.
4. Ата-анасын (егер тілді жетік білмесе) қазақ тілінде сөйлеуге үйретеді.
5. Шағын көлемнен бастап, тілді үйрену деңгейіне қарай біртіндеп ұлғайта отырып өлеңдер жаттайды.
6. Қазақ тіліндегі телебағдарламаларды көріп, сабақтан тыс шарада (арнайы ұйымдастырылады) мазмұндайды, сыни көзқарас танытады.

7. Қазақ тілінде деректі фильмдер мен көркем фильмдер көріп, оны «Қазақ фильмдері» апталығында сыныппен талқылайды.
8. Қазақ тілі кешіне, поэзия кешіне, мәнерлеп оқу сайысына және тағы басқа шараларға қатысады.
9. Этносаралық қатынастар мәдениеті қалыптасады.
10. Оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді.
11. Түсінбегенін, білмегенін сұрай алатын болады.
12. Зерттеу дағдысы қалыптасады.

Қазақ тілін меңгертуде қазақ тілі сабағынан тыс ол топтардың әрқайсымен жүргізілетін жұмыс түрлері бар. Алайда барлық топқа ортақ төмендегідей шаралар ұйымдастыру маңызды. 1) Жүйелі түрдегі Тілдер апталығын ұйымдастыру (Тілдер апталығы әр айда, яғни оқу жылы бойы өткізілгенде ғана тиімді болмақ). 2) «Мемлекеттік тіл» конкурстарына білім алушыларды даярлау және мектепте сондай конкурстарды ұйымдастыру. 3) Оқушылармен әңгімелесулер өткізу («Қазақ тілінде қонақта», «Қазақшаң қалай?», «Қазақ тілінде сөйлесеміз»). 4) Қазақ тілінде түсірілген фильмдерді көру, талқылау. 5) Қазақша кітаптар оқу және оларды талдау. Бұл шаралар оқушылардың әрі тілін дамытады, әрі өнерге, кітап оқуға бауланады, сын тұрғысынан ойлай отырып, сыни көзқарастары қалыптасады. 6) Тілді үйренудегі маңызды шаралардың бірі – Тілдік жобалар конкурсын ұйымдастыру. Бұл оқушылардың уақытын тиімді пайдалануына және ғылымға беталуына негіз болатын шара болып табылады.

Қорыта келгенде, мектепте оқушыларды қазақ тілінде сөйлесуге тарта отырып, біз мынандай мәселелердің басын шешеміз: *Біріншіден*, оқушының білім сапасын арттыруға мүмкіндік туғызу. *Екіншіден*, қазақ тіліне деген оң көзқарас қалыптастыру. *Үшіншіден*, оқушылардың қазақ тілінде сөйлесе аламын деген сенімін арттыру. *Төртіншіден*, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. *Бесіншіден*, когнитивті-коммуникативтік құзыретін қалыптастыру//арттыру. *Алтыншыдан*, мемлекеттік тілдің тиісті деңгейге көтерілуіне жағдай жасау. *Жетіншіден*, оқушылардың білім алу тілін таңдау еркіндігін қамтамасыз ету; *Сегізіншіден*, заман талабына сай көптілді меңгерген тұлғаны қалыптастыру. *Тоғызыншыдан*, кез келген мәселені қазақ тілінде ойлап, қазақ тілінде өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға даярлау.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://kaz.nur.kz/politics/1929876-toqaev-qazaqstanda-bir-gana-memlekettik-til-bar/>
2. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – Москва: «Академия» 2004. -336 с.
3. Миролубов А.А. Сознательно-сопоставительный метод обучения иностранным языкам. М., 1998.
4. **Алдабергенова М.** Мемлекеттік тіл: Тарих және тағылым// "Түркістан" газеті. 11.10.2018.
5. Хасанұлы Б. Развитие государственного и других языков — фактор демократизации Республики Казахстан / Б. Хасанұлы // Вестн. Павлодарского гос. ун-та. Сер. Социологические науки. № 1. - С. 166-176.

6. Жумашев Р.М., Досова Б.А., Жуманова А.З., Ныгыметулы Д. Современная языковая политика в Республике Казахстан. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. - 148 с.
7. Абдығалиев Б. Языковая политика в Казахстане: состояние и перспективы// «Казахская миссия» сборник статей. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - С. 237–244.

ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ЕКІНШІ ТІЛДІ ҮЙРЕТУДІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Салқынбай Анар Бекмырзақызы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы

Аңдатпа. Бұл мақалада автор қазақ тілін шетелдіктерге екінші тіл ретінде үйретуде екінші тілді меңгертудегі америкалық, еуропалық және түркітанудағы белгілі ғылыми-әдістемелік еңбектерді басшылыққа алуды, тіл үйренушінің сөздік қорын толықтыруды ұсынады. Тілді үйренушілерге базалық деңгейде сөздік қорды дамытуда аударма арқылы және тіл арқылы үйретудің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді. Тіл үйренушінің тілдік белсенділігін арттыру жолдары мен әдістерін көрсетеді.

Аннотация. В данной статье автор предлагает руководствоваться известными американскими, европейскими и тюркскими научно-методическими работами по изучению языка, в частности казахского языка как второго языка. И прежде всего работать над пополнением словарного запаса обучающего. Демонстрирует преимущества и недостатки в развитии словарного запаса на базовом уровне обучения языка посредством перевода и языка которого он изучает, а также указывает на способы и методы повышения языковой активности обучающего.

Abstract. In this article, the author suggests to be guided by well-known American, European and Turkic scientific and methodological works on the study of the language, in particular the Kazakh language as a second language. And first of all, work on replenishing the vocabulary of the teacher. Demonstrates the advantages and disadvantages in the development of vocabulary at the basic level of language learning through translation and the language of which he is learning, and also indicates ways and methods of increasing the language activity of the teacher.

Екінші тілді меңгертудегі америкалық, еуропалық және түркітанудағы белгілі ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделеу, талдау нәтижесінде алынған ғылыми мәліметтер қазақ тілін шетелдіктерге екінші тіл ретінде үйретудің деңгейлерін оқытуда өзіндік маңызға ие. Қазіргі дамыған шетелдік ғылыми әдебиеттерде тілдік әрекет, тілдік қарым-қатынас орындалу үшін, ең алдымен үйренушінің сөздік қоры болуы тиіс деген пікір дамытылуда. Үйренушінің сөздік қоры болмаса, ол тілдік әрекеттерді өз деңгейінде орындай алмайтыны белгілі. Сондықтан, сөздік қор студенттің тілдесу әрекетінде маңызды рөл атқарады. Еуропалық және америкалық тілді оқытудың әдістеме теориясында сөздік қорды дамытуға және оны кеңейтуге ерекше мән беріледі. Шетелдіктерге екінші тіл ретінде қазақ тілін әр деңгейде үйрету үшін сөздік қорында қанша сөз болуы керек деген сауалға ғылыми жауап ізделеді. Жаңа сөзді күнделікті қолдану оның белсенді лексикалық қорын дамытуды қамтамасыз етеді.

Ғылыми әдебиеттерде сөздік қорды меңгертудің екі түрлі бағыты анықталған: бірі – аударма арқылы, екіншісі үйренетін тіл арқылы беру. Аталған

бағыттың екеуі де тиімді саналады. Жаңа сөздерді аударма арқылы беру студенттің үйренетін тілінде ойлауына кедергі келтіреді, ал үйренетін тіл арқылы жаңа сөздерді тану – тіл арқылы берілетін менталитетті сіңіруіне мол мүмкіндіктер туғызады. Тілді үйренушілерге базалық деңгейде сөздік қорды дамытуда аударма арқылы және тіл арқылы үйретудің артықшылықтары мен кемшіліктерін шартты түрде төмендегідей үлгісін беруге болады:

	артықшылықтары	кемшіліктері
аударма арқылы беру	студентке түсінікті; уақытты үнемдейді; сөз тез жатталады.	сөздің лексикалық мағынасын түсінбейді; сөз жаттанды түрде қалады; үйренетін тілінде ойлау төмендейді;
үйренуші тіл арқылы үйрету	сөздің лексикалық мағынасы түсінікті; сөз ұзақ уақыт есінде қалады; үйренуші тілде ойлау қабілеті артады; сөзді жағдаятпен байланыстыра алады.	түсінуі қиын; уақыт ұзақ кетеді; жаттығу қажет етіледі .

1-кесте - Тілді үйренушілерге базалық деңгейде сөздік қорды дамыту

Осы мәселелерді ескере отырып, базалық деңгейде тілдесімді көбірек қамту және сөздің лексикалық мағынасының түсінікті болуына, ойлау қабілетін жетілдіруге, ең бастысы, қазақша ақпараттардың қолжетімді болуына ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі үйренушіге тілді үйрету барысында берілетін ақпарат нені бергенімен емес, нені студенттің қалайтынымен өлшенеді деген ғылыми тоқтамға келеміз, ғылыми әдістеменің негізін осы концепция негізінде өрбітеміз. Оқытушы пайдаланатын оқу құралы тек бағыт беруші, жол сілтеушілік рөл атқаратынын ескере отырып, ондағы әрбір жаттығу мен орындалатын практикалық мағлұматтардың барынша сапалы, ақпараттық мәні терең болуына ерекше көңіл аударамыз. Базалық деңгейді оқыту үрдісінде әрбір студенттің шығармашылық еркіндігі, ой еркіндігі, тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолдану қажет.

Америка Құрама Штаттарының көптеген тілдік курстарында қазіргі таңда аудио-тілдік әдіс арқылы оқыту кезінде студенттер тілді аралық тілдің көмегінсіз үйрене аталған әдіс қазіргі кезде де қолданылуда. Оқыту барысында қандай да бір грамматикалық құрылымдар берілмейді, оқыту тек дайын сөзтұлғаларды, сөз тіркестерін, сөйлеу үдерісінде аса қажет саналатын жай сөйлемдерді есте сақтау арқылы жүзеге асады. Оқытушы дұрыс моделдер немесе сөйлемдер ұсынады, ал тіл үйренуші берілген материалды есте сақтап алуы қажет те, автоматты түрде қолданылуы қажет саналады. Осындай әдістермен оқыту АҚШ-та лингофондық оқыту жүйесінде қолданысқа ие.

Ұлыбритания әдіскерлері ұсынған тілдік жағдаяттық сұхбаттар әдісі де қазіргі тілді оқыту әдістемесінде мол қолданысқа ие. Мұндағы басты қағида – коммуникацияда жиі және белсенді қолданысқа ие сөз бірліктерін сөйлем арқылы есте сақтау болып есептеледі. Бұл әдісте тек оқу дағдысы ғана

қалыптасып қоймайды, бастысы, лебізде күнделікті қажетке жарайтын сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Бұлайша оқыту мынадай сатылардан тұрады:

- білім арқылы ақпарат алу;
- алған білімді қайталау арқылы есте сақтау;
- үйренген сөздер мен сөз тіркестерін күнделікті тәжірибеде қолдану;

Қазақ тілін шетелдіктерге үйрету үшін бұл әдісті пайдалану көп жетістіктерге қол жеткізеді. Көрсетілген әдіс бойынша, тілді үйрету барысында басты басымдық сөйлесімге беріледі. Бұл оқу құралдарында диалогтар, монологтар арқылы өз ойын жеткізуге көп орын беру қажеттігін көрсетеді.

Еуропа елдерінде екінші тіл ретінде тілдерді оқыту әдістемесінде ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап тілді коммуникативтік бағытта оқыту әдісі (Communicative Language Teaching (CLT) белсенді қолдануда [Theodore S. Rodgers, Professor Emeritus, University of Hawaii. Language Teaching Methodology September 2001; Richards, J., & Rodgers, T. (2001). Approaches and methods in language Teaching (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press. Gardner, H. Frames of mind. New York: Basic Books. 1983. Rogers Carl. On becoming a person; 1994;].

Ресейде де осы әдіс белсенді қолданыс тапқан.

Қазақстан жағдайында коммуникативтік бағытта тілді оқыту әдістемесі енді қолға алына бастағанын атап көрсету орынды болмақ. Бүгінгі таңда қалыптасқан формальды тіл білімінен қазақ тіл ғылымы енді-енді ғана шыға бастады, оқу үдерісінде әлі де сақталып отырған бұл үрдіс қазіргі үштілділік жағдайында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда кедергі жасап отырғанын ерекше атап өту орынды. Мұндай оқытудың басты кемшілігі үйренуші грамматикалық формаларды жаттап, оларды ҚАЗТЕСТ жүйесінде табуға әбден дағдыланған, алайда коммуникативтік ыңғайда сөйлеуге келгенде әлсіздік танытады. Осы ретте, оқытудың коммуникативтік бағытына көшу қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретуде жақсы әдістердің бірі саналады. Таза оқытумен айналысып жүрген практик мамандар осы әдіспен оқыту барысында жақсы жетістіктерге жетіп жүргенін де айту қажет. Біздің басты мақсатымыздың бірі – екінші тілді базалық деңгейде үйретудің әдістемесінде коммуникативтік бағыттың маңыздылығын атап көрсету және ғылыми-теориялық бағытта негіздеу болмақ.

Тілді коммуникативтік бағытта оқытудың әлемдік әдістеме ғылымында қалыптасқан бірнеше қағидалары бар:

- тілді ауызекі сөйлеуде қолдану үшін үйрету;
- тілді еркін, жетік меңгерту мақсаты;
- тілді кәсіби тұрғыда меңгерту мақсаты;
- түрлі тілдік құрылымдарды үйрету мақсаты;
- аудентикалық және қарым-қатынас жасау маңыздылығы.

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік

білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие. Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбие үрдісінде білім алушының жеке тілдік тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек.

Қазіргі таңда тілді үйрету ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқу құралдарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіріп, коммуникативтік құзыреттілікті арттыруды көздейді. Инновация дегеніміздің өзі жүйедегі ішкі өзгерістер, ал оқыту жүйесіндегі өзгерістер – жаңашылдық, оқыту жүйесін жаңаша бағытта жетілдіре түсу. Оқытуды жетілдіру қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге кәсіби шеберлікті қажет ететін, үнемі даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс.

Америка Құрама Штаттары әдіскерлері ұсынған тілді екінші тіл ретінде оқытудың «Үндемеу әдісі» («Silent Way»), Суггестопедия («Suggestopedia») әдістемесі де қолданысқа ыңғайлы және кез келген тілді екінші тіл ретінде үйретуде маңызды саналады. «Үндемеуәдісін» ғылымиайналымғаенгізген - КалебГатен [IOSR Journal Of Humanities And Social Science (IOSR-JHSS) Volume 19, Issue 8, Ver. IV (Aug. 2014), PP 62-65 e-ISSN: 2279-0837, p-ISSN: 2279-0845. www.iosrjournals.org/ Innovative Methods of Teaching English Language. Mr. G. Anburaj, G. Christopher, Ms. Ni Ming (English, SSL, VIT University, India), (13BCS0153, VIT University, India)] [1; 2: 4]. Ғылыми зерттеулерден аңғарғанымыздай, бұл әдіс батыста да жақсы тараған. Әдістің ерекшелігі – үйренушілердің жеке қабілетін, танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, үйретудің проблемалық әдісін мол пайдалану, үйренушінің өзіндік ізденімпаздығын тереңдету болып есептеледі. Үйретуші сабақ барысында жалпы уақыттың тек 10 пайызын ғана түсіндіру жұмысына алады да, қалған уақыттың тоқсан пайызы тіл үйренушінің сөйлеуіне, қабылдаған ақпараттарын қайталап, сіңіруіне, өз бетімен жұмыс жасап, әртүрлі диалогтарға, монологтарға, жазу жұмыстарын жүргізуіне бөлінеді. Қазіргі кредиттік технология жүйесінде қолданылып жүрген жеке тұлғаға бағыттай оқыту осы әдістеменің негізінде жасалғаны белгілі.

Қазақ тілін шетелдіктерге базалық деңгейде оқытуда да осы жеке тұлғаға бағыттай оқыту, үйренушінің тілдік белсенділігін арттыруға толық мүмкіндік береді.

«Қабылдау арқылы оқыту» әдістемесін енгізуде көп жылдар қызмет еткен ғалым Гарвард университетінің профессоры Howard Gardner. IOSR Journal of Humanities And Social Science (IOSR-JHSS) Volume 19, Issue 8, Ver. IV (Aug. 2014), PP 62-65. www.iosrjournals.org [3; 7]. Зерттеуші кез келген үйренушінің сана-сезіміне әсер ету қажеттілігіне көңіл бөледі. Кей тіл үйренуші «мен бұл тілді

үйрене алмаймын, бұл тіл мен үшін өте қиын тіл, менде тіл үйрену қабілеті жоқ, берілген сөздерді есіме сақтау қиын, менде есте сақтау қабілеті нашар, сөзді, сөйлемді дұрыс айтпай қалсам, маған күлуі мүмкін», - деген қорқыныш сезімі билейді де, үйренушінің тіл үйренуге деген құлшынысын төмендетеді. Сондықтан ең бірінші, адам санасындағы осы сезімді жойып, тіл үйренушінің тіл үйренуге деген құштарлығын арттыру керек деген идеяны ұстанады.

Аталған әдістемелік бағыттар бүгінгі таңда қазақ тілін оқыту әдістемесінде біршама қолданыла бастады. Ал шетелдіктерге қазақ тілін үйрету әдістемесін зерттеу, зерделеу енді ғана басталғандықтан, әлемдік деңгейде қабылданған жана инновациялық әдістемелерді терең зерделеу, зерттеу, оларды қазақ тілін оқыту әдістемесіне бағыттай, негіздей қолдану өзекті ғылыми мәселе саналады. Шетелдіктерге қазақ тілін оқыту әдістемесінде дәрістің ұтымдылығы, үйренушінің белсенділігі, креативтілігі маңызды болады да, берілетін тілдік материалдар ақпараттық негізділігімен, жүйелілігімен және сөйлеу тіліне негізделгендігімен ұтымды әрі өзекті саналады.

Қолымыз жеткен әлемдік әдістеме ғылымында қалыптасқан ойтұжырымдарды жүйелеу, қорытындылау нәтижесінде шетелдіктерге қазақ тілінің базалық деңгейін оқытуда басты ғылыми тұжырымдар жасалды. Дәрістің нәтижелігін, ұтымдылығын қамтамасыз ететін коммуникативтік, функционалдық бағытты негізге алуға, әдістеме теориясында жасалған қағидалар негізінде қазақ тілін оқытудың қажетті деңгейлерін үйретуде осы әдістемелерді негізге алуға толық болады деп есептейміз.

Тілді оқыту деңгейіне сәйкес үйренушінің тілдік компетенциясын жетілдіруде тұлғалық-бағдарлық бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу және оқу стратегиясын когнитивтік, функционалдық аспектіден саралау жүргізілуі тиіс. Екінші тілді оқытуға арналған жаңа әдістемелеріне сүйене отырып, қазақ тілін екінші тіл ретінде шетелдіктерге оқытудың теориясы мен тәжірибесін ұтымды пайдалана отырып, қазақ тіліндегі Қолданбалы тіл білімі саласын дамыту қажет.

Ағылшын тілді елдерде екінші тілді оқыту (*Second-language acquisition*) жеке пән ретінде қолданбалы тіл білімінде қарастырылатындықтан, осы бағытта жазылған ғылыми зерттеулер зерделенуі тиіс. Бұл саладағы зерттеу еңбектері өзінің ішкі табиғатынан пәнаралық болып келеді, өйткені тілді үйрету үйренушінің сұранысына, қажеттілігіне байланысты өрбиді де, оның кәсіби бағдары мен мақсатына сай орындалады. Әлемде екінші тілді үйренудің теориялық негізін қалаған еңбек ретінде Питер Кордердің, Ларри Селингердің т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері бар, ондағы басты концепциялар мен тұжырымдамалар қазақ тілі оқу құралының базалық деңгейін жазуға ішінара пайдаланыла алады.

Шетелдік оқырмандар мен үйренушілерге қазақша сөйлеудің өзіндік ерекшеліктерін, ішкі болмысын салыстыра-салғастыра отырып зерделеудің теориялық және практикалық өзектілігі мол. Қазақша және ағылшын тілінде сөйлеудің арасындағы жақындықты, яғни екі тілдегі субъект пен предикаттың лебіздегі маңызы, анықтауыштың анықталатын сөздің алдында келуі сияқты грамматикалық базалық ұғымдарды салғастыра зерделеу жүзеге асырылды.

Базалық деңгейіне қатысты тілдік деректерді талдау, жүйелеу барысында ағылшын және қазақ тілдеріндегі ортақ ұғымдардың таңбалануына мән беріледі. Сондықтан мәтін түзу мәселесінде көбінесе диалог пен монологқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс деп есептейміз.

Шетелдіктерге қазақ тілін үйретуде функционалдық-семантикалық бағыт негізгі болуы қажеттігі талданып, қазіргі жаһандану заманында ауызекі сөйлеу тілінің еркіндігі, нақтылығы, шешендігі маңызды саналатыны зерттеледі. Сөздің мағынасы мен мәніне ерекше назар аудару, сөйлемдерді дұрыс құрау мен олардың грамматикалық құрылымдарының жүйелі болуы базалық деңгейінде берілетін сабақтардың деңгейімен тікелей байланысты. Сондықтан сабақ деңгейлерінің жоғары болуы – замана талабы екеніне мән беріледі.

Оқытудың инновациялық ғылыми-әдістемелік жүйесін анықтаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол – дәстүрлі және инновациялық ғылыми-әдістемелік жүйені қолдану кезіндегі үйренушілердің стандартқа сыймайтын мәселелерді шешудегі креативті ойлау жүйесі мен жалпыкәсіби әрі мамандыққа құзыреттілігінің қалыптасуы. Бұл тұрғыда атқарылатын істер мол. Үйренушінің ойсанасының жетілуі мен дамуына әсер ететін маңызды фактордың бірі – ұлттық дүниетаным мен ұлттық болмыста қалыптасқан негізгі концептерді тереңдете әрі дамыта оқыту екені көрсетілді. Шетелдіктерге базалық деңгейінде қазақ халқының ұлттық болмысына қатысты шағын ақпараттарды мәтіндік деңгейде, жеке сөздердің мағынасы мен уәжін анықтау барысында жеткізу көзделеді.

Сөз қолданысындағы контекстік мағынаның берілуі арқылы шетелдік үйренушілердің ұлттық дәстүр мен тілдік бірліктерде сақталатын ұлттық сананы, ұлттық рухты түсініп, анықтай алуы, ондағы ойдың тереңдігі мен ішкі мәнін бағалауы, бағамдауы, түйсінуі лазым. Сөзге көп мағына тұндырып, ойлар тоғысын қарапайым, бірақ терең мағынада жеткізу кемел жанның ғана қолынан келмек. Ал оны түсіну мен түсіндіру үшін де үлкен білім мен біліктілік, құзыреттілік қажет екені даусыз шындық екені атап көрсетілді.

Шетелдік үйренушілерге арналған ақпараттардың тілге жеңіл болуына ерекше назар аударылады. Сондықтан атаулардың берілу жүйесі көбінесе дара атаулар болуына көңіл бөлінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Theodore S. Rodgers, Professor Emeritus, University of Hawaii. Language Teaching Methodology September 2001.
2. Richards, J., & Rodgers, T. Approaches and methods in language Teaching (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press. 2001.
3. Gardner, H. Frames of mind. New York: Basic Books. 1983.
4. Rogers Carl. On becoming a person; 1994.
5. Innovative Methods of Teaching English Language. IOSR Journal of Humanities and Social Science (IOSR-JHSS). Volume 19, Issue 8, Ver. IV (Aug. 2014), PP 62-65 e-ISSN: 2279-0837, p-ISSN: 2279-0845. www.iosrjournals.org/
6. Mr. G. Anburaj, G. Christopher, Ms. Ni Ming. English, SSL, VIT University, India, (13BCS0153, VIT University, India). 2004.
7. Howard Gardner. IOSR Journal Of Humanities And Social Science (IOSR-JHSS) Volume 19, Issue 8, Ver. IV (Aug. 2014), PP 62-65. www.iosrjournals.org

ӨЗГЕ ҰЛТ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЛЕКСИКАНЫ БЛОК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Садыкова Сауле Турсуновна

п.ғ.к., қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Абдошева Бибигуль Турсуновна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

№13 орта мектеп, Өскемен қ.

Аңдатпа. Мақалада оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі сабағында лексиканы блок тапсырмалар арқылы оқыту әдісі қарастырылған. Сөйлесім әрекетін жүзеге асыру барысында оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылымға қатысты тілдік және сөйлеу жаттығулары дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы бойынша блок тапсырмалары негізінде ұсынылған.

Аннотация. В статье рассмотрен метод обучения лексике на уроках казахского языка в школах иноязычной аудитории с помощью блок-заданий. Языковые и речевые упражнения по чтению, аудированию, письму, произношению в ходе осуществления разговорной деятельности представлены на основе блок-заданий по технологии укрупнения дидактических единиц.

Abstract. The article considers the method of teaching vocabulary in the lessons of the Kazakh language in schools with a foreign language audience using block tasks. Language and speech exercises in reading, listening, writing, pronunciation in the course of speaking activities are presented on the basis of block tasks using the technology of enlargement of didactic units.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту – әдістеме саласында өзекті мәселе. Себебі, қазақ тілін тек ауызекі тілде емес, сонымен қатар өндірісте кеңінен пайдаланған кезде ғана ол мемлекеттік тіл ретінде өз мәртебесіне сай жұмсалды деп есептеуге болады.

Тіл үйрету үрдісінде өзара байланысты ұғымдарды топтастыру – білімді жалпы шоғырландыруға негіз болады. Соның арқасында оқушылар оқу ақпаратын іріленген мазмұнда қабылдайды. Ол оқу материалын жүйелі түрде және бірізділікпен құруды қажет етеді. Оқушыларға тілді ДБІ (дидактикалық бірліктерді ірілендіру) технологиясы арқылы оқытуда лексикалық тақырыптар грамматикалық материалдармен тығыз байланыста жүйелі түрде ірі блоктарға бөлініп беріледі.

Блок бойынша тақырыптарды оқыту барысында сөйлесім әрекетін жүзеге асыратын: оқылым, тыңдалым жазылым, айтылым, тілдесім түрлері қатысымдық бағытта оқытуды қамтамасыз етеді [1].

Тілдік дағдылар мен сөйлесім әрекеті біліктерін дамытуды кешенді қалыптастыру – микромәтіндер, мәтіндер, яғни сөйлесу деңгейіндегі күрделі синтаксистік бірлікте іске асырылады. Сөйлесім әрекетінде тілдік фактілер, тілдік емес факторлар бір-бірімен тығыз байланыста астасып жатады. Тілді қарым-қатынас құралы есебінде оқыту – функциональды-коммуникативтік негізде өткізілуі тиіс. Яғни, тіл үйренушілердің айтайын дегенін ойша

құрастырып, үйрену деңгейінде, одан кейін шынайы нақты жағдайда сөйлей алуға бейімдеу болып табылады.

Лексиканы меңгертуде оқушылар сөйлесім әрекетінің барлық түрін – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым біліктерін кешенді меңгереді. Бұл ретте тілші ғалым Ф.Оразбаеваның пікірін келтіру орынды: «... Тұтастық принцип сөйлесім әрекетіне қатысты бірнеше жұмысты қатар қамтиды. Олар оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, қайталау, жауап беру. Бұл ұстанымның ерекшелігі: бір сабақтың үстінде осы жұмыстардың барлығын жүйелі түрде қолдана отырып, олардың арасынан ең басты біреуін тандап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білу», - деп түйіндейді [2].

Сөйлесімнің рецептік түрі – **оқылым**. Оқылым деген – берілген материалды түсініп оқу ғана емес, ондағы әрбір тілдік қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қатынаста шынайы кеңінен пайдалана білу. Әдістемелік әдебиеттерде оқылымның бірнеше түрі бар екендігі белгілі. Олар: танымдық, зерделік, ізденімдік, көрсетімдік. Лексиканы оқытуда оқылым әрекетіне қарасты төмендегідей тапсырмалар ұсынылады. Мысалы,

- іштей оқыңыз; мәтінді мәнерлеп оқыңыз;
- мәтіннен кәсіби терминдерді тауып оқыңыз. Оларды есте сақтаңыз немесе жаттаңыз;
- мәтіндегі негізгі ойды білдіріетін сөйлемдерді анықтаңыз;
- мәтіндегі кәсіби атауларды теріп оқыңыз, қайталаңыз және т.б.

Жазылым да айтылым сияқты сөйлесім әрекетінің аса маңызды бір түрі. Егер тіл үйренушінің айтылым дағдылары жақсы жетілдірілген болса, ол сөйлеушінің айтқан нәрсесінің мазмұнына ғана назар аударады да, жауабын автоматты түрде жеткізеді. Жазылымның өзіндік қиыншылықтары болады. Мысалы, ауызша айтатын ойды кейде толық емес сөйлемдермен жеткізуге болады. Мұнда адамның ымдап немесе бір-екі сөзбен қысқаша түсіндіруіне болады. Жазылымда адам айтайын деген өз ойын дұрыстап, жүйеге келтіріп, орфографиялық нормаға сай, анық жазуы керек. Сонда ғана екінші адам оның айтайын деген ойын дұрыс түсінеді. Сол себепті жазылымға күрделілігі жағынан түрлі деңгейдегі тапсырмалар берілгені дұрыс. Мысалы, диктант, конспектілеу, пікір, реферат жазу (яғни, оқу-жазу, тыңдау-жазу тапсырмалары).

Тыңдалым – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру барысындағы тілдік тұлғаларды тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу. Сөйлесім әрекетінің бұл түрі аса қиын және жауапты. Себебі, сөйлесім әрекетінің басқа түрлері сияқты тыңдалымның мотивациялық бөлігі - (мақсат), талдау-синтездеу (қабылдау, түсіну), одан соң жүзеге асыру (яғни, қабылдаған ақпаратын ой елегінен өткізіп, шешім қабылдау) жауап қайтару, сөйлеу. Тыңдалым әрекетін іске асыру барысында оқушылар үшін тыңдап үйренудің маңызы аса зор. Тыңдалым мәтініне қатысты ойды қабылдай отырып, әрі қарай не боларын тіл үйренуші өзі ойша болжап отыруы қажет. Егер ойы дұрыс келмесе, онда басқа жаңа нұсқаны алға шығаруы керек. Бұл жерде тіл үйренуші не нәрсеге сүйенуіне болады? Ең алдымен, қарым-қатынас жағдаятына, ондағы тілдік тұлғаларға, лексика-грамматикалық қолданыс қалыптарына мән беруі

керек. Мысалы, *бару* сөзін ести қалғанда, әрі қарай *институтқа* немесе *кітапханаға* сөзі туралы болатындығын алдын ала болжай білуі, сонымен қатар дауыс ырғағына, ишара-ым белгілеріне назар аудару қажеттігін ескерген жөн.

Тыңдалым дағдыларын қалыптастыруда жаттығудың екі: тілдік және коммуникативтік түрлерінің маңызы ерекше екендігін атап өткен дұрыс. Аталған жаттығулар тобы бір-бірімен тығыз байланысты және тыңдап-түсінуге оқыту кезінде оқыту әрекеттерінің біртұтас жүйесін құрайды. Тыңдап-түсінуге үйрету барысында сөйлесім қызметінің басқа түрлері айтылым және оқылыммен байланысты. Бұл байланыс өте маңызды болып саналады, сондықтан оны ескерген дұрыс.

Тыңдалымға қатысты материалдарды дұрыс таңдап алуға ерекше көңіл бөлу талап етіледі. Егер аудиомәтіннің мазмұны қиын және ішінде басым көпшілігі таныс емес сөздер болса, тіл үйренушілердің оқуына кері әсер етеді. Мәтін аса жеңіл болса, онда оқушылардың қызығушылығын туғызбайды, керісінше, сабаққа немқұрайды қарайды. Сондықтан да мәтінді таңдауда оның құрамындағы жаңа сөздер 2 % -дан аспауы керек деген пікір негізге алынуы шарт. Мәтінді таңдау тыңдалым дағдысын қалыптастыру жолында табысқа жетудің негізгі факторы болып табылады. Мәтін сапасындағы басты көрсеткіш – оның мазмұны, берілген ақпараттың сипаты, ең бастысы, мұндай мәтін тіл үйренуші үшін жаңа ақпаратты қамтуы әрі қызықты болуы тиіс.

Айтылымды алатын болса, сөйлесімнің басқа әрекеттері сияқты үш түрлі құрылымнан – уәждеме, анализ-синтез, айтудан тұрады. Аталған механизмдерді қалыптастыру үшін оқытудың мынадай үрдістері ұсынылады:

- екінші тілді үйренуде ішкі уәждеме қызметін қалыптастыру үшін сөйлесім әрекетін жүзеге асыруда сыртқы уәждеме әсері пайдаланылады;

- айтылымның аналитикалық-синтетикалық бөлігін қалыптастыру үшін күрделендірілген жаттығулар бірізділікпен ұсынылады. Себебі, сөздерді бір-бірімен байланыстырып айтқанда, адам ойын бірден сыртқа шығара алмайды. Ол сөздерді ойша іштей байланыстырған соң ғана, яғни синтезден кейін ауызша жеткізеді;

- айтылымды іске асыруды қалыптастыру үшін мақсатына қарай бірнеше жаттығулар ұсынылады. Олар сөздерді дұрыс айту дағдыларына қатысты, ойды бір сезіммен жеткізу, айтайын деген ойына өз көзқарасын білдіру, сонымен қатар қатысымдық міндеттерді іске асырудың жолдарын табу тәрізді (түсіндіру, талқылау, қолдау немесе керісінше, қарсы пікір білдіру) сияқты біліктерді жетілдіру болып табылады.

Тапсырмаларды блоктап ұсыну дегенде сөйлесім әрекетінің: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім түрлерінің барлығы дерлік қамтылады:

Оқылым

Тапсырма. А) Мәтіндегі іріленген грамматикалық бірліктерді теріп оқыңыз; есте сақтаңыз:

Зертхана

Химиялық лабораторияда ыдыстарды қабықтан жасалған тығынмен тығындайды. Мен сауытты сөреге қойдым. Егер тығын таза болмаса,

ерітіндінің қасиетін өзгертеді. Зертханада сақтық үшін арнайы киім кию керек. Химиялық зертханада өрт сөндіруге арналған құралдар бар.

Бұл жағдайда білім алушылар мәтінді оқу барысында кәсіби лексиканы меңгерумен қатар іріленген грамматикалық бірліктерді іздеп, тауып, олардың қайсысы қандай мағынада қолданғанын түсініп, ажыратады.

Тыңдалым

Тапсырма. Сөйлемдерді тыңдап, қайталаңыз. Бір-біріне ұқсас сөздер бар ма? Олар қандай мағынада жұмсалғанын түсіндіріңіз:

Күкірт қышқылы сөреде **тұр ма?**

Сен отқа жақын **тұрма.**

Зертханаға **біреу** келді.

Маған сілтінің **біреуі** ғана керек.

Бұл жағдай тіл үйренушілерге сөйлем ішіндегі біртектес лексикалық бірліктердің ұқсастығын қабылдауға мүмкіндік бере отырып, айырмашылығын байқатып, түрлі мәнде қолданғандығын аңғартады. Бірінші сөйлемде Сұраулық шылау мен етістіктің болымсыз түрі; Екінші сөйлемде белгісіздік есімдік пен жинақтақ сан есімнің бір мезгілде ұсынылуын талдайды, бұл өздігінен ой қорытындысын шығаруға түрткі болады.

Жазылым.

Тапсырма. Сөйлемдердегі қара сөздермен берілген бірліктерді ірілендіріп, сөйлем құрастырыңыз.

Жануарлар мен өсімдіктер табиғаттың тірі организмдері болып саналады. Бұрынғы кезде адамдар темірді қалай өндірген? Оқушы сабақта улы заттар туралы айтты.

Бұл тапсырма бойынша оқушылар ірілендіруге қатысты лексикалық бірліктерді теріп алып, олардың басқа мағынадағы қолданыстарын іздейді, іріленген бірліктерді сөйлем ішінде пайдалануға машықтанады.

Айтылым

Тапсырма. Көп нүктенің орнына барыс және жатыс септіктерінің қосымшаларын орнымен қолданып, сөз тіркестерін атаңыз:

үй..... енгіздім;

өндіріс..... істеймін;

кітапхана.... барамын;

кітапхана..... боламын;

ыдыс..... құяды;

ыдыс..... тұр;

сөмке..... сал;

сөмке..... бар;

тәжірибе..... қара;

тәжірибе..... көрсетілген.

Ұсынылған тапсырма аталған септіктерге ортақ **қайда?** сұрағының жалғауларын бір-бірімен шатыстырмай, дұрыс пайдалануға үйретеді.

Тілдесім.

Тапсырма. **Жақсы** лексикалық бірлігінің лексикалық мағынасын ескеріп, диалог құрыңыз:

- Нәйла, жасаған тәжірибең **жақсы** нәтиже берді ме?

- Иә, оттегімен жасаған тәжірибем дұрыс болып шықты.

- Ал Ермек қазақ тілінен тесті **жақсы** жазды ма?

- Білмедім, мен Ермекті көргенім жоқ.

Аталған тапсырма түрі оқушылардың лексикалық бірлікті қалай ірілендіру жолын іздестіріп, тауып, сөйлем құрауға үйренеді. Алған білімі қазақша дұрыс сөйлеуге мүмкіндік береді.

ДБІ технологиясына негізделген тапсырмалар жүйесінің кешенді түрде жүргізілуі – оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға, яғни тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым әрекеттеріне қатысты алған білік пен дағдыларын ұштауға мол себін тигізіп, монологтік және диалогтік сөйлеуін жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Блок тапсырмалар бойынша оқыту барысында сөйлесім әрекетін жүзеге асыратын: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым тіл үйретуде бір-бірімен тығыз байланыста бола тұрып, бірін-бірі толықтырып жатады. Сөйлесімнің әрекеттері бірізділікпен жүйелі түрде тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыруға арналған әр түрлі мақсатарды көздейді. Бірі – грамматикалық тұлғаларды меңгерту болса, екіншісі – лексикалық, үшіншісі – фонетикалық материалдарды меңгерту болып табылады. Блок тапсырмалар мазмұны мен мақсаты жағынан алуан түрлі. Блок тапсырмалардың белгілі бір тақырып төңірегіндегі тапсырмалар мен жаттығулардың саны неғұрлым көп болса, сол тақырыпты терең және сапалы меңгеруге мүмкіндігі мол болады. Бұның басты ерекшелігі белгілі бір лексикалық тақырып төңірегінде лексика-грамматикалық минимумдерді меңгерту. Осының барысында сөйлесім әрекеттерінің әрқайсысына (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім) байланысты лексика-грамматикалық тұлғалар бірнеше мәрте қайталай келе, оқушылардың жадына берік сіңіру болып табылады. Мұнда сөйлесім әрекеттері профессор Ф.Оразбаеваның еңбегіндегідей бірізділікпен орналасқан:

1. Оқылым; 2. Тыңдалым; 3. Жазылым; 4. Айтылым.

Аңдатпа. Қоғам ілгерілеген сайын ғылым мен техниканың барлық салаларында тың өзгерістер болатыны анық. Ол өзгерістер жаңартулар мен толықтыруларды, жұмыстың жаңа мазмұнын талап етеді. Осындай өзгеріс техниканың дамуына байланысты білім саласына да түбегейлі өзгерістерді әкелді. Соның бірі – функционалдық сауаттылық мәселесі. Оның ішінде оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыру қазіргі жаңартылған мазмұнды білім жүйесінің негізіне айналды. Жұмыстың өзектілігі – жаңартылған білім мазмұнындағы жазба жұмыстары арқылы оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтарын қалыптастыру тапсырмаларын жазудың тиімді жолдарын ұсынуында.

Аннотация. Очевидно, что по мере развития общества во всех областях науки и техники происходят новые изменения. Эти изменения требуют обновлений и дополнений, нового содержания работы. Такое изменение привело и к кардинальным изменениям в сфере образования в связи с развитием техники. Одна из них-проблема функциональной грамотности. В том числе формирование грамотности чтения и письма стало основой современной обновленной системы знаний. Актуальность работы заключается в предоставлении эффективных способов написания заданий по формированию читательской и письменной грамотности учащихся посредством письменных работ обновленного содержания образования.

Abstract. It is obvious that as society develops, new changes will occur in all fields of science and technology. These changes require updates and additions, new content of the work. This change has also led to drastic changes in the field of education in connection with the development of technology. One of them is the problem of functional literacy. In particular, the formation of reading and writing literacy has become the basis of a modern updated knowledge system. The relevance of the work is to provide effective ways of writing assignments for the formation of reading and writing literacy of students through written works of updated educational content.

КІРІСПЕ

Баяндаманың өзектілігі. Қоғам ілгерілеген сайын ғылым мен техниканың барлық салаларында тың өзгерістер болатыны анық. Ол өзгерістер жаңартулар мен толықтыруларды, жұмыстың жаңа мазмұнын талап етеді. Осындай өзгеріс техниканың дамуына байланысты білім саласына да түбегейлі өзгерістерді әкелді. Соның бірі – функционалдық сауаттылық мәселесі. Оның ішінде оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыру қазіргі жаңартылған мазмұнды білім жүйесінің негізіне айналды. Жұмыстың өзектілігі – жаңартылған білім мазмұнындағы жазба жұмыстары арқылы оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтарын қалыптастыру тапсырмаларын жазудың тиімді жолдарын ұсынуында.

Баяндаманың мақсаты. Оқушылардың сыртқы ортамен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіп, тез бейімделе алуын жазба жұмыстары арқылы дамыту, элеуметтік қарым-қатынасын қамтамасыз ететін тілдік дағдыларының ауызша және жазбаша түрін сапалы қолдануына. Жазылым дағдысын қалыптастыра

отырып, оқу мен жазуда сауатты болуына түрткі болу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей *міндеттерді* қойып отырмыз:

- ✓ Жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыс мазмұнымен таныстыру;
- ✓ Жазу сауаттылықтарын қалыптастыруға арналған жазылым дағдысына негізделген оқу мақсаттарымен таныстыру, саралау;
- ✓ Оқу және жазу сауаттылықтарын қалыптастырудағы жазба жұмыстарын жазудың тиімді жолдарын ұсыну;
- ✓ Тәжірибеде оң нәтижесін берген эссе, мақала, сыни-пікір жазудағы ұтымды әдіс-тәсілдерді зерделеу;

Міндеттер:

- Оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттары сараланып, жүйеленеді;
- Жазба жұмыстарын ұтымды жазуда тиімді әдіс-тәсілдерді оқушыға үйрете отырып, қаламы ұшқыр шәкірттер көбейеді;
- Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған оқу мақсаттарын жүзеге асыруда мұғалімдер қауымына көмекші құрал бола алады;
- Оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтары қалыптасып, сыртқы ортамен қарым-қатынас мәдениеті артып, сөйлеу тілі дамиды;
- Оқушылардың танымдық қабілеті артып, өзіндік көзқарасы, сыни ойлауы қалыптасады;
- Дебат, сөзталасқа түсе алатын, оратор оқушылар саны артады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сауаттылық мәселесі кез-келген жеке тұлғаның тұрақты қасиеті болатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-білік дағдыларынан көрінеді. Өйткені функционалдық сауаттылыққа, оның ішінде оқу және жазу сауаттылығына адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Осы ретте мектеп қабырғасында алған білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тіл, ана тілімізді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын сауаттылық мәселесі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізгі жаны десе де болады. Пән мазмұны арқылы қалыптастыратын функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтары олардың тұғалық қасиетін өзіндік «менін» арттырады. Қазақ тілі пәндеріндегі негізгі төрт дағдының ішіндегі «жазылым дағдысы» тікелей оқушылардың жазу сауаттылықтарына жауап береді [1]. Қазақ әдебиетіндегі жазылым тапсырмалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, танымын арттырады. Жазылым дағдысын жүзеге асыру, ондағы тапсырмаларды дұрыс орындату – сауатты оқушы болуға жол. Сол себепті, жұмыс барысында жекелеген сыныптардағы жазылым дағдысына арналған оқу мақсаттары

зерделеніп, тапсырмалар жүйеленді. Нақты жүйесі жасалған соң, өз тәжірибеміздегі жазылым тапсырмаларын жаздырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді топтастырып, жазылым жұмыстарын ұтымды әрі жеңіл жазудың бірнеше жолдарын ұсынып отырмыз.

2.1. Жобаны іске асырудағы «жазылым» дағдысына, жазылым тапсырмаларына ұсынылған оқу мақсаттарының тізбегі:

Р/с	Оқу мақсаттары	Сыныбы
1	5.Ж4. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу.	5
2	8.3.2.1 -жанрлық және стильдік ерекшелік-теріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, құрастырып жазу.	8
3	8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	8
4	8.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;	8
5	5.3.3.1. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;	5
6	8.3.3.1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.	8
7	11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11

1-кесте - Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жазылым тапсырмаларына ұсынылған оқу мақсаттары

2.2. Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар түрлері:

- Эссе түрлері: әдеби, арументті, еркін тақырыптағы

- Мәтін
- Мақала
- Сыни-пікір
- Креативті өңдеу
- Тезис

2.3. Жобаны әзірлеу ресурстары

2.3.1. *Ұйымдастырушылық.* Жобаның мақсат-міндетін анықтап, жоспар, бағдарлама құру, оқу мақсаттарын анықтап, тапсырмалар жүйесін жасау. «Жазылым тапсырмаларын орындаудың тиімді әдіс-тәсілдері» әдістемесінің бағдарламасын әзірлеу. Бағдарламаны әзірлеуде басты назарды оқушылардың жас ерекшелігін, оқу мақсаттарын ескеру.

1-КЕСТЕ. «Жазылым тапсырмаларын орындауда эссе тақырыптары мен мақала тақырыптарын ұсыну

Ескерту: Берілген эссе тақырыптарын оқу мақсаттарына сай, сонымен қатар ОЖСБ мен қорытынды аттестаттауға дайындық ретінде

пайдалануға болады. Сонымен қатар, оқушыға оқу тапсырмасы, сыныптан тыс жұмыс ретінде де беруге болады.

1. 5- сыныпқа ұсынылатын эссе тақырыптары:

Р/с	Тақырыбы	Эссе түрі
1	«Қазіргінің Кендебайлары кімдер?»	Ертегі мазмұнын басшылыққа ала отырып, еркін тақырыптағы эссе
2	«Қобыланды – ел ұланы»	Әдеби эссе
3	Асанқайғы бабамыздың жерге айтқан сындары қазіргі өмірде дәл келді ме? Қалай ойлайсыз? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.	Аргументтік эссе
4	21 ғасырдың Ақтандарына менің тілегім. «Д.Бабатайұлының «О, Ақтан жас» өлеңінің ізімен	Әдеби эсеге бағытталған еркін тақырыптағы эссе
5	«Еңбек мұратқа жеткізеді» (Қыпшақ Сейтқұл бейнесі)	Әдеби эссе
6	«Қазіргінің Атымтайлары кімдер, Атымтаймен ұқсастығы бар ма?»	Аргументтік эссе
7	«Дүние еңбектенсең, табылады...» (Ы.Алтынсарин шығармалары негізінде)	Әдеби эссе
8	«Менің адамдық диқаншым...» (А. Байтұрсынұлының «Адамдық диқаншысы» шығармасы негізінде)	Еркін тақырыптағы эссе
9	«Тәкаппарлық аздыра ма, оздыра ма?» (А. Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» шығармасы негізінде)	Аргументтік эссе
10.	«Қожа дарынды бала ма, әлде?...» («Менің атым Қожа» шығармасы негізінде)	Аргументтік эссе
11.	«Бауыр» әңгімесіндегі Қалидың әрекеті дұрыс па, бұрыс па?	Аргументтік эссе
12.	Қали – арманшыл бала	Әдеби эссе

2. 8- сыныпқа ұсынылатын эссе тақырыптары:

	Тақырыбы	Эссе түрі
1	Қорқыт шығармаларының тәрбиелік мәні неде?	Әдеби эссе
2	«Даналық кітабы – ақиқатқа бастайтын жол»	Әдеби эссе
3	«Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екенбіз?...» Ақтамберді жыраудың арманы қазір орындалды ма? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз	Аргументтік эссе
4	«Адыра қалғыр үш қиян...» Мұрат ақынның осылайша күйіне жырлауының себебі неде? Ойыңызды ашып жазыңыз	Әдеби эссе
5	«Еңлік пен Кебектің трагедиясына салт-дәстүр кінәлі ме?» Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз	Аргументтік эссе
6	«Кел, жастыр, біз бір түрлі жол табалық!» Шәкәрім ақын жастарды қандай жолға шақырады? Неге?	Аргументтік эссе

7	«Жамал – қатал салт пен атақ-абыройдың құрбаны» Осы оймен келісесіз бе?	Аргументтік эссе-келісу, келіспеу эссесі
8	«Ұшқан ұя» шығармасының тағылымды тұстары»	Әдеби эссе
9	«Әпке Қамажай – адал махаббат символы»	Еркін ойға бағытталған әдеби эссе
10	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы Ана қанішер ме? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз	Аргументтік эссе
11.	«Шырағың сөнбесін» деген жақсы тіркес не себепті шығарма атауы болып тұр, өз көзқарасыңызды жазыңыз.	Әдеби эссе
12	«Қара шаңырақ» - жұмақ мекен» (Д.Иабековтің «Қара шаңырақ» шығармасы негізінде	Әдеби эссе, еркін ойға құрылған
13	«Менің үш бақытым» Мұқағали ізімен	Еркін тақырып
14	«Қазақ жері – киелі мекен»	Еркін тақырып

3. 11- сыныпқа арналған эссе тақырыптары:

Р/с	Тақырыбы	Эссе түрі
1	«Атау-кере» шығармасындағы өмір шындығы	Әдеби эссе
2	«Атау-кере» шығармасындағы «қауіпті буданның»зияны неде?	Әдеби эссе
3	Шығарманың «Атау-кере» деп аталуына өз көзқарасыңызды білдіріңіз	Еркін тақырып
4	«Дала, сенің ұлыңмын» поэмасындағы ұлттық құндылықтарды дәлелдеп жазыңыз	Әдеби эссе
5	«Өмірзая» зая кеткен ғұмыр емес, ел игілігіне жұмсалған ғұмыр... осы оймен келісесіз бе? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз	Аргументтік эссе
6	«Пәтер іздеп жүре едік» шығармасының қазіргі өмір шындығымен байланысын ашыңыз	Әдеби эссе
7	«Абай мен әке арасындағы құндылықтар»	Әдеби эссе
8	«Абай жолы» роман-эпопеясының «Ғасырлық туынды» атануының себебі неде? Ойыңызды тізбектеп жазыңыз	Еркін тақырыптағы эссе
9	«Абай жолындағы Бөжейдің асы мен қазіргі ас беруді салыстырып жазыңыз»	Әдеби туындыға бағытталған сипаттамалық эссе
10	«Бөжейге ас беру Абайдың азаматтық тұлғасын одан әрі өсірді. Осы оймен келісесіз бе? Ойыңызды жазыңыз	Келісу, келіспеу эссесі
11	«Мылтық көрсем, төрлерде іліп қойған, Менің мазам кетеді күдікті ойдан...» ақынның қорқынышы қазіргі таңда кездесе ме?	Әдеби туындыға негізделген еркін тақырыптағы эссе
12	«Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясындағы қазіргі өмір шындығы көріне ме?»	Әдеби эссе

Ескерту: Бұл мақалаларды алғанда, тілдік бағдармен ұштастырамыз. Мақаланы жекелей, топтық жұмыс түрінде беруге болады.

1. Қазақ тілінен 5- сыныпқа арналған мақала тақырыптары:

1. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы (шағын мақала)
2. Сәлемдесу – сөйлеу мәдениетінің негізі
3. Қазіргі замандағы ұлттық киім көрінісі
4. Қазақстандағы қазіргі сән әлемі
5. Отбасылық ғұрыптар – тәрбие бастауы
6. Қыз балаға арналған салт-дәстүрлер
7. Ұл балаға арналған салт-дәстүрлер
8. Менің өлкемнің жануарлары
9. Төрт түліктің нарықтағы бағасы қандай? (статистикалық мақала)
10. Уақыт емші ме?
11. Хобби адамды шынықтырады
12. Қиялдың түрлері
13. Жол ережесін бұзатын кімдер? (статистикалық мақала)
14. Мінез түрлері
15. Мінездің адам тағдырына әсері қандай (психологиялық зерттеулермен)

2. Қазақ тілінен 8- сыныпқа арналған мақала тақырыптары:

1. Көне түркі жазба ескерткіштерінің құндылығы
2. Менің қаламдағы көне ескерткіштер (зерттеу мақаласы)
3. Қазіргі кездегі басты құндылықтар қандай? (мониторинг жүргізу)
4. Әлем мәдениетінің бір ұлт мәдениетінің өзгеруіне ықпалы бар ма?
5. Қазіргі озық кәсіптер (статистикалық мақала)
6. Болашағы зор мамандықтар
7. Ғарыш әлемі туралы халық аңыздары (шағын зерттеу)
8. Қазіргі кездегі «Қызыл кітап» (зерттеу, деректер мақала)
9. Броконьерлердің тірлігінен не білеміз? (ақпараттық мақала)
10. Менің қаламның табиғи ресурстары
11. Жасөспірім құқығы қаншалықты сақталуда? (фактілі мақала)
12. Театрға баратын жастар ма, әлде?.. (зерттеу мақала)
13. Қазақстан туризмі дамып жатыр ма? (статистикалық мақала)

2. Қазақ тілінен 11- сыныпқа арналған мақала тақырыптары:

1. «Ақтабан шқбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының ел есінде сақталуының себебі неде? (аргументтік мақала)
2. «Ел іші – өнер кеніші» қазақстандық өнер иелері (ақпараттық мақала)
3. «ЭКСПО- 2017» Қазақстанды ілемге таныта алды ма? (аргументтік-статистикалық мақала)
4. Арал теңізінің қазіргі ахуалы қандай? (статистикалық мақала)
5. Сыртқы миграция басым ба, әлде ішкі миграция басым ба? (фактілі, деректі мақала)
6. Зияткерлік миграция статистикасы қандай? (зерттеу мақаласы)
7. Қазақстандық өнертабыстар (ақпараттық мақала)
8. Экологиялық туризм қаншалықты дамуда? (статистикалық мақала)
9. Менің қаламның көрікті жерлері туристерді тарта ма? (фактілі мақала)

10. ЮНЕСКО тізіміндегі қазақстандық мұралардың біздер үшін құндылығы қандай? (зерттеу мақала)

Тезис жазу. Тезис – бұл дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын тұжырымдама-пайымдаулар. Тезистің басты ерекшелігі ұсынылатын дәйектерге дәлелдер келтірілуі тиіс. *Негізгі тезистер* – дерек көзінің мазмұнын жалпылайтын басты тұжырымдамалар. Мұндай тезистерден кейбір жағдайда материалдардың мазмұнын тұтастай айқындайтын жеке жазбалар жасалады. Қарапайым тезистер – бұл басты ой-пайымдаулар, кейде конспектінің, рефераттың құрамдас бөлігі ретінде енгізіледі. Кез келген еңбекте, оның әрбір бөлімдерінде қарапайым тезистер көбірек кездеседі [2]. *Күрделі тезистер* – негізгі және қарапайым тезистер қатар қолданылатын, ойды бекітудің пайдалы және жетілген түрі. *Дәйексөз тезистері.* Тезистердің бір бөлігі дәйексөз ретінде келтірілуі мүмкін. Мұндай әдісті әртүрлі көзқарастарды салыстыру үшін пікір, аннотация жазғанда қолданады [3].

2.3.2. Ғылыми-әдістемелік бөлімі. Жобаның ғылыми-әдістемелік бөлімінде эссе, мақала, тезис жазудың тиімді жолдары ұсынылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі жазылымның өзі:

1. Әр түрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу; 2. Жазба жұмыстарын әр түрлі формада ұсыну; 3. Эссе жазу; 4. Оқылым, тыңдалым материалдары негізінде жазба жұмыстарын жазу; 5. Шығармашылық жұмыс;

6. Мәтіндерді түзету және редакциялау сияқты бөлімшелерден тұрады.

Оқушылар әр түрлі жанрда мәтіндер құрастырып, тілдік құралдарды орнымен қолдануға, әдеби, аргументтік, салыстыру эссесін жазуға негізделген тапсырмаларды көптеп орындайды. Эссе жазу соңғы 2-3 жылда бағдарламаға түптеп енді. Эссе жазу арқылы оқушының өзіндік көзқарасын, ой-толғамын, сыни ойлауын байқай алсақ, қазіргі өмірмен түрлі жағдаяттарды салыстыра алу, мәселенің шешімін ұсыну, нақты деректерді талдай алу сияқты қабілеттерін де шыңдай аламыз. Десек те, барлық бала эссе жаза ала ма? Бұрынғы шығарма түсінігінен эссе түсінігіне ауыса алдық па?

Эссе жазуда қолданылатын белсенді, ұтымды әдіс-тәсілдер:

Оқушыға даяр тезис ұсыну;

Аргументтік эссе жазғанда, даяр аргументтер (дәлелдер ұсыну);

Әдеби эсседе, даяр талдаулар ұсыну арқылы, жүйелі жазуға бағдар беру;

Эссенің құрылымдық жүйесінің даяр үлгілерін беру;

Даяр үлгідегі сөйлемдер беру;

Сұрақтар қою т.б

Бұл тәсілдер оқушыға не береді?

Оқушының ойлауына түрткі болады;

Ақпараттарды жүйелеуіне негіз болады;

Өзіндік пікірін оятуға, салыстыруға үйретеді;

Даяр сөйлемдер арқылы эссе тақырыбына ашуға талпынады;

Өзінің стилін қалыптастырады.

Сұрақтарға жауап бере отырып, эссе тақырыбының өзектілігін, маңыздылығын ашады.

Есіңе сақта: Тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, сізге ақпарат қажет. Өзіңіз білетін, оқыған ақпараттарды еске түсіріңіз. Фактілер қай жерден басталатынын байқаңыз. Сіздің көзқарасыңызды жоққа шығаратын пікірлер мен фактілерге назар салмаңыз. Жақсы эссе жазушы өз тезисі үшін дәлелдерді таба алады.

Шебер мұғалім оқушыға бірнеше тезистерді ұсына алады. Ол оқушының ары қарай тезиске сай, аргументтерді тауып, жүйелі эссе жазуына түрткі болады.

Өз тәжірибемнен даяр үлгілік тезистерді ұсынайын:

11- сынып, жаратылыстану бағытына арналған:

Эссе тақырыбы: «Атау- кере» шығармасының «Атау –Кере» аталуының себебін ашып, өз ойыңызды дәлелдеңіз

Ұсынылатын даяр үлгідегі тезистер:

1.«Атау-кере» адамның өтер алдындағы соңғы асы, дәмі. Бұлай аталуы шығарманың бүкіл болмысын ашып тұр.

2. «Атау-кере» мынау жарық өмірден кетерде ішетін соңғы ас болғандықтан, жазушы осы сөз арқылы адам өмірі мәңгілік емес, сен де бір күні «атау-кереңді» ішесің, одан қашып құтылмайсың дегендей ой тастаған деп білемін.

3. «Атау-кере» ұғымы арқылы жазушы адам өмірі мәңгілік емес екенін аңғартып, бұл өмірді адалынан сүру керек екенін ескерткендей деп ойлаймын.

4. «Атау-кереңді» іштің бе?- деген сөзді ел арасынан жиі естиміз. Бұл сөздің мағынасы адамның өлер алдындағы ішер дәмі болғандықтан, сол дәмді өкінбестей ішу керек деген ой тастаған.

Эссе тақырыбы: «Өмірзая» романындағы «құрбандық ғұмыр» иелері кімдер, шығарма желісі негізінде ойыңызды талдап жазыңыз

Ұсынылатын даяр үлгідегі тезистер:

1.Романда «құрбандық ғұмыр» иелері ұлт үшін өмірін сарп еткен: Аяған мен Алдияр. Екі кейіпкер де құлдық санаға қарсы тұрған, ұлт мүддесіне қызмет еткендер деп білемін.

2. «Өмірзая» романы аты айтып тұрғандай зая кеткен ғұмыр иелеріне арналады. Дегенмен, бұл адамдар ғұмыры зая кеткен жоқ деп ойлаймын.

3. Бір ұлттың тағдырын ойлаған, халқымыздың адал перзенттерінің «құрбандық ғұмыры», қара бастың қамын емес, ел тағдырына алаңдаған биік тұлғаларын көреміз.

4. Романда шындық үшін шырқыраған ұлы тұлғалар тағдыры сөз болады. Ел үшін ғұмырын сарп еткен қос кейіпкерді «құрбандық ғұмыр» иелері атаған.

Эссе тақырыбы: «Пәтер іздеп жүр едік» шығармасындағы көтерілген мәселенің қазіргі өмірмен байланысы қандай?

Ұсынылатын даяр үлгідегі тезистер:

1. « Пәтер іздеп жүр едік» шығармасы баспана мәселесін қозғайды. Баспана іздеп сабылған отбасылар қазір де көп. Демек, қазіргі таңда да бұл мәселе де өзектілігін жоймаған.

2. «Пәтер іздеп жүр едік» шығармасы күлкілі сюжетке құрылғанымен, астарында ащы шындық жатыр. Ол шындық – баспанасы жоқ жас отбасылар. Бұл мәселе қазір де өзектілігін жоймаған деп ойлаймын.

3. Шығармадағы көтерілген мәселе автор атынан өз шындығымен баяндалады. Пәтері жоқ, жалдамалы пәтерде жүргендер қаншама? Шығармадағы осы шынайы суреттелген мәселе қазір де бар.

4. «Пәтер іздеп жүр едік» аты айтып тұрғандай, пәтер іздеген адамдардың басындағы ауыр халді суреттейді. Қазіргі кезде де бұл мәселе ең өзекті болып тұр деп білемін.

Енді эссе құрылымын түсіндірудің оңтайлы жолын ұсынайын:

Еркін тақырыптағы эссе. **Үлгі №1. Тақырып:** Туған жер несімен қымбат?

Кіріспе- Тақырыпты түсіну сөйлемі- 3-4 сөйлем

Ескерту: Кіріспені жазу үшін тақырыптағы тірек сөзді тауып аламыз да, кіріспе бөлімде мағынасын ашамыз. Оқушы тақырыпты түсінбесе, эссе жаза алмайтынын ескеруіміз керек!

Кіріспе: Туған жер адам баласы үшін екі дүниеде де тұрақ мекен деп ойлаймын. Неге десеңіз, шыр етіп кіндік қанымыз тамғанда, туған жеріміз құшағына алады, сонымен қатар, мәңгілік мекенге аттанғанда, туған жердің құшағына денеміз тапсырылады. Меніңше, туған жер сонысымен қымбат па деймін.

Тезис: ең озық идея

«Әркімнің өзінің туған жері – жұмақ мекен» деп, ата-бабамыз аманаттағандай, туған жердің күні де, түні де ыстық.

1- аргумент: Біріншіден, тарих беттеріне, шежірелерге үңілер болсақ, ірілі-ұсақты шайқастар мен қақтығыстардың барлығы туған жер үшін болған екен. Туған жерім жау қолында кетпесін деп, кешегі ер Махамбеттер «Өзегі талып ет жемей...» күні-түні ат үстінде өтті емес пе? Сонымен қатар, «Ата қоныс», «атамекен», «ата жұрт» деп туған жерге ерекше құрмет көрсеткен. Туған жерінен безінгенді «безбүйрек», «мәңгүрт» санаған. Туған жерімнен топырақ бұйырсын деп, дұға тілеген. Міне, туған жердің құдіреттілігі осында.

2- аргумент: Екіншіден, халқымыз «Туған жердің қадірін, шетте жүргенде, білерсің» деп, әні мен жырына да қосты емес пе? Кешегі қилы замандағы «Елім-ай» әні жан-жаққа тарыдай шашыраған халықтың туған жеріне деген қимастық сезімін өрнектейді. Туған жерге жетуді арман санаған шеттегі қандастарымыз да елге оралып жатыр. Өзіміз оқыған «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі Байтас шал да шекара бұзып, тау асып, туған жерге жетті емес пе? Туған жер қымбат болмаса, адам төзгісіз қиындықтарды еңсеріп, жетер ме еді? Меніңше, туған жердің құдіреті ғана адамға күш-қуат сыйлай алады деп ойлаймын.

3- аргумент: Үшіншіден, туған жер әр адам үшін жұмақпен тең. Неге десеңіз, жұмақта тыныштық, береке- бірлік, сүйіспеншілік, жан ләззаты болатындай, туған жерде де осындай ғажайыптар бар. Оның жер асты байлығын, орман-тоғайын, суын есептемегенде, жер үстіндегі бір түйір

топырағының өзі адамға қуат береді. Ақиық ақын Мұқағали: «Мен оның күнін сүйем, түнін сүйем...» деп, туған жердің қадірін асқақатата жырлайды емес пе? Расымен де, туған жердің әр тасы қымбат. Алысқа кетсек, туған жерімізге жетуге асығамыз. Туған жер топырағына аяғымыз тигенде ғана, жанымыз жай табатыны – шындық.

Қорытынды: Ойымды түйіндей келе, туған жердің қадіріне жетуіміз парыз, көз қарашығындай сақтау – міндетіміз. «Туған жерге туың тік» дегендей, тігер туымыз асқақтай берсін!

Ескерту: қорытынды бөлімде жаңа ой жазылмайды!

Осы әдістерді қолдана отырып мынадай нәтиже күтуге болады:

Оқушылар:

1. Жинақы мәтін құрап үйренеді;
2. Ойды логикалық жүйеге келтіреді;
3. Өз көзқарасын ашық білдіреді;
4. Экспрессивті-эмоционалды лексиканы қолданып үйренеді;
5. Сөз оралымдар ұтымды қолдана алады;
6. Қазіргі өмірмен тақырыпты сабақтастырып үйренеді;
7. Өзіндік сыни көзқарасқа дағдыланады;
8. Мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артық-кемі тұстарын саралайды, өз ойын дәлелдеп жазады;
9. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай мақала құрастырып, эссе жазып үйренеді

Мақала жазу әдістемесінен (мұғалім мен оқушыға) арналған:

1. Мақалаңыздың тақырыбын нақтылаңыз. Бір мақала тек бір тақырыпты ашуы тиістігін ұмытпаңыз. Бірнеше нәрсені қозғап, негізгі тақырыптан ауытқып кетуіңіз мүмкін

2. Тақырып қойыңыз. Тақырыбыңыз оқырман аудиториясын бір қарағаннан-ақ қызықтыруы тиіс. Тақырып қою шеберлігі болса тіпті керемет. Себебі, тақырып мақаланың құрылымынан да маңызды. Тақырыпты ашатын қысқаша үш-төрт сөйлем жазыңыз. Бұл тақырып таңдаудан кейінгі маңызды қадам.

3. Мақалаңыздың негізгі фактілерін белгілеңіз. Факт, ой, мағына. Осының бәрін парақшаға сөздермен түсіріп, жоспар құрыңыз. Сөйлеммен емес, сөзбен. Енді жоспарыңызды оқып шығыңыз. Егер ол тақырыбыңызға сай болып, мағынасын ашып тұрса, мақала жазуға кірісіңіз.

4. Әр сөздеріңізге(факт, ой, мағына) бір абзацтан арнаңыз. Барлық абзацтың қалыңдығы(ұзақтығы) бірдей болған жөн. Себебі, оқырман мұндай құрылымды тез әрі жеңіл қабылдайды.

5. Мақаланың құрылымы жайлы ұмытпаңыз: Кіріспе (негізгі ойға қысқаша тоқталу), Негізгі бөлім. Қорытынды (негізгі ойларыңызды қорытындылаңыз).

6. Мәтіннен бос сөздерді алып тастаңыз. Сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басталғаны дұрыс. Диалект, сленг, жаргон сөздерден аулақ болыңыз.

7. Мақаланы дауыстап оқып шығыңыз. Стилистикалық қателер мен теріп жатқан кезде кеткен қателерді жөндеңіз. Қайталанатын сөздерді алып тастап, орнын синоним сөздермен толықтырыңыз!

Ескерту: Міне енді мақалаңыз дайын. Басты ережені ұмытпаңыз, мақала жазудың шебері болу үшін күнделікті мақала жазып жүрген абзал.

2.4. Жобаны практикалық іске асыру

Оқушыларымыз білімді игеру әрекеті сферасы арқылы өзін - өзі реттеу мен өз іс – әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеті тек өзіне қатысты екенін түсінеді, өзін- өзі ұйымдастыру қабілеті келесі функционалдық әрекетінде байқалады:

1. Өз ойын еркін жеткізе алады;
2. Өз көзқарасын жазба жұмыстарында ашық көрсетеді;
3. Өзіндік жеке позициясы қалыптасады;
4. Кез-келген дебат, пікірталасқа еркін түсе алады;
5. Әңгімеге тарта алады, әңгімені көзқарасымен, ым-ишрасымен, сұрақтарымен қолдай алады;
6. Өз жұмыс орнын, уақытын ұйымдастыра алады;
7. Оқу- әрекетінде белсенділік танытады, өздігінен пікір, байлам жасайды, түсінбеген тақырыптарды анықтауға талпынады, оқу әрекетінің құралдары мен тәсілдерін біледі, қажет болған жағдайда көмек сұрай алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары)» автореферат дисс. – Алматы, 2010.

МОНИТОРИНГ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ – КАК ОДИН ИЗ МЕХАНИЗМОВ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

(из опыта работы Карагандинского высшего гуманитарного колледжа)

Уатаева Гульмира Султанмуратовна

магистр п.н., заместитель директора по учебной работе
КГКП «Карагандинский высший гуманитарный колледж»

Андатпа. Мақалада білім алушылардың оқу сапасын арттырудың бірден бір жолы ретінде оқу үрдісіндегі жүйелі мониторинг жүргізу мәселесі қарастырылған. Нақты тәжірибелік үлгі негізінде тиімді жолдары ұсынылған. Төмен үлгерімнің алдын алудың жолдары практикалық тұрғыда қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматривается педагогический мониторинг, как один из эффективных способов повышения качества образования. Также предлагается практическое

его применение. Мониторинг образовательных достижений обучающихся рассмотрен как функциональный инструмент управления целостным образовательным процессом, как способ решения проблем низкой успеваемости.

Abstract. The article deals with the issue of systematic control of the educational process as one of the ways to improve the quality of student learning. Effective ways using real practical examples are suggested. Ways to prevent low performance are given in practical terms.

Оценка качества образования студентов является главным показателем педагогического процесса учебных заведений.

Весь процесс обучения в учебном заведении необходимо выстроить на необходимом уровне качества в соответствии с требованиями внутренних и внешних потребителей.

В целях повышения качества обучения в колледже рекомендуется разработать:

- Положение о мониторинге качества образовательного процесса;
- Положение о внутриколледжном контроле.

Качество учебного процесса характеризуется его результативностью. Результативность учебного процесса отражает степень соответствия результатов деятельности установленным требованиям ГОСО.

Мониторинг учебных достижений студентов 1-курсарекомендуется проводить по результатам внутренней и внешней оценки. Необходимо анализы основных показателей учебных достижений рассматривать на педагогическом совете, на заседаниях отделений и ЦМК.

Индикаторы внутреннего и внешнего аудита представлены в таблице:



Таблица 1- Показатели учебных достижений студентов 1 курса

В течение учебного года необходимо проводить мониторинг уровня сформированности обязательных результатов обучения по дисциплинам в виде контрольных работ:

- входной контроль, срез знаний по общеобразовательным дисциплинам среди студентов 1 курса, цель которого – определить степень устойчивости знаний студентов, выяснить причины пробелов знаний и наметить меры по устранению выявленных пробелов в процессе повторения материала прошлых лет [1].

Входной срез знаний по общеобразовательным дисциплинам рекомендуется проводить в электронном формате. По каждой дисциплине необходимо делать анализ, выработать рекомендации.

Примерный анализ по входным срезам знаний:

Анализ входного среза знаний показывает высокий процент по общественно-гуманитарным дисциплинам, чуть выше среднего показателя по естественно-математическим предметам. Таким образом, преподавателям естественных наук рекомендовано разработать мероприятия по устранению причин пробелов, запланировать дополнительные занятия и активизировать внеклассную работу посредством кружков и клубов, привить любовь к предмету.

Во время проведения входного среза знаний по общеобразовательным дисциплинам, необходимо выявить определенные «проблемные зоны», например, рекомендовать педагогам проанализировать ресурсы среза, на определения уровня сложности материала. Также обратить внимание на тот факт, что не все педагоги ООД могут эффективно руководствоваться результатами срезов и результативность плановых мероприятий по устранению пробелов знаний оставляют желать лучшего. Поэтому, для преподавателей общеобразовательных дисциплин необходимо организовать обучающие семинары по организации деятельности на основе результатов мониторинга.

В мониторинговом исследовании важную роль играет проведение рубежного контроля знаний по общеобразовательным дисциплинам, целью которого является отслеживание динамики обученности студентов, коррекция деятельности преподавателей и студентов для предупреждения неуспеваемости и задолженностей.

Рубежный контроль знаний по ООД на 1-курсе желательно проводить в ноябре-декабре месяце в электронном формате. Результаты обязательных контрольных работ по ООД на 1-курсе, предусмотренные рабочими учебными планами, можно рассматривать как результаты рубежного контроля. Для проведения рубежного контроля специальное время не назначается, проводится в рамках объема, отведенного на изучение дисциплины.

Преподавателями-предметниками по ООД составляется 2-3 варианта тестов, по изученному объему образовательной программы. Преподавателям можно рекомендовать составление уровневых тестовых вопросов по таксономии Блума. Сравнительный анализ проводится по результатам входного среза и результатам рубежного контроля.

Порядок осуществления измерения и оценки уровня освоения знаний у студентов должны быть изложены в следующих руководящих документах:

1. Положение об обязательной контрольной работе;
2. Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся;

	A	B	C	D
1	ФИО	РУССКИЙ ЯЗЫК		
2		входной срез знаний	рубежный контроль	итоговая оценка за 1-семестр
3	Аубакирова Аяулым ДӘулетқызы	55	64	70
4	Большакова Валерия Дмитриевна	61	76	82
5	Бронш Клара Владимировна	58	69	72
6	Головина Мария Юрьевна	75	80	82
7	Девятова Карина Александровна	50	65	68
8	Ибалдинова Камила Армановна	50	68	78
9	Кусаинова Радмила Биргебаевна	55	68	77
10	Королькова Дарья Александровна	63	65	78
11	Лончакова Наталья Олеговна	62	73	79
12	Мамасахлисашвили Милана Темуровна	64	75	84
13	Мантель Дарья Борисовна	80	80	62

Пример оформления результатов исследования по общеобразовательным дисциплинам, для того чтобы мониторить динамику учебных достижений студентов.

Рекомендуется результаты срезов знаний зафиксировать в электронном формате и разместить в облачное хранилище.

Внутриколледжные предметные олимпиады по общеобразовательным предметам можно рассматривать в рамках внутреннего аудита. Предметные олимпиады рекомендуется проводить в начале декабря месяца по всем обязательным дисциплинам ООД. Основная цель олимпиады - повышение мотивации и интереса студентов к творческой учебной деятельности, выявление одаренных студентов, создание благоприятных условий для их дальнейшего интеллектуального развития.

Примерный анализ мониторингового исследования по результатам предметных олимпиад по ООД:

По результатам предметной олимпиады можно сделать следующий вывод –огромный потенциал в группах I курса по специальностям «Начальное образование» (54%из всего призового фонда), «Иностранный язык» (28%из всего призового фонда), «Қазақ тілі және әдебиеті» - (12%из всего призового фонда). I группа не оказалась в числе призеров олимпиады. Наибольший интерес вызвал у студентов участие по следующим дисциплинам «Қазақ тілі» (30 участников), «Қазақ әдебиеті» (30 участников), «Математика» (45 участников), «НВП» (45 участников), «Самопознание» (35 участников). Есть предметы, по которым участников было меньшее количество. Этот показатель необходимо улучшить, активизировать работу со студентами. Анализ показывает, что по каждой дисциплине по процентному соотношению выходит 15-20% участников от общего количества обучающихся на I курсе.

В рамках мониторинга учебных достижений студентов 1-курсарекомендуется рассматривать итоговую оценку по общеобразовательным дисциплинам за полугодия. Итоговая оценка по дисциплине в конце каждого семестра выставляется по итогам промежуточной аттестации. Промежуточная аттестация проводится после освоения обучающимися содержания части или всего объема одной дисциплины.

Итоговая оценка складывается из рейтинга по результатам обучения и оценки за экзамен или дифференцированный зачет по дисциплине, где вес экзамена составляет 40% [2].

Цель внутренней оценки состоит в отслеживании динамики обученности студентов, прогнозировании результативности дальнейшего обучения, выявлении недостатков в работе, планировании внутриколледжного контроля на следующий семестр по дисциплинам и группам, по которым получены неудовлетворительные результаты мониторинга. Анализ проводится заведующими отделениями и результаты рассматриваются на педагогическом совете.

Порядок осуществления измерения и оценки уровня освоения знаний у студентов должны быть изложены в следующих руководящих документах:

1. Положение о внутриколледжном контроле.
2. Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся;

Внешняя оценка учебных достижений студентов 1-курса рекомендуется проводить по результатам областных предметных олимпиад, проводимые ОМО по линии УМЦ Карагандинской области.

Также можно рассматривать результаты городских, областных, республиканских конкурсов, где принимают участие студенты учебного заведения.

Качество образования студентов должно всегда находиться на контроле у администрации и согласно плану выноситься на рассмотрение в коллегиальный орган – Педагогический совет.

Пример из повестки дня педагогического совета:

1. Мониторинг образовательных достижений студентов

1. Комплексный анализ по результатам обязательных контрольных работ у студентов 1-курса на отделениях «Начальное образование», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Иностранный язык» (Заведующие отделениями).

2. Работа по диагностике усвоения и качества знаний студентов на отделениях «Дошкольное воспитание и обучение», «Музыкальное образование», «Художественный труд, Дизайн». (Заведующие отделениями).

3. Аналитический отчет по качеству знаний на 4-курсе специальности «Физическая культура и спорт» Заведующий отделением.

Мониторинг учебных достижений студентов 2-курса рекомендуется проводить по результатам внутренней и внешней оценки. Анализ основных показателей учебных достижений должны рассматриваться на педагогическом совете, на заседаниях отделений и ЦМК.

Индикаторы внутреннего и внешнего аудита представлены в таблице:

ПОКАЗАТЕЛИ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ студентов 2курса




Таблица 2- Показатели учебных достижений студентов 2 курса

Рекомендуется в течение учебного года проводить мониторинг уровня сформированности обязательных результатов обучения. В рамках исследования по внутреннему аудиту нужно рассматривать:

- Результаты обязательных контрольных работ студентов 2-курса по базовым модулям (обязательные контрольные работы определяются в рабочих учебных планах по специальностям);
- Результаты рубежного контроля по определению уровня сформированности базовых компетенций у студентов;
- Итоговые оценки по дисциплинам базового модуля по семестрам, в целях определения результатов освоения базовых модулей в соответствии с требованиями ГОСО.

Рекомендуется проводить рубежный контроль по определению уровня сформированности базовых компетенции у студентов 2-курса в 4-семестре учебного года. Мониторинговые исследования проходят по линии административного контроля, согласно плану внутриколледжного контроля. Результаты анализируются, сопоставляются в сравнительной динамике и рассматриваются на педагогическом совете, на заседаниях ЦМК. Результаты рубежного контроля не носят правовой характер, не вносятся в журнал теоретического обучения и не влияют на общую успеваемость студента.

Порядок осуществления измерения и оценки уровня освоения знаний у студентов должны быть изложены в следующих руководящих документах:

1. Положение о внутриколледжном контроле.
2. Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся;
3. Положение об обязательной контрольной работе [3].

В формате внешней оценки рекомендуется проводить в конце 4-семестра среди студентов 2-курса профессиональный конкурс с участием работодателей на определение сформированности профессиональных компетенций по рабочей

квалификации. Материалы профессионального конкурса разрабатывается преподавателями согласованно с работодателями.

Также в рамках мониторингового исследования можно рассматривать результаты городских, областных, республиканских конкурсов, где принимают участие студенты колледжа.

Мониторинг учебных достижений студентов 3-курса рекомендуется проводить по результатам внутренней и внешней оценки. Анализ основных показателей учебных достижений необходимо рассматривать на педагогическом совете, на заседаниях отделений и ЦМК.

Индикаторы внутреннего и внешнего аудита представлены в таблице:




Таблица 3- Показатели учебных достижений студентов 3 курса

Рекомендуется в течение учебного года проводить мониторинг уровня сформированности обязательных результатов обучения. В рамках исследования по внутреннему аудиту нужно рассматривать:

- Результаты обязательных контрольных работ у студентов 3-курса по профессиональным модулям (обязательные контрольные работы определены в рабочих учебных планах по специальностям);
- Результаты рубежного контроля по определению уровня сформированности профессиональных компетенций у студентов;
- Итоговые оценки по дисциплинам профессиональных модулей по семестрам, в целях определения результатов освоения профессиональных модулей в соответствии с требованиями ГОСО.

В формате внешней оценки рекомендуется проводить в конце 6-семестра среди студентов 3-курса, конкурс профессионального мастерства с участием работодателей на определение сформированности профессиональных компетенций.

Конкурс профессионального мастерства рекомендуется проводить с целью выявления наиболее активных и одаренных студентов по специальностям; развития творческих способностей и содействие формированию

профессиональных компетенций студентов; повышения уровня осознанности личного профессионального выбора.

Порядок осуществления измерения и оценки уровня освоения знаний у студентов излагаются в следующих руководящих документах:

1. Положение о внутриколледжном контроле;
2. Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся;
3. Положение об обязательной контрольной работе;
4. Положение о конкурсе профессионального мастерства.

Мониторинг учебных достижений студентов 4-курса рекомендуется проводить по результатам внутренней и внешней оценки. Анализ основных показателей учебных достижений должны рассматриваться на педагогическом совете, на заседаниях отделений и ЦМК.

Индикаторы внутреннего и внешнего аудита представлены в таблице:

ПОКАЗАТЕЛИ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ студентов 4-курса




Таблица 4 - Показатели учебных достижений студентов 4 курса

Рекомендуется в течение учебного года проводить мониторинг уровня сформированности обязательных результатов обучения. В рамках исследования по внутреннему аудиту необходимо рассматривать:

- Результаты обязательных контрольных работ у студентов 4-курса по профессиональным модулям (обязательные контрольные работы определяются в рабочих учебных планах по специальностям);
- Итоговые оценки по дисциплинам профессиональных модулей по семестрам, в целях определения результатов освоения профессиональных модулей в соответствии с требованиями ГОСО;
- Анализ результатов курсовых работ;
- Результаты Итоговой аттестаций обучающихся.

Примерный анализ по результатам курсовых работ:

Курсовые работы рассматриваются как один из видов учебной работы по общепрофессиональным и специальным дисциплинам, в том числе

интегрированным в модули, и выполняются в пределах учебного времени, отводимого на их изучение.

Курсовые работы выполняются по окончании теоретической части или раздела дисциплины, обеспечивающего усвоение знаний, достаточных для выполнения курсовой работы по данной дисциплине/модули.

Тематика курсовых работ разрабатывается с учетом требований ГОСО, положения «Об организации курсового проектирования». Защита курсовых работ производится согласно утвержденного графика, результаты фиксируются в протоколах и журналах регистрации.

Согласно плану внутриколледжного контроля внутренним аудитом проводится оценка качества выполнения курсовых работ.

Специальность	группа	Количество студентов	Актуальность тематики %	Качество %
Начальное образование	Б17	27	100%	93%
	Н17	20	100%	70%
Иностранный язык	Ш17	27	100%	93%
Художественный труд	С17	11	100%	95%
	Ч17	19	100%	100%
Музыкальное образование	М17	19	100%	92%
Қазақ тілі және әдебиеті	Қ17	17	100%	100%
Дошкольное воспитание и обучение	МД17	23	100%	100%
	Д17	16	100%	100%
	МД11-18	15	100%	100%
Всего		194	100%	95%

Таблица 5 - Анализ качества выполнения курсовых работ за 2020-2021 уч.г.

Анализ курсовых работ показывает, что работа педагогического коллектива направлены на расширение и углубление компетенций по квалификациям. Средний уровень по колледжу показывает достаточно высокий уровень качества 95%. Высокий показатель по курсовым работам, в первую очередь нужно рассматривать как результат слаженной работы педагогов. Защита курсовых работ проводится по принципу открытости, с приглашением студентов по данной специальности и ведущих специалистов, также работодателей. Темы курсового проектирования раскрываются в полном объеме, используя различные методические источники по данной теме, теория подкрепляется примерами из своей практической деятельности.

Рецензии курсовых работ содержат полный анализ содержания теоретической и практической части, которая является результатом исследовательской работы студентов.

В формате внешней оценки рекомендуется рассматривать итоги преддипломных практик, анализируются отзывы работодателей. Также в рамках

мониторингового исследования необходимо изучить результаты участия студентов в региональных конкурсах WorldSkills.

Порядок осуществления измерения и оценки уровня освоения знаний у студентов 4-курса излагаются в выше названных руководящих документах.

Заместителю директора по учебной работе систематически нужно проводить мониторинг успеваемости и качества знаний студентов по колледжу. Анализ рекомендуется проводить по данным за последние 3 года, 5 лет.

Примерный анализ по результатам мониторинга успеваемости и качества по колледжу:

Учебный год	Общая успеваемость	Качество знаний
2017-2018	100%	53%
2018-2019	100%	55,1%
2019-2020	100%	64,6%
2020-2021	100%	60,1%
2021-2022	100%	68,2%

Таблица 6 – Средняя успеваемость студентов




Таблица 7 – Качество успеваемости студентов

Анализ количественных и качественных показателей за 5 лет демонстрирует положительную динамику профессиональной подготовки специалистов. Отмечается тенденция роста успеваемости и качества знаний.

За последний год качество знаний студентов повысилось на 8,1%, этот процесс объясняется тем, что педагогический коллектив работает над постоянным улучшением результативности работы. Также во многом сказались изменения внесенные в приказ №125 «Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в организациях ТиПО», где обучающимся допускается передача на более высокий уровень оценки. В период зимней сессии передали одну «удовлетворительную» оценку 20% студентов.

Также отдельно можно рассматривать качество знаний студентов, обучающихся по программе «Прикладной бакалавриат».

Рекомендуется мониторить качество знаний студентов, обучающихся по кредитно-модульной системе обучения:

Группа	Количество студентов	Общая успеваемость	Качество знаний
М-21	13	100%	39%
КЕ-21	25	100%	40%
Б-21А	19	100%	84%
Б-21Б	18	100%	83%
Н-21	25	100%	40%
Ш-21А	19	100%	74%
Ш-21Б	20	100%	65%
Қ-21	20	100%	65%
ДШ-21	26	100%	54%

Таблица 8 - Примерный анализ по результатам мониторинга успеваемости и качества знаний студентов, обучающихся по кредитной системе



Средняя успеваемость студентов обучающихся по кредитно-модульной системе обучения составляет 60%. Анализ показывает, группы с высокими показателями качества, это новый набор, которые проходили отбор, поступали на конкурсной основе с высокими баллами аттестатов. Группы с низким качеством, где конкурс составлял на 1 место 1 абитуриент. Из этого следует, в первую очередь активизировать профориентационную работу, чтобы состоялся вступительный конкурс и чтобы поступали дети с высоким потенциалом. Преподавателям ООД рекомендовано вести целенаправленную работу по улучшению показателя.

По окончании наблюдаемого периода осуществляется анализ результативности процесса с внесением предложений о корректирующих и предупреждающих действиях и о мерах по улучшению процесса.

Улучшения учебного процесса происходит за счет:

- постоянного повышения квалификации преподавательского состава;
- применение инновационных педагогических технологий;
- постоянного совершенствования материально-технической базы колледжа;
- постоянного мониторинга за выполнением процесса;
- назначения и выполнение соответствующих корректирующих и предупреждающих мероприятий;
- анализа со стороны руководства;

- проведения внешней независимой оценки;
- проведения внутреннего аудита [4].

Список использованных источников

1. <http://www.kasipkor.kz/>
2. <https://atameken.kz/>
3. <http://www.edu.gov.kz/ru/>
4. <https://www.ted.com/talks?language=r>

ЯЗЫКОВОЕ ПОГРУЖЕНИЕ И ПРОБЛЕМЫ В ОСВОЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА

¹ Хайрушева Жанар Сакыповна

ФАО Национальный Центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт профессионального развития по Жамбылской области
г. Тараз, Казахстан

² Садуова Зауреш

учитель русского языка и литературы
школа-гимназия Сарыкемер

Жамбылская обл., Байзакский р., с.Сарыкемер, Казахстан

Андатпа. Бұл мақалада мемлекеттік тілді меңгерудегі проблемалар көрсетілген.

Осы мәселені шешудің тиімді жолдары Эстония мысалында келтірілген, мұнда тілдік ортаға ену - тілді жақсы меңгеруге көмектеседі, сонымен қатар білім алушылар өздерінің мәдени ерекшеліктерін жақсы сақтайды.

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы в освоении государственного языка. Эффективные пути преодоления этой проблемы представлены на примере Эстонии, где языковое погружение помогает отлично освоить язык, при этом обучающиеся хорошо сохраняют свою культурную самобытность.

Abstract. This article discusses the problems in mastering the state language.

Effective ways to overcome this problem are presented on the example of Estonia, where language immersion helps to master the language perfectly, while students retain their cultural identity well

Наследием бывшей СССР в Эстонии, как и в Казахстане явилось то, что, что большая часть жителей Эстонии, для которых родным языком не являлся эстонский, владели государственным языком на очень низком уровне. И, чтобы привлечь их к участию в жизни национального государства, необходимо было предоставить той части жителей страны, которая не владела эстонским языком, возможности для изучения государственного языка на самом высоком уровне. Сейчас владение эстонским языком является одним из существенных условий интеграции иноязычного населения в эстонское общество. К примеру, главное требование для поступления на любую работу – знание эстонского языка.

В Казахстане же русификация во времена СССР привела к массовому распространению русского языка. Именно русский язык стал в Казахстане

гарантией социальной мобильности и профессиональной карьеры, стал языком большинства населения, а владение им стало жестко обусловленной необходимостью. С приобретением независимости Казахстана многое изменилось в языковой политике страны. В Конституции РК и Законе «О языках» казахский язык закреплен как государственный, определены его функции, сфера применения, и органы, ответственные за регулирование, и т.д. Однако в деле его усвоения существуют проблемы, причем очень серьезные, и главная проблема - обратного русско-казахского двуязычного перехода до сих пор не получается!

Как эту проблему решили в Эстонии? Эстония нашла выход из сложившейся ситуации в виде внедрения проекта языкового погружения в школьное и дошкольное образование. Языковое погружение – это внедрение и дальнейшее развитие в Эстонии в школах с русским языком обучения добровольной программы языкового погружения с целью изучения эстонского языка, что позволит интегрироваться не эстонцам в социальную, политическую и экономическую жизнь страны, при этом в стране сохраняется владение национальными меньшинствами своим родным языком. Таким образом, языковое погружение – это государственная программа, которая применяется в Эстонии с целью улучшения изучения эстонского языка как иностранного [1]. Методика обучения позволяет ребёнку усвоить эстонский язык на очень высоком уровне, без ущерба для родного языка. Язык изучается в активном общении, в том числе и при изучении других предметов на эстонском языке [2].

Қазіргі таңда ғылым және білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың ғылыми танымдылық қаблеттерін, ғылыми ойлау дәрежелерін қалыптастыру, олардың табиғат пен қоғамды дамытудағы орнын ұғына білу мен оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі заманауи интерактивті құралдарды қолданудың тиімділігін артруды қамтамасыз ету болып табылады. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді ғылыми негізде қолайлы білім беру ортасын құра отырып, мәселелік тұрғысынан оқу, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарымен айналысу, тәжірибелік тапсырмаларды шеше білу, АКТ-ы элементтерін қолдана білу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, шығармашылықпен жұмыс істеуге жаттығу және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті озық оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп, қолдана білу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттердің орындалуына көңіл бөлуі қажет. Кез келген пәнді оқытуда келесі талаптардың орындалғаны маңызды.

1. Оқушылардың ғылыми танымдылығын қалыптастыру үрдісін басты назарда ұстау қажет. Қоршаған ортаның ерекшеліктері мен оны танып білу жолдарын меңгеру негізгі талаптардың бірі болып табылады. Ғылыми танымдылық үрдісі жөніндегі білім кез келген құбылысты, заңдарды және теориялардың мазмұнын ғылыми негізде түсінуге мүмкіндік береді.

2. Әр бір заңның, теорияның қолдану шеғарасы болады. Олар осы шеғараның сыртында орындалмайды, олар келесі даму деңгейіне көшеді. Оларды түсіндіруге жаңаша заңдылықтар мен жетілген әдістемелер керек. Бірақ бұл жаңа әдістер ескі әдістерді жоққа шығармайды, керісінше жаңа деңгейде одан әрі дамытады. Бұл тәртіп қоғамға, экономикаға қатысты болады.

3. Білім туралы білім әдістемелік болып табылады. Әдістемелік тұрғыда білімді қалыптастырудың мәселелері қандай? Бірінші кезекте білімнің шындылығы, нақтылығы және салыстырмалығы. Тәжірибенің ролі және оның шындықтың критеріі екендігі, білімнің дамуы мен әлемнің танымдылығы, ғылымның қоғам мен өндірісті дамытудағы өз ара байланысы жатады.

4. Жалпы жағдайда ғылыми зерттеу әдістемелерін тәжірибелік және теориялық деп бөлуге болады. Шындығында таным үрдісінде бұл екі әдістер өз ара тығыз байланыста болып, тұйық циклды құрайды. Цикл келесі элементтерді құрайды: тәжірибе-мәселе-жорамал-теориялық салдарлар-сынақ-тәжірибеде тексеру.

5. Барлық әдістерде теорияның орны ерекше. Мәселенің теориялық негізін терең меңгермеудің нәтижесінде себеп-салдарлық принцип байланысын дүсіну қиын болады, ол өз кезегінде сұрақтың түпкі мақсатын жетік түсінуге мүмкіндік бермейді, бұдан оларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік ала алмаймыз. Тәжірибеде алынған ір бір деректер теория негізінде дәлелденуі тиіс.

6. Теория негізінен үш бөліктен құралады. Негізі, ядросы және салдарлары. Негізіне тәжірибелік деректер, үлгілер және ілгері түсініктер мен қажетті шамалар жатады. Ядросында негізгі принциптері мен жорамалдары қарастырылады. Принциптер мен жорамалдардан дербес заңдар мен салдарлар алынады және олар тәжірибеде тексеріледі. Осылай ғылыми теориялық танымдылық циклі құрылады. Осы сұрақтар теориялық білімдер бірге әдістемелік білімнің негізін құрайды.

7. Тұлғаны дамытуда ғылыми ойлау түсініктерін қалыптастыру үрдісі маңызды рол атқарады. Диалектикалық ойлау қаблетті қалыптастыру, яғни құбылысты басқа құбылыстармен байланысында қарастыру, оны қозғалысында, өзгерісінде және дамуында қарастыру, шындыққа жетудің жалғыз дұрыс жолы болып табылады. Осыдан абстракты шындықты емес нақты шындыққа қол жеткізе аламыз.

8. Ғылыми ойлаудың маңызды принциптерін қалыптастыру маңызды. Олар:

- тәжірибе негізінде алынған деректерге негізделген дәлелдемелер;
- ғылыми білімдердің сабақтастық принципі, жаңа білім алдыңғы білімді жоққа шығармайды, оны оған әрі дамытады;
- көзқарастардың дамымалы динамикасы, алынған деректердің талаптарына сәйкес өз пікірлеріне сын көзбен қарау;
- құбылыстардың пайда болу себебін айқындау;
- құбылыстардың жүйелілігі, бәріне ортақ бір бірін байланыстыратын заңдылықты анықтау, біріктіретін теориясын құру;
- ғылымның дамуында қиынсыздық (парадокс) жағдайдың болатындығын түсіну.

Ғылыми көзқарастары диалектикалық негізде қалыптасқан, ғылыми ойлау қаблеті заманауи әдістемелік үлгіде шыңдалған азамат, нағыз тұлға бола алады. Ол қоғамның дамуына қажетті ғылыми әдіснамалық әрекеттермен қарулана отырып, қоғамның шын даму бағытында өзгеруіне ықпал етеді. Қоғамның тоқырауына жол бермейді, жалпы халықтық меншікті жетілдіре отырып,

экономиканы қоғамның әр бір мүшесіне тең мөлшерде пайдасын тигізетіндей заңдылықпен дамуын қамтамасыз етеді. Экономиканың заманауи жаңа технология негізінде дамуын үнемі қамтамасыз ете отырып, оның тиімді даму бағыттарын ғылыми негізде болжаудың нәтижесінде, әр түрлі тоқыраулардан сақтандырады.

Пәндердің жаңартылған бағдарламасында олардың құрылымы ғылыми негізге сәйкес болуы тиіс, ондағы материалдардың өтілуі олардың күрделілігіне сәйкес өсу керек және мақсаттары нақты көрсетілуі тиіс [1].

Жаңартылған білім беру бағдарламасында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері ғылыми негізде көрсетіліп, болашақтағы шешілуге қажетті мәселелері болжануы қажет.

Игерілген жаңа мазмұнды бағалаудың әр түрлі әдіс жолдары ғылыми негізде сараланып, қолданылуы тиіс.

Жаңартылған мазмұнды тиімді іске асыру үшін мұғалімдердің бойында ғылыми ойлау қаблеттеріне негізделген білгірлік пен тапқырлыққа негізделген дағдыларды қалыптастыру қажет.

Осы мәселелерді тиімді шешу үшін қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді, оның оң даму бағыттарын болжап, бақылап, бағдарламаның мазмұнына еңгізіп, жетілдіріп отыру, диалектиканың заңына сәйкес білім мазмұнын қоғамның даму бағында өзгертіп отыру маңызды мәселе.

Білім жүйесі қоғамдағы өтіп жатқан құбылыстарды түсіндіріп, соның жетегімен жүру ғана емес, сонымен бірге қоғамның дамуына қажетті алғы шарттарды болжап, оларды тиімді шешу жолдарын жан жақты талдап отыру қажет.

Негізінен білім беру жүйесі басты үш функциялар негізінде жүзеге асырылады. Олар білім беру, тәрбиелеу және дамыту. Осы функциялар негізінде қоғамда стратегиялық және тактикалық жоспарлар құрылуы тиіс.

Білім беруде қоғамның дамуы үшін қандай білімдердің қажеттілігі үздіксіз күн тәртібінде болуы тиіс. Бұл мәселе дүние жүзіндегі озық білімдердің негізінде және қоғамның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып жасалынуы қажет. Уақытқа сәйкес қолданысқа қажетсіз болып қалған пәндер жүйеден алып тасталынуы керек. Сонда озық тәжірибелер алдын ала болжанып, тиімді меңгерілсе қоғам ертерек, тоқырауға ұшырамай дамиды болады. Бұл мәселеде оқушыларға арналған фантастикалық, ғылыми-техникалық жобалардың болуы олардың шығармашылық тұрғыда дамуына көп ықпалын тигізеді [2].

Пәндерді өткен кезде себептілік-салдар принципіне көңіл бөліп отыру керек. Себебі, мысалы физика сабағында қолданылатын физикалық шамалар табиғатта жоқ, бірақ олар табиғатта бар нақты құбылыстарды сандық түрде сипаттау үшін еңгізілген. Мысалы, күш ұғымы табиғатта жоқ, бірақ ол табиғаттағы бар заттар арасындағы әсерлесу құбылысын сандық түрде сипаттау үшін қолданылады. Сол сияқты масса шамасы, дененің инерттілігін, энергия дененің жұмыс істей алу қабілетін сипаттау үшін еңгізілген. Сондықтан физикалық шамалар табиғаттағы бар құбылыстар мен заңдарды сипаттау үшін еңгізілген, сондықтан олардың жиынтығы әлемнің физикалық бейнесін береді.

Бұл ұғымдар оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырады және бізді қоршаған ортаның объективті өмір сүретіндігін көздерін жеткізіп, дәлелдейді. Сонымен бірге оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін жетілдіріп, шығармашылық тұрғыда зерттеу тәжірибесін арттырады.

Білім беру әр уақытта тәрбие берумен тығыз байланыста болуы тиіс. Тәрбие беру адами болмысты қалыптастырудың негізі. Адам озық білім беру иесі болып қана қоймай терең адамгершілігі мол, мейрімді, ақ көңіл, түсі жылы, әр уақытта жақсылық жасайтын тұлға болуы тиіс. Осындай тұлғалардан тұратын қоғам – болашақтың қоғамы болуы қажет. Әрбір пәнді өткенде оның мазмұнына қатысты тәрбиені қалай жүргізуге болады. Пәннің жеке сұрағын қарастырғанда оның жақсы жағы қандай және қандай жағдайда ол адамға зиянды болады, соны анықтап отыру қажет. Ол сұрақтың жақсы жағы қалай қолданылып жатыр немесе қандай жағдайда зиянды болуы мүмкін. Болған жағдайда қандай қиыншылықтарға алып келеді, қоғамға қаншалықты кері әсері тиетіндігін болжап отыру қажет.

Кез келген пәннің әрбір сұрақтарында мәселені осылай ашық талдау оқушылардың сын көзбен ойлау қабілетін артырады. Жаманнан қашып, жақсылыққа жақын болуына мүмкіндік туғызады. Бұл мәселеде қоғамда болып жатқан оң істерді мысал ете отырып, оқушыларға патриотты тәрбие беруді қамтамасыз ете аламыз.

Тәрбие берудегі маңызды мәселелердің бірі-ұрпақтар сабақтастығын сақтау, дәріптеу және жалғастыру. Яғни жаңадан пайда болған қажетті қатынастар алдыңғы жақсы мәселелелерді жоққа шығармай оны жаңа деңгейде одан әрі дамытуы керек. Бұл мәселеде ұлт тарихында жыйнақталған жақсы, ұтымды, тәжірибеден алынған құнды деректерді одан әрі дамытып, қоғамның қажетсіз және зиянды бағытқа ауытқуынан сақтануға мүмкіндік аламыз.

Білім мен тәрбие тоқырауға түсіп, қоғамның дамуы тежелмеу үшін оларды үнемі дамытып отыруымыз қажет. Берілген білім мен тәрбие олар әр уақытта нақты, абсолютты және салыстырмалы. Осы принциптер негізінде пәндер оқытылатын әрбір сұрақтардың мазмұндары нақтыланып, ажыратылып және талданылып отырылуы тиіс [3].

Кейбір жағдайларда білім шектеулі, ол шын мәліметтерді бермейді деген кері бағыттағы түсініктемелер орын алуы мүмкін. Сонымен қатар адамды да ешқашан тәрбиелеп өзгертуге болмайды деген теріс пікірлер оқушының санасын бұрмалауы мүмкін. Білім оның дамуына қажетті жағдайлар мен шарттар жасаған кезде үздіксіз дами береді. Ол қоғамның дамуына оның мүшелерінің жағдайларының жаңаруына шексіз қызмет ете береді. Берілген сәттегі білім осы сәтте нақты, абсолютті және салыстырмалы. Себебі осы сәтті біз ол білімнің нәтижесін көріп, қолымызбен ұстап отырмыз және ол осы сәтті ол білімнің ең жетілген деңгейі, яғни ол абсолютті.

Уақыт өте келе білімнің дамуына сәйкес оның қолдану дәрежесі артады, яғни алдыңғы сәттегі білім өзгеріп, салыстырмалы қасиетке ие болады. Сонда әрбір пәннен сабақ өту барысында берілген мәселенің алынған деңгейін және оның даму мәселесін оқытушы айқын айтып отыру қажет. Мысалы физика

пәніне қатысты гравитациялық әсерлесудің алмасу мәселесі, ғарышты игерудегі негізгі қиындықтар, үлкен адронды коллайдер мәселелері, физика жетістіктерін әр түрлі салаларда қолдану мәселелері сабақ барысында оқушыға қоя білу оның шығармашылық тұрғыда өзіндік дамуына маңызды ықпал жасай алатын жеке тұлға болып қалыптасуына тиімді ықпал етеді. Әрбір пәннің ғылыми жетістігі мен соған сәйкес игерілген тәрбиеге байланысты адамда жаңа сатыға көтеріліп, өзінің ой болмысын артырып, жақсы жағынан өзгере береді. Қоғамда және оның экономикасы да дәл осындай заңдылықтармен дамиды.

Соңғы кездері білімнің практикалық жағын арттыруға көп көңіл бөлінуде. мақсатында оқушылардың өмір бойы оқуына көп көңіл бөлінуде. Бұл дұрыста болуы мүмкін. Осыған орай жоғары оқу орындарында дәріс оқу мәселесіне, яғни теорияға қажетті көңіл бөлінбеуде. Терең, жан-жақты теориялық білімсіз саналы практикалық жұмыс болмайды.

Сұрақтың мәселесін теориялық жағынан терең әрі жетік меңгерген маман ғана оның практикада қолданысын сәтті шеше алады. Теориялық жағынан терең білімді маман ғана өмір бойы өзінің шығармашылық шыңдалуы мен дамуын жетілдіре алады. Бұл мәселенің және бір сәтті шешілу жолы ол оқушылардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ету.

Осы айтылған мәселелерді сәтті іске асырған жағдайда ғылым және оның нәтижелерінің тұлғаны, қоғамды және экономиканы дамытуға үлкен мүмкіндіктер аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» Астана, 2017 ж.
2. Жалпы білім беретін мектеп мұғаліміне арналған критериалды бағалау басшылығы. Астана, 2016 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. Астана, 2015ж.

**«ОРТА БІЛІМДІ ДАМУДА ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ КІРІКТІРУ РЕТІНДЕГІ 12-ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ» СЕКЦИЯСЫ**

**THE SECTION « THE CONCEPT OF 12-YEAR EDUCATION AS THE
INTEGRATION OF DOMESTIC AND INTERNATIONAL EXPERIENCE IN
THE DEVELOPMENT OF SECONDARY EDUCATION: CURRENT
PROBLEMS AND WAYS TO SOLVE THEM»**

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУГЕ ЖЕТЕЛЕУ
АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Абраимова Нургул Сеитжапаровна

Ұлан ауданы, Мамай батыр ауылы, «М.Ломоносов атындағы орта
мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі

Андатпа. Бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларын бақылау және зерттеу жолдарына үйрету қарастрылды.

Аннотация. В данной работе рассматривалось обучение младших школьников способам наблюдения и исследования.

Abstract. In this work, the teaching of younger schoolchildren in the methods of observation and research was considered.

Бастауыш сынып оқушыларын білім түрлерін оқып үйрете отырып, сол білімдерін іс-жүзінде дұрыс пайдалануға жетелеп, үйрете түсу қажет. Ол үшін оқу үрдісіндегі ізденушілік бағыт оқушылардың теориялық білімдерін практикалық білім, білік дағдылар арқылы бекітуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, алдарына нақты мақсат қоюға және ол мақсатқа жету үшін қолданатын әдіс-тәсілдерге үйренеді.

Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін :

- мұғалімнің өзі теориялық білімдерін жетілдіріп отыруы қажет;
- зерттеу процесіне баланы үзбей, сатылы түрде қатыстыру;
- зерттеу кезеңдері мен әдіс -тәсілдерін айқындап алу;
- зерттеу барысында өз бетімен қорытынды жасай алу;
- шығармашылық жаттығу, тапсырмалардың мазмұнын оқушылардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына сай таңдау;
- оқушы жетістігін мадақтап, көтермелеу керек.

Бала-табиғатынан зерттеуші, зерттеушілік ізденіс – табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, үнемі қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу бала мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Зерттеушілік, ізденушілік белсенділік – баланың табиғи жағдайы; ол әлемді

танығысы, білгісі келеді. Баланың бұл табиғи белсенділігі зерттеушілік мінез-құндылықтың мәні.

Балаларды оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану қажеттілігі балалардың табиғатынан көп білгісі келетіндігімен, қоршаған ортаны түсіну қызығушылығымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысы жүргізу бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.
- қызығушылығын қанағаттандыру.

Менің бастауыш сынып мұғалімі ретінде алдыма қойған мақсатым, оқушыларды ғылыми шығармашылық ізденіс жұмыстарына бастауыш сыныптан бастап тарту. Солардың бірі – оқушылармен жүргізілетін ғылыми шығармашылық іздену-зерттеу жұмыстары. Сынып сағаттары, пәндерді оқыту барысында шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушының қандай тақырыпқа қызағатыны анықталып, осыған байланысты жоспар жасалады. Ал бастауыш сынып оқушысы көбінесе көзімен көрген немесе бақылаған құбылысты терең білгісі келеді. Осы арада аймақтық компоненттерді қарастыру тиімді деп есептеймін. Бұл арада қойылатын мақсат :

1. Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына деген құрметті арттыру.

2. Адамның табиғат пен мәдени ортамен байланысы мен бір –біріне бағыштылығын көрсету, туған өлкеге деген азаматтың адамгершілік ұстанымын тәрбиелеу.

Сондықтан да жұмыстарды жүргізу барысында оқушыларды өз бетімен көп ізденуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, зерттеуді үйрету қажет. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстар:

1. Кез келген тақырып бойынша ең алдымен сол тақырыптың тарихына көп көңіл бөлу. Себебі , шығу тарихын зерттеп алмай кез келген дүниенің сырын түсіну мүмкін емес.

2. Тақырып төңірінде жүргізген зерттеулерді талдау

3. Сонымен қоса тақырыпқа сай қызықты деректер жинақтау. Осы жұмыстарды жүргізіп болған соң өз тарапымыздан қандай жұмыс жасау керектігін (сауалнама, сұхбат, тәжірибе, т.с.с.) айқындап алып соған кірісеміз де нәтижесі бойынша талдау, анализ жасап, қорытынды шығару қажет

Ізденіс барысында оқушыларға шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Оқушылар дүниетанымының мүмкіндігіне қарай, ғылыми түрде тапсырмалар беріледі. Мұғалім мен оқушы бірлесе отырып, жұмыстың көкейкестілігін, шығармашылық аясын айқындады, осы міндеттер бойынша оқушылармен қосымша ізденуге жағдай жасай алады.

Осы жұмыс барысында ғылыми жұмысты жүргізудің теориялық принциптерін пайдаланылады:

1. Ізденіс жұмысты ұйымдастыруда белгілі бір тақырып бойынша көмек көрсетіледі./Қосымша мағлұматтар беремін./

2. Ғылыми бағыт бойынша зерттеу материалдарының тізбесін жасап және сұрыптайды.

3. Жұмыстың өміршеңдігіне мән беріп, ортамен байланысына көңіл бөлу.

4. Зерттеу кезеңдері бойынша қолданатын әдіс-тәсілдері анықталады.

5. Оқушының жұмыс барысындағы жеке қолтаңбасы, жаңалық қыры, шығармаларын талдай білуі ескеріледі.

6. Жұмыстың соңында қорытындылар мен пайдаланылған әдебиеттердің тізіміне көңіл бөлінеді.

Оқушының әрекеті:

- объектісінің зерттеу тақырыбына байланысты аталуын зерттеу,мағынасын білу;

- ауыл тұрғындарымен еркін түрде байланыс орнату;

- аталған жұмыстарының төңірегіндегі өз ойларын сыни, шығармашылық тұрғыда тұжырымдау;

- өз ойын дәлелдеу, өз еркімен мәселе көтеру, оларды дұрыс тұрғыдан шешу, үнемі ізденіс үстінде болуы,

Мұғалім әрекеті:

- мәселелерді шешуге қызығушылығын ояту;

- оқушыға тапсырма беру кезінде кеңес беру;

- зерттейтін тақырыпты таңдауға көмектесу;

- оқушы жұмысына баға беу,бірлесіп тыңдау;

- жай сұрақтан күрделі сұрақтарға көшу арқылы оқушы білімін толықтыру;

- оқушыға бағытталған жұмысының құрылымын айқындау;

- үнемі бағыт-бағдар беру.

Бірнеше оқушылардың жұмыстарына тоқталсам:

Құмашева Айгерім өзінің "Табиғаты тамаша туған өлкем" тақырыбындағы шығармасында ауылымыздың табиғатын, оның ерекшелігі мен

жануарларының сан-алуандылығы туралы әңгімеледі. Нәтижесінде аудандық "Ұлан таңы" газетінде жарық көрді.

4-сынып оқушысы Жәдігер Азат "Қазақи тазы ит- қазақ халқының ұлттық құндылығы" тағырыбында жазған зерттеу жұмысында тазы иттің шығу тарихын, оның түрлерін, дене бітімінің ерекшеліктеріне, мінез құлқына, аң аулаушылық қасиеттеріне сипаттама берді.

Бұл жұмысында қазақи тазы иттердің ұлттық құндылыққа жату ерекшеліктерін зерттеп қарастырды. Ал материалдарын ақпарат көздерінен және ауылдағы сақталған тазы иттерді бақылау арқылы жинақтады. Осы тақырып бойынша баланың ашқан жаңалығы:

Ұлттық құндылықтың сақталуына өзіндік үлес қосу боды.

Осы жұмыстың барысында атқарған жұмыстары:

1. Ауылындағы тұрғындардың асырап отырған иттерін бақылау және тұрғындардан сауалнама алу кезінде ауыл тұрғындары асырайтын иттердің тұқымдарын ажыратты. Ауылда тазы иттердің санаулы ғана екенін анықтады.

2. Ауылдағы тазы ит ұстайтын тұрғындарды және тазы иттің санын анықтады.

3. Тазы иттердің атын, жасын, қанша аң аулағанын анықтады.

4. Өзінің бақылаған тазы иттерінің күшіктерін туған кезінен бақылады. Ол күшіктердің қашан көзін ашқаны, қалай қимыл жасайтындары, немен қоректенетінін анықтады. Ай сайынғы күшіктің салмағын, олардың бойындағы болып тұрған өзгерістерін бақылап отырды.

Оқушы аталған жұмысында өзінің жеткен нәтижесі бойынша атап өтті:

1. Қазақи тазы иттердің шығу тарихы;
2. Жер климатына байланысты алуан түрлі болатынын;
3. Дене бітімінің ерекшелігін;
4. Ауылдығы тазы иттердің таза тұқымды емес, будандасқан түрі екенін;
5. Тазы иттердің жуас, талғампаз, кірпияз болатынын;
6. Тазы иттердің аңшы екенін;
7. Туған кезде күшіктерінің әлсіз болатыны және олардың тез өсіп-жетілетінін.

Оқушының жасаған ұсынысы:

1. Қазақи тазы иттерді құндылық ретінде заңдастыру қажеттігін;
2. Таза тұқымды тазы алу үшін ауылда иттерді байлап ұстау қажеттігін;
3. Ауылда иттерге уақытылы екпе жасау қажеттігін;
4. Ауыл шаруашылығына көңіл бөліп, таза тұқымды тазы алу қажеттігін.

3-сынып оқушысы Ашимова Аяужан "Сүт тағамдары және оның денсаулыққа пайдасы" тақырыбында жеке отбасылық шаруашылықтағы сиыр тұқымы туралы мағлұматтар жинақтады. Жыл мезгілінің өзгеруі бойынша сиырдың жеген азығына байланысты алынатын сиыр сүтінің майлылығының өзгеретінін, одан алынатын өнімдердің жасалу жолдарын, адам ағзасына тигізер әсерін қарастырды.

Зерттеу жұмысы бойынша жасаған қорытындысы:

1. Сиырдың тұқымы: алатау және жергілікті қазақи тұқым.
2. Күту ерекшелігі,
3. Сиыр сүтінің мөлшерінің жазғы шөптің құнарына байланысты екені;
4. Жергілікті қазақи тұқымды сиырдың сүтінің аз болатыны;
5. Сүттен тағам жасау жолдарын білуі және үйренуі;
6. Сүттің құнары мен құрамын, оның ішінде дүкендегі сүттердің құрамы, майлылығы жыл мезгіліндегі шөптің нәліне байланысты өзгермейтінін;
7. Жеке отбасылық шаруашылықта сүтке ешқандай қоспалар қосылмағандықтан денсаулыққа пайдалы екенін білді.

Ұсынысы:

1. Жеке отбасылық шаруашылықта ұстайтын малға уақытылы екпе жасатып отыру;

2. Жеке отбасылық шаруашылықта ұстайтын малдың тұқымын асылдандыру қажет;

3. Табиғи сүтті денсаулық үшін үнемі ішіп отыру қажет.

Өз ойымды қорыта келе айтарым, оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық жұмыстарды жүйелі түрде орындату арқылы зерттеу ізденіс жұмыстарына бейімделулеріне ықпал етеміз. Ал ондай оқушылардың болашақта мамандық таңдау барысында да, өмірде де өз орнын табуда аяқтарын нық басатынына сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрғанбаева.Б.А., Шабденов.Б.Ш. Шығармашылық баспалдақтары. Алматы,2003
2. Бекова.Г. Шығармашылық ізденістер Бастауыш мектеп 1998 ж. № 2 24-28 бет
3. Алпысова.Г.Т. Оқушыларды шығармашылыққа баулу. Бастауыш сынып 2012ж. №3 4-5 бет
4. Өтеғұлова.Г.Қ. Инновациялық технологиялардың тиімділігі Бастауыш сынып әдістемесі - 2011ж. №5, 35-36 бет

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Абылханова Алуа Нурбахытовна

Байзақ ауданы, Берікқара орта мектебінің

биология пәнінің мұғалімі және кәсіптік бағдар беру педагогы

Андатпа. Балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге; мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге; оқытудың нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге; Lesson Study-дің басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға; Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі. Мақсаты: Lesson Study: ол не, ол қалай және неліктен жұмыс істейді, оны кім қолданады? сынды сұрақтарға жауап табу.

Аннотация. Увидеть более четкие и разнообразные стороны получения знания детьми; по мнению учителя, видеть разницу между происходящим в процессе обучения детей и в действительности что они имеют; в результате обучения понять как планировать и максимально удовлетворять потребности учащихся; главной целью Lesson Study является оказание помощи учащимся в получении образования и содействие профессиональному развитию членов группы в рамках сетевого сообщества учителей; Lesson Study помогает использовать возможности в своей педагогической практике. Цель: Lesson Study: что она, как она и почему она работает, кто ее использует? найти ответы на вопросы.

Abstract. To see clearer and more diverse aspects of learning by children; to see the difference between what is happening in the process of teaching children and in reality what they have; as a result of learning to understand how to plan and maximize the needs of students; the main goal of Lesson Study is to assist students in obtaining education and promote the professional development of group members within the network community of teachers; Lesson Study helps to use opportunities in their teaching practice. Purpose: Lesson Study: what is it, how is it and why does it work, who uses it? Find answers to questions.

Lesson Study: ол не, ол қалай және неліктен жұмыс істейді, оны кім қолданады сұрақтарына мектебімізде жоспарланған зерттеу сабақтарынан жауап тапқан болатынмын. Іс-тәжірибемде зерттеу сабағы 5 «А» сыныбында жаратылыстану, орыс тілі және ағылшын тілінен жоспарланды. Жоспарды құрастыруға арнайы фокус тобы құрылды. Фокус тобымен бірлесе сауалнама құрастырылды және зерттелетін оқушылар анықталды. Олар: «А» деңгейі – Сатымқұл Нұрбол, «Б» деңгейі –Ермұрат Арсен, «С» деңгейі – Досхожаева Нұршуак.

«Lesson study» тақырыбы: Сын тұрғысынан ойлауды дамытатын шығармашылық тапсырмаларды жиі қолдану – айтылым дағдыларын қалыптастырудың ең оңай тәсілі.

Мақсаты: Сын тұрғысынан ойлауды дамытатын шығармашылық тапсырмаларды жиі қолдану арқылы айтылым дағдыларын қалыптастыру.

Критерилер: Сын тұрғысынан ойлану тапсырмаларын қолданады; Айтылым дағдыларын қалыптастыратын жағдай жасайды.

Дескрипторлар: Сын тұрғысынан ойлайды; Сыни шолу жасай алады; Сыни көзқарасын білдіреді; Айтылым тапсырмаларын қолданады; Сөздік қорын байытатын әдіс-тәсілдерді қолданады.

Алғашқы сабақ орыс тілінен «Кем быть?» тақырыбында өтті. Сабақ топтық жұмыста болды. Сабақтың алғашқы сәтінен мұғалім оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлай білді. Мұғалім мамандықтар туралы шағын өлең оқып беріп, оқушылардан не туралы? Сабақтың тақырыбы қандай? Деген сұрақтар қою арқылы тақырыпты ашты. Оқушылар болжау арқылы тез арада тауып алды. Жаңа сабақты Оразкуль Бектасовна өмірдің маңызы және қажеті неде? Деген сұрағына оқушылардан жақсы жауап ала білді. Олар өз ойларын жақсы жеткізе білді. Осы орайда бейнежазба қарастырып, кейін талдады. Тақтада жаттығу орындалды. Әр топқа мамандық иелерінің атаулары берілді.

1 топ – повара

2 топ – строители

3 топ – модельеры

4 топ – учителя

Әр топ өзінің атауының лексикалық мағынасын парта үстінде жатқан сөздіктен қарап, ашу керек болды. Грамматикалық мағынасы, қандай сөз табына жататынын анықтады. Бұл тапсырма оқушыларға өте ұнады, олар сөздіктен табуға асықты және әр топ өкілі өте жақсы түсіндіріп берді. Әр топ бір-біріне кері байланыс берді. Бекіту мақсатында оқушыларға шығармашылық тапсырма берілді: сіріңке қорапшасынан фигура құрастыру, ободок жасау, салат жасау, киім үлгісін көрсету болды. Оқушылардың қызығушылығын тудырған осы тапсырма болды. Сабақтың соңында жақсы рефлексия болды. Сабақ аяқталғаннан кейін фокус тобы отырып, талдау жүргізді және екінші сабақтың жоспары талқыланды.

Екінші сабақ жаратылыстану пәнінен Экология және тұрақты даму бөлімі бойынша «Экожүйелер». Ұйымдастыру сәті «Аффирмациялардан» бастадым. Әр оқушыға таратылғандықтан уақыты созылып кетті. Тақтадан төрт сурет

көрсеттім, оқушылар суретте не болып жатқанын түсіндіріп беру сұралды. Мұғалім қосымша сұрақтар қою арқылы оқушылардан тақырыптың атын анықтап алдым. Тақырыпқа сай топқа бөліну және бағалау парақшасын тараттым. «Экожүйелер» туралы шағын көрсетілім ұсындым. «Топтық тергеу немесе зерттеу» стратегиясы бойынша 1 топқа – экожүйеде тек адамға пайдалы өсімдіктер мен жануарларды қалдыруға бола ма екендігін дәлелдейді. 2 топ – өндірушілерін, тұтынушыларына, ыдыратушыларына зерттеу жүргізеді. 3 топ – экожүйе бойынша қарапайым және күрделі сұрақтар құрастырды. Жалпы бірінші топ мазмұндауға қиналды (кітаптан оқып беріп тұрды). Ал 2 және 3 топ жақсы жұмыс атқарды. «Ойлан, зерделе» әдісі бойынша кесте толтырды. Жалпы экожүйе туралы талқылау сұрақтары берілді және оқушылар толық жауап беріп отырды. Шығармашылық тапсырмаға келетін болсақ оқушылар жақсы алып шықты. Сабақ фокус тобымен талданды және 3-ші сабаққа жоспар құрылды.

Үшінші сабақ. Тақырыбы «Professions» мамандыққа байланысты болды. Оқу мақсаты айтылым дағдыларын дамыту болды. Тақырыпты ашу үшін сурет көрсетілді. Сол суретке қарап отырып оқушыларын өз ойларын білдірді және тақырыпты ашты. Сабақ жұптық жұмысқа бағытталғандықтан, жұптарды анықтау мақсатында әр оқушыға үлестірмелер таратылды. Үлестірмелерде әр мамандық иесінің аты және тегі жазылды. Оқушылардың назарына бейнежазба қосылды. Сол бейнежазбадан оқушылар өз жұптарын анықтады және өз мамандықтары бойынша өз ойларын білдірді және сол мамандықтың маңыздысы неде екенін дәлелдеді. Әр жұп бір-біріне кері байланыс берді. Екінші тапсырма have to/haven't to грамматика, яғни ережесі түсіндірілді. Кейіносы ережеге сай тапсырма орындады. **Have to/don't have to rules**

- Every pair will say two have to or has to of next pairs
 - Teacher gives feedback
1. To write correct grammatically sentence
 2. To give right and full sentence

Әр жұп өздерінің тапсырмаларын орындау барысында, өздерінің мамандықтарын не істеуге міндетті және не істеуге міндетті емес екенін жазып, ортаға таныстырды. Мұғалім кері байланыс беріп отырды. Ерекше дұрыс және грамматикалық нормаларға сай орындаған жұп – Нұрбол және Арсеның жұптары болып табылды. Сыныпта 8 жұп болды, яғни 8 мамандық түрі. Соларды мамандықтар және мамандық емес деп екі топқа бөлдік. Топқа бөлуден бұрын бейнежазба қарады.

Professions	Not Professions
doctor	farmer
teacher	babysitter
dentist	plumber
fireman	tailor

Осындай екі топқа бөлінді. Неге, қалай ойлайсыңдар? Деген сұрақтарды қою арқылы оқушылар өз ойларымен бөлісті. Аталмыш тапсырмада жұппен отырған оқушылар екі топқа бөлінді. Интервью әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қойылды. Сенің мамандығың саған ұнайды ма? Неге ол ұнайды? Ол

қызықты мамандық па? Осы сұрақтарға оқушылар жауап бере отырып, өз ойларымен бөлісті. Мұғалім бұл жерде тілші қызметін атқарды, ал оқушылар мамандық иелері. Сұрақ-жауаптан кейін мұғалім оқушыларды, ал оқушылар мұғалімді бағалады. Яғни қызметтерін қалай атқаруына байланысты. Смайликтермен жақсы, жаман емес, керемет деген бағалар қойылды. Екі топқа соңғы тапсырма диалог құрастыру. 1-ші топқа – Мектепте, 2-ші топқа – ауруханада. Оқушылар құрастырып, көрсетіп, жақсы сомдап берді. Рефлексияда оқушылар сабақты жақсы түсінгендерін көрсетіп өтті.

Зерттеу сабақтың сәтті тұстары: сабақта жоспарланған тапсырмалар орындалды, оқушылар белсенділік танытты, кері байланыс жасауда жоғары деңгейді көрсетті. «С» деңгейіндегі оқушы өзін басқа қырынан көрсете алды, белсенді болып, бір қадамға жоғарлағаны көрінді. «А» деңгейіндегі оқушы өзінің бағасын дәлелдей алды.

Зерттеу сабақтың сәтсіз тұстары: оқушылардың сөздік қорлары аз, сөйлеу дағдыларын дамыту қажеттілігі көрінді. «В» деңгейіндегі оқушы сабақта өзін қолайсыз сезінді. Өзінің бағасын дәлелдей алмады.

Ұсыныс: 5 «А» сыныбымен әңгіме, талқылау, баяндау, мазмұндау, өз ойларын білдіру сынды тапсырмаларды орындау. Сөздік қорларын дамыту.

Қорытынды: сабақ мақсатына жетті. Жалпы зерттеу сабақтың мақсаты айтылымға байланысты болғандықтан өз сабағымда ішінара мақсатқа жеттім. *Lesson Study* мен оның тиімділігін басқару арасында өнімді байланыс орнату, соның арқасында *Lesson Study-ге* қатысу мен оның нәтижелерін әріптестеріне таныстыру тиімділікті басқару құралдарының бірі ретінде қарастырылатын болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. www.teachingexpertise.com
2. "Жаңа білім" журналы, №5 2019 ж 8-9 беттер

ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ УСЛОВИЯ В ШКОЛЕ: АСПЕКТЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СБАЛАНСИРОВАННОГО ПИТАНИЯ И ЭРГОНОМИЧЕСКОЙ СРЕДЫ

Айдаркулова Джамиля Кадировна

педагог-исследователь, учитель русского языка и литературы
гимназия имени Гани Муратбаева, Жамбылская область
Байзакский район, село Сарыкемер Казахстан

Андатпа. Мақалада мектептегі тамақтанудың маңыздылығы, оқушының төменгі қажеттіліктерді қанағаттандырмай, жоғары қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкін еместігі туралы айтылады ол оқушылардың өзін-өзі дамыту. Жоғары оқу үлгерімінің кепілі ретінде Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы мектептерінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және эргономикалық ортаны құру мәселесі қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о важности питания в школе, как о низком уровне потребности ученика, без которого не возможно удовлетворения более

высоких потребностей, развития и саморазвития учащихся. Рассматривается вопрос об обеспечении безопасности питания в современных школах Республики Казахстан и создания эргономической среды, как гарантии высоких показателей в учёбе.

Abstract. The article deals with the issue of the importance of nutrition at school, as a low level of the needs of the student, without which it is not possible to meet the higher needs, development and self-development of students. The issue of ensuring food safety in modern schools of the Republic of Kazakhstan and creating an ergonomic environment as a guarantee of high academic performance is considered.

Основным богатством любой страны являются дети. Подрастающее поколение должно быть здоровым. Сохранение здоровья детей - это проблема социальная и её нужно решать всем обществом. В сутки каждый ученик в школе проводит в среднем 6-7 часов, то есть половина своего рабочего времени. А значит, школа является одним из гарантов здоровья детей. Школа должна создавать эргономичную рабочую среду удобную, здоровую и мотивирующую. Исследования показывают, что улучшение эргономической среды учащихся повышает продуктивность обучения. Школа для ученика должна быть безопасной зоной, где он будет чувствовать себя комфортно и безопасно.

Каждый родитель, отдавая ребёнка в школу, первым делом интересуется безопасностью своего ребёнка, а также о сохранении здоровья ребёнка. В школе должно соблюдаться всё, что касается здоровья: учебная нагрузка, которая зачастую бывает перегруженная, перемены должны рассчитывать время в столовую, где нет порядка в современных школах. На перемене стоит давка, каждый ребёнок хочет купить первым, то есть выживает сильнейший. А как быть ученикам среднего звена и ученикам начальных классов. Всё это должна учитывать школа, чтобы каждый ребёнок успел во время покушать и сходить для естественных нужд. Для того чтобы не было таких случаев нужно опираться на следующий документ, где указываются число работников столовой.

В утверждённом приказе Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №598: «Правила организации питания обучающихся в государственных организациях среднего образования, внешкольных организациях дополнительного образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в государственных дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организациях технического и профессионального, послесреднего образования» прописано о наличии, из расчета:

- до 150 обучающихся в организации образования – не менее 1-го повара, 1-го кухонного рабочего;
- от 151 до 350 обучающихся в организации образования – не менее 1-го повара, 2-х кухонных рабочих;
- от 351 до 650 обучающихся в организации образования – не менее 1-го повара, 3-х кухонных рабочих.
- от 651 до 1500 обучающихся в организации образования – не менее 3-х поваров, 4-х кухонных рабочих;

- от 1501 до 2500 обучающихся в организации образования – не менее 3-х поваров, 5-ти кухонных рабочих;

- от 2501 и более обучающихся в организации образования – не менее 3-х поваров, 7-ми кухонных рабочих.

При учёте всех этих требований все ученики успеют на перемене покушать. Современная школа должна учитывать одну из важных ступеней иерархической модели Маслоу, который утверждал, что человек не может испытывать потребности высокого уровня, пока не будут удовлетворены потребности низкого уровня, то есть первым делом нужно обратить на удовлетворение физиологических потребностей, в данном случае удовлетворение питания. Встаёт вопрос о правильном сбалансированном питании учащихся.

На повестке дня остро стоит вопрос о здоровом питании. Школьное питание должно быть сбалансированным, ведь в это время идёт рост организма, рост скелета. Идёт рост системы желез, которые вырабатывают и выделяют в кровь гормоны, которые контролируют многие жизненно важные функции организма, такие как рост, метаболизм и размножение.

Мы все знаем, что в январе месяце 2023 года нынешний министр образования Гани Бейсенбаев сообщил, что учащихся начальных классов в школах Казахстана планируют обеспечить бесплатным питанием. "Особое значение для развития детей имеет качественное питание.

Планируется:

- пересмотреть нормативы обеспечения детей питанием;
- предоставлять одноразовое бесплатное горячее питание всем учащимся начальных классов;
- внедрить систему безналичного учета в столовых.

Очень важно, чтобы дети ели не только полезное, но и вкусное. Институту питания, нужно креативнее подходить к решению данной темы. Креативным решением можно предложить детям больше видов вкусных и полезных салатов, компотов, которые не варят фрукты, а запаривают фрукты, где больше остаются питательных веществ. Добавить в меню несколько видов каш, которые готовятся на молоке, а не на молоке с водой, как делают это в некоторых школах. Ещё одним важным аспектом является то, что для отдельных категорий учащихся организовывать щадящее (диетическое) питание. По данным исследования Муханова Г.Т., Оспаналиева М.С., Камалиева М.Р., Дуйсенбаева Б.С., Кенжекулова Р.Н наиболее распространенными заболеваниями среди детей являются болезни органов дыхания, болезни органов пищеварения, болезни глаза и придаточного аппарата, болезни нервной системы. Можно организовать в школьной столовой следующее меню: каша овсяная, запеченное яблоко, фаршированное творогом и изюмом, травяной чай, манник или пудинг, обогащенный белковой смесью, отвар шиповника, суп-пюре из тыквы и картофеля с фрикадельками из телятины и риса, омлет. Индюшиное филе, запеченное с овощами в духовке, кус-кус на гарнир. Компот из яблок, кураги без

сахара. В школьных столовых и буфетах нельзя продавать газированные напитки, фаст фуды и т. д.

Каждая школа в Республике Казахстан должна быть обеспечена педиатром, медицинской сестрой, которые должны отвечать за здоровье каждого ученика, вести карту наблюдений, проверять меню столовой школы. И поэтому в школу должны отправлять только опытных, знающих, высококвалифицированных медработников.

Медицинские работники должны приходить в школу раньше детей, так как могут случиться всякие непредвиденные случаи, или ребёнок может оказаться в опасной ситуации. Так же медработники под рукой должны иметь самое необходимое для оказания первой медицинской помощи, но, к сожалению, есть случаи, когда ученику не могут дать самые обычные жаропонижающие таблетки.

Итак, по мере удовлетворения более низких потребностей у ребёнка появляются более высокие потребности, то есть потребность обучения и саморазвития.

Список использованных источников

1. Правила организации питания обучающихся в государственных организациях среднего образования, внешкольных организациях дополнительного образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в государственных дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организациях технического и профессионального, послесреднего образования. Приказ Министра образования и науки РК от 31 октября 2018 года №598. [Электронный ресурс]: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017948>

2. Пирамида потребностей по Маслоу [Электронный ресурс]: ru.wikipedia.org/wiki/Пирамида_потребностей_по_Маслоу

3. Статья: Бесплатное питание для всех начальных классов планируют ввести в Казахстане.[Электронный ресурс]:https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/besplatnoe-pitanie-vseh-nachalnyih-klassov-planiruyut-vvesti-488349/

4. Статья «Структура заболеваемости среди детей и подростков в Республике Казахстан» авторы Муханова Г.Т., Оспаналиева М.С., Камалиева М.Р., Дуйсенбаева Б.С., Кенжекулова Р.Н.

[Электронный ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-zabolevaemosti-sredi-detey-i-podrostkov-v-respublike-kazahstan>

ЖАҢА ТРЕНДТЕРДІҢ БІЛІМДЕГІ СИПАТЫ

Бірманова Қымбат Исланбекқызы

Педагогика білімдерінің магистрі, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ директоры

Аңдатпа. Мақалада қазіргі оқу мен оқытуда кәсіби дамуға ұмтылыс, заманауи ақпараттық технологиялар тиімді қолдану арқылы педагог құзіреттілігін дамыту және білімдені жаңа трендтердің сипаты сөз етіледі. Жаңа трендтер арқылы жүйелі жұмыс жасауына, кәсіби даму, оқушыларының білімдегі олқылықтарын түзеу, білім сапасына бағыттау, мұғалімдердің кәсіби дамуы бойынша нақты дәлелдермен қызметі көрсетілген.

Сонымен қатар сандық-мультимедиялық құралдарды қысқа мерзімде оқытуда оңай әрі тиімді қолдана алуы. Біртұтас педагогикалық үдеріске қатыстылардың барынша жоғары нәтижеге жетуді көздеген мақсатты, сапалы өзара әрекеттесуі Soft skills бойынша кәсіби даму картасы жасалған.

Аннотация. В статье рассматривается стремление к профессиональному развитию в современном обучении и обучении, развитие компетенций педагога через эффективное использование современных информационных технологий и характер новых образовательных трендов. Показано системное функционирование через новые тренды, профессиональное развитие, коррекция пробелов в знаниях учащихся, ориентация на качество знаний, деятельность учителей с конкретными аргументами по профессиональному развитию. А также умение легко и эффективно использовать в обучении цифровые мультимедийные средства в короткие сроки. Разработана карта профессионального развития по Soft skills с целенаправленным, качественным взаимодействием участников единого педагогического процесса с целью достижения максимального результата.

Annotation. The article examines the desire for professional development in modern education and training, the development of teacher competencies through the effective use of modern information technologies and the nature of new educational trends. The system functioning is shown through new trends, professional development, correction of gaps in students' knowledge, orientation to the quality of knowledge, the activity of teachers with specific arguments for professional development. As well as the ability to easily and effectively use digital multimedia tools in training in a short time. A Soft skills professional development map has been developed with purposeful, high-quality interaction of participants in a single pedagogical process in order to achieve maximum results.

Жаңа трендтер-жаңа көзқарас тудырып, білімалушылар мен ұстаздар, ата-аналар яғни білім саласына қатысты адамдар жаңа білім берудің заманауи әдісін бағалап үлгерді деп айтсам артық болмас. Жаңа трендтер оқу-білім айналымына қосылып қана қоймай, ақпарат көзін іздеу, жаңа білімдерді жедел әрі тиімді түрде үйрену қажеттілігі туындағанда барша ұстаз қауымы үшін кәсіби дамуға ұмтылыстың жаңа бір білім алу жолы болды. Біз оқытудың үйреншікті үлгілерінен ауытқып, жаңа форматтарын белсендірек игеруге мәжбүр болдық. Енді, дәстүрлі мектептің жұмысы өзгеше болады. Білім берудегі мобильділік оқытуда педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара әрекеті мынадай бірізді, өзара байланысты әрекеттер мен қызметтердің тізбегінен тұрады, олар: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және түзету. Ең бастысы, оқу сізге ыңғайлы уақытта және негізгі қызметіңізге кедергі келтірместен өте береді. Бүгінгі таңда білім ошақтары инновациялық қызметтің біздің әрі қарай дамуымызға ой салып, шығармашылық тұрғыда ойлануға үйрететін қашықтан үйретуші бағдарламалар да, қашықтан білім беру курстары, тренингтер, семинарлар, шеберлік-сыныптары, вебинарлар мен конференциялар, жаңа әдіс-тәсілдер т.б. толассыз артып келе жатыр.

Заманауи ақпараттық технологиялар ғасырында әр ұстаз өзіне қажетті және қызықты нәрселермен шығармашылық тұрғыда айналыса алады. Оқытуда ұстаз бен оқушы арасы қашық демесеңіз, ұстаз бен оқушы арасы бір-ақ қадам. Бірінші кезекте әр оқушыны, тәрбиеленушіні ойлаймыз. Байқағанымыз білім алушылардың виртуалды байланысып, қашықтық олимпиадалар мен байқауларға белсене қатысып, оқуға деген мотивациясын, берілген тапсырмаларды шығармашылықпен орындап, жоғарлағанын көре алдық.

Ақпараттық технологиялар оқушылар үшін білім, білік, дағдыны игерудегі қажетті ресурс болып отыр. Сонымен қатар, түрлі платформаларда жұмыс жасаудағы сандық-мультимедиялық құралдары оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы. Бір сөзбен айтқанда оқушы-ұстаз-ата-ананың компьютерлік және ақпараттық сауаттылық білігі артады. Жұмыстағы ең басты сөз-мүмкіндік. Жақсы ұстаз кез- келген жерде онлайн, офлайн жұмыс жасай біледі. Қашықтан оқыту кезінде мықты ұстазды одан әрі мықты ете түсті.

Мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігі едәуір өсті. Осы ретте ұстаздарды төмендегі топтарға бөліп қарастырайын. Біріншіден: талаптанушы-ізденімпаз яғни дүниетанымы кең, оқу бағдарламаларын жақсы меңгергендер.

Екіншілері жаңашыл мұғалімдер: оқулықтар, ресурстарды көре білетін, өздігінше ізденіс жасайтындар.

Үшіншілері - әдіскерлер: кәсіби жоғары бейімделген мұғалімдер.

Сандық трансформацияда туындаған мәселе жоқтың қасы деуге болады. Себебі бұл саланы да еңсердік. Икемді, мықты ұстаз онлайн, қашықтықтан оқытуда кәсіби ерте сөнбейді. Сандық ресурстарды көптеген жылдар бойы қолданып келдік. Бүгінгі мұғалім жан-жақты, ашық диалогқа дайын, креативті, шынайы ақылды білім альтернативаларын заманауи тиімді қолданатын сонымен қатар блогерлер. Қысқа уақыт ішінде елеулі нәтиже көрсетуде. Шығармашылық жұмыстар форматына қарамастан көп уақытты үнемі талап етеді, оқушылар оқытуға қатысып қана қоймай шығармашылықпен бірігу және бәсекеге қабілетті эффектісін береді. Мектеп оқушыларының білімдегі олқылықтарын түзеу, білім шығынын толтыруда оқытуда өзіндік жұмыстары кеңейе түсті және мультимедиялық құралдарды ұтымды пайдалануда.

- оқыту жағдайының қолайлығы:
- психологиялық жайлылық,
- өз сандық-мультимедиялық құралдарымен үйреншікті қалыпта оқу
- оқытудың арнайы мерзімдері және шапшаңдығы
- дербестіктің жоғары үлесі
- уақыт шектеуін жеңу.

Әр баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму процестеріне бағытталып, жан-жақты болып ескерілуі, ата – аналармен мұғалімдер, мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы бірлескен белсенді қарым-қатынастың қамтамасыз етілуі, оқып үйренудің маңыздылығын айтып отыру керектігі. Оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызылуы. Мұғалімнің кәсібилігіндегі үш басымдық: жалпы азаматтық сапа, мұғалім мамандығын анықтайтын сапалар, пән бойынша білім, іскерлік, дағды. Осы сапалар арқылы мұғалімнің еңбекке деген уәжі, кәсіби шеберлігі, қарым-қатынасы көрінеді. Қазіргі мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ұстаз ешнәрседен тыс қалмай өзін-өзі ылғи да ілгері жылжытып отыратын болса, жұмыста оң нәтиже болады.

Осы орайда білім беру үдерісін оңтайландыруға ықпал ететін әр түрлі технологиялар бар. Цифрлық көмекшілердің көмегімен білім алу-білім берудегі маңызды, айқын трендтер бар.

- Bite-size технологиясы, гамификация, мобильді оқыту, микро оқыту, әлеуметтік желілер, кеңейтілген шындық, Soft Skills.

Bite-size технологиясы- кішігірім уақыт аралығында және өзіне ыңғайлы ретте, бір нәрсені жіті назарда ұстап жігерлі оқыту ұғымымен алмастырылды. Жаңа ақпарат алғашқы 20 минут ішінде жақсы қабылданады, алғашқы 5-8-минутта адам зейіні мейілініше тиянақты болады. Bite-size learning әдісін оқушылардың зейіні бөлініп кетуі мәселесін шешудің ең сәтті тәсілдерінің бірі деп есептеймін. «Шағын бөліктерде» оқу кезінде әр түрлі құралдарды бейнелер, блогтар, ойындар және тестілерді қолдана отырып, ұзақтығы 15 минутқа дейінгі модульдер жасалады. Түптеп келгенде, адам нақты және мақсатты ақпаратты алады, сол арқылы өзінің уақытын едәуір үнемдейді. Оларды біріктіргенде дәстүрлі презентациялармен салыстырғанда ауқымды тақырыптар енгізуге және зерттелетін тақырыпты егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді. Тағы бір басымдығы – оқыту барысында сіз тек жұмыс компьютерін ғана емес, сонымен қатар сандық-мультимедиялық құралдарды да қолдана аласыз. Сіз қысқа мерзімді оқытудан оңай өте аласыз.

Оқытудың икемді форматтары. Әр оқушыға бағытталған тәсіл, жеке тұлғаның уәждемесін арттырады, оған оқу үдерісін басқаруға және оқудағы жетістіктерін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Бұл сабаққа бар ынта-жігерімен қатысуға оң әсер етеді. Икемділік оқыту жүйесіне де таралады, әлемдегі университеттердің гибриді оқыту схемаларына бет бұруы бекер емес. Ол жағдайда ең әуелі теорияны платформада өз бетінше оқып танысады. Ал жанды дәрістердің өзі оқылған материалды талқылауға, сындарлы пікірталастарға, нақты жағдайларды талдауға, топтық тапсырмалар мен презентацияларды қарауға арналады. Бұл үрдіс болашақта тек күшейе түседі.

Сандық технологиялардың дамуы, бір жағынан, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, екінші жағынан, біздің алдымызға жаңа міндеттер қояды. Ағымда болу үшін, тиімді және сұранысқа ие маман болу үшін үнемі оқып, дамып отыру керек.

Әлеуметтік желілер- ресурстарды білім мен тәжірибе алмасуға, яғни әлеуметтік оқытуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медиа, блогтар, бейнеблогтар-әлеуметтік медиа және бейнеблогтардың көмегімен оқыту. Тіпті Facebook, Instagram, Telegram таспасы оқу элементтерімен толығады: адамдар достарымен бөлісуге және есте сақтау үшін ақпаратты, мысалы, шетелдік сөздерді немесе ережелерді сақтауға дайын. Білім беруде өз сабақтарын ютуб каналдары арқылы таныстырады, қаралым тіпті саны кеңейіп, тәжірибе жинақтайды. Мұғалімдер оқушылардың шығармаларын, сабақтағы өнімін блогта жариялайды, бұл аудиторияның назарын олардың шығармашылығына аударады және мұғалім қолданған жаңа әдістерге деген қызығушылығын айқын көрсетеді.

Білім беруді геймификациялау-ойын ретінде оқыту, онлайн-құралдарды пайдалану. Компьютерлік ойындардың дамыған құралдарын қолдану оқуға

деген ынтаны арттыруға, бәсекелестік рухын қалыптастыруға, оқушыны бір тапсырмадан екінші тапсырмаға кедергісіз бағыттауға және олардың деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Бағалаудың орнына бонустар ретінде мұғалімдер мектеп пәндерін оқыту үшін арнайы бейдждер, X games ресурсын пайдаланады.

Сонымен қатар ең күрделі пәндерді оқытуда жаңа көкжиектер ашады және уақыт өте келе бұл құралдардың бәрі қол жетімді.

Кеңейтілген шындық технологиялары- егер кеңейтілген шындық батыру әсерімен қоршаған ортаға еліктеуді жасаса, онда кеңейтілген шындық компьютерде жасалған ақпаратты бақылаушының табиғи сезімдерімен біріктіреді. Мұғалімнің сандық құрылғылар мен бағдарламалар арқылы жасалған және кескін сипатындағы объектілермен кеңейту. Оқу бағдарламаларымен бірге кеңейтілген шындықты пайдалану интерактивті орта құра отырып, мұғалімнің де, оқушының да оқу үдерісіне қатысуының жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мұғалімнің көкжиегін кеңейтіп, ынтасын оятып, оны тақырыпты тереңірек зерттеуге итермелейді. Білім берудегі кеңейтілген шындық технологиясының мүмкіндіктері мұғалімнің кәсіби дамудың анағұрлым мазмұнды және мамандандырылған бағдарламаларын ұсынуға мүмкіндік беретінін көзіміз жетті. Кеңейтілген шындық смартфон арқылы оқу-үдерісіндегі іс-әрекетті көре аламыз.

SOFT SKILLS қаншалықты маңызды және қажетті?

Педагогтардың икемді дағдыларын қалыптастыруда эмоция, орта атмосферасының ықпалы мұғалімнің қызығушылықпен жұмыс істеуі және сыни ойлауларының қалыптасуына негіз болады. Мұғалімдердің сөйлеуінде, іс-қимыл әрекетінде белсенділік олардың рефлексия біліктерін дамыту үшін әлі де болса жұмыс жүргізуін талап етеді. Мұндағы мақсат мұғалімдердің кәсіби дамуы мен мұғалім міндетін атқара алуы болды. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр педагогтың дұрыс ой түйюіне, өнегеге жол сілтеуі, бәсекеге қабілеттілік жетістіктерін терең меңгертіп оқыту, сыни көзқарастарының қалыптасуы, сыншыл дос ретінде қарауға, пікір таластыру, өз рөлін ортада сезінулеріне бағыт береді. Ұжымда бір-бірімен байланыс орнатып, өзгелердің пікірін тыңдап, іс-тәжірибемен алмасуы, біртұтас педагогикалық процеске қатыстылардың барынша жоғары нәтижеге жетуді көздеген мақсатты, сапалы өзара әрекеттесуі. Педагогтар өз идеяларын бірлесе жұмыс жасауда, белсенділіктің, ынтымақтастықтың, қалыптасатыны, бірлескен еңбектің өнімі, беретін нәтижесінің мол екендігі көрініс тапты. Жасалған әрбір игі істің бастамасында нәтижеге қол жеткізуде бірқатар кемшіліктердің де орын алатыны мәлім. Ойдың сезімге, мінезге және көзқарасқа айналуы бірден емес, біртіндеп болады. Заманауи басшының басқару сапасына: стратегиялық дамуды жоспарлау, топтық жұмыс функциональдық міндеттің бөлінуі, мұғалімдердің кәсіби дамуы, оқыту сапасының мониторингі және бағалау, ресурстарды пайдалану критерийлері бойынша нақты көрсеткішті бағамдауға, өзін-өзі бағалауды үйретуі.

Мектеп педагогтарының үздіксіз білім алуына жол ашу, икемді дағдаларды дамытуымен сипатталады. Мектеп педагогтарының Soft skills бойынша жасалған даму картасы он қадам және он басымдықты көрсетеді.

Қадамдар:

Серіктес мектептердің педагогтарын анықтау, оқыту және дамыту, көшбасшыларды дамыту, әлеуметтік мониторинг жүргізу, жобалық тәсіл, жаңа алаңдар, тиімді коммуникация, цифрлық технологиялар, әрекетке бағыттау, нәтиже.

Басымдықтары:

- рухани құндылықтар дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- оқыту мен оқуды ұйымдастыруды қамтамсыз ету;
- көшбасшы-мұғалімдерді тиімді басқару;
- педагогтардың кәсіби даму маршрутын жасау;
- педагогтарды әлеуметтендірудегі жобаларды іске асыру;
- педагогтармен қарым-қатынас орнату және оны жетілдіру;
- педагогтардың жұмысын сандық-мультимедиялық құралдар арқылы тарату;
- жаңа қадамдарға ілесу және нәтижені көру;
- педагогтардың күзiреттiлiктерiнiң оңтайлы көрсеткіштері

Оқыту ортасында желілік қоғамдастықты жандандыру арқылы кәсіби имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Педагогтардың белсенділік деңгейін арттырып, балама ойлау, туындаған мәселелердің шешімін іздеу, икемділік дағдыларын қалыптастыру қабілеттерін дамытады.

Күтілетін нәтиже қоғамдастық педагогтарының жеке тұлғалық дамуында әріптестер арасында икемді дағдылар арқылы тиімді қарым-қатынас және ынтымақтастықтың жақсаруына ықпал етіледі.

Педагогтар өз идеяларын бірлесіп жұмыс жасауда, белсенділіктің, ынтымақтастықтың, қалыптасатыны, бірлескен еңбектің өнімі, беретін нәтижесінің мол екендігі көрініс тапты. Бұндай ұжымдар топтасу, ұйымдасудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Бұның барлығы әртүрлі бағыттағы бейресми топтардың құрылуына негіз қалайды. Мектеп басшылары педагогикалық ұжымды ұйымдастырғанда және басқарғанда бұл жағдайды ескеруі тиіс. Өзара қатынастың педагогикалық ұжымның тұрақтылығына ықпал екі жақты сипат алады. Бір жағынан ұжымішілік қатынас, ұжымның тұрақтылығын білдірсе, екінші жағынан педагогикалық ұжымдағы тұрақтылық педагогтардың өзара қатынасының сипатын айқындайды. Жетістік-әрекетте, жетілу-мақсат, ізгі мұрат жолында еш аянбау бүгінгі педагогтардың міндеті

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА УЧЕНИКОВ 5 КЛАССА ПРИ ИЗУЧЕНИИ РАЗДЕЛА «ВИЗУАЛЬНОЕ ИСКУССТВО» НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Галкина Татьяна Валерьевна

КГУ «Булаевская школа-гимназия имени Батыр Баяна»

учитель художественного труда г. Булаево, район Магжана Жумабаева

Аннотация. Мақалада сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін қолдана отырып, көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қиялын дамыту жолдары ашылады.

Аннотация. В статье раскрываются пути развития творческого воображения учащихся на уроках художественного труда с помощью нетрадиционных техник рисования.

Annotation. The article reveals the ways of developing the creative imagination of students in art work lessons with the help of non-traditional drawing techniques.

«Может быть, маленький ребёнок повторяет то, что было уже создано другими людьми, но, если эти деяния – плод его собственных умственных усилий, - он творец; его умственная деятельность, творчество».

В.А.Сухомлинский

В условиях демократизации и гуманизации учебно-воспитательного процесса в школе на современном этапе все более отчетливо прослеживается тенденция формирования творческой личности. В соответствии с ГОСО осуществляется целостное развитие и раскрытие потенциала каждого ребенка на основе общечеловеческих и национальных ценностей с учетом его интересов, особенностей и потребностей [3, с.7].

Целью проекта «Читающая школа - читающая нация» является, так же, создание в Казахстане активной среды для творческого развития детей [5, с.1].

Вследствие анализа нормативных правовых документов, перед нами, учителями, обозначилась проблема: какие активные группы методов следует задействовать на уроках педагогу для того, чтобы добиться этой цели [2, с. 184]

В этой связи в данной статье мы представим результаты исследовательской работы по решению указанной проблемы.

Развитие творческого воображения актуально тем, что в современной школе многие дети работают по стандарту, шаблону на всех дисциплинах, исключением не стали и уроки художественного труда. Так, обучая детей в школе, следует помнить, что у каждого учащегося имеется свой индивидуальный уровень для творческой деятельности. И каждый педагог должен знать, что именно дети способны творить нечто новое, так как именно они обладают наибольшей эмоциональной чуткостью, умеют воспринимать окружающую действительность, как нечто новое, удивительное. Все будущее человек постигает при помощи творческого воображения.

Актуальность исследования заключается в том, что в школьном возрасте дети получают представления об искусстве и возможность приобщения к нему,

возможность овладения той или иной художественной деятельностью. В 2021 году в исследовании PISA впервые в качестве одного из ведущих компонентов вводится оценка креативного мышления, что многократно повышает значимость этого направления исследования [5, с.8].

Творческий потенциал – это внутренние личностные возможности, проявляющиеся в творческой деятельности, которые включают:

- ✓ Уровень развития художественно-образного творческого мышления;
- ✓ Художественно – творческую направленность;
- ✓ Творческую мотивацию, проявляющуюся в стремлении овладеть новыми знаниями, умениями;
- ✓ Способность к творческой реализации.

Нетрадиционные техники рисования – направлены на развитие у детей творческого воображения.

Цель исследования – обосновать педагогические условия формирования творческих способностей учащихся через занятия изобразительной деятельностью в разделе «Визуальное искусство» по предмету «Художественный труд» с помощью нетрадиционных техник изображения.

Экспериментальной базой является КГУ «Булаевская школа-гимназия имени Батыр Баяна», где приняли участие 20 учеников: опытной и контрольной групп по 10 детей. В опытную, группу входят дети, которые посещают кружок рисования "Палитра".

Исследование включает в себя три этапа:

- организационная - выбор инструментов исследования;
- основная - проведение исследований;
- итоговая – обработка, анализ и интерпретация данных, формулирование выводов на основе полученных результатов.

Методы исследования. В работе использовались следующие методы: качественный и количественный анализ эмпирических данных.

Для проверки выдвинутой гипотезы использовали три методики:

- ✓ Техника "Акватипия»
- ✓ Кляксография
- ✓ Творческое задание «Фантазийные деревья»

На констатирующем этапе мы определили начальный уровень развития творческих способностей учащихся в искусстве по трем методикам.

По результатам метода «Акватипия» были выявлены уровни развития творческих способностей у пятиклассников на констатирующем этапе в экспериментальной и контрольной группе. У 30% детей опытной, группы и у 20% детей контрольной группы отмечается средний уровень развития творческих способностей. Учащимся было предложено нарисовать дерево в любой известной технике рисования. В результате, было создано то, что не ново, но несет в себе элементы творческого воображения, а также, производит на зрителя определенное эмоциональное впечатление. Детали и изображения рисунков проработаны.


В процессе проведения исследования, учащиеся рисовали деревья различными нетрадиционными способами угольком, кончиком кисти, в технике акватипия, фантазийные деревья, кляксография, набивка сухой кистью. Проводилась 10-бальная система оценивания. По результатам оценивания выстраивался график в процентном соотношении.

Длительность работы над опытом:

Работу по разрешению противоречия мы разделили на несколько этапов.

На I этапе (сентябрь 2022 г.) – предполагалось проведение анализа сложившейся ситуации и обнаружение проблемы, противоречия, изучение литературы по данной проблеме, определение цели и задачи опыта.

График 1 - Рост творческого потенциала.



На II этапе (октябрь 2022 г.) автором опыта проводилась работа по реализации деятельностного подхода в развитии творческих способностей учащихся посредством использования нетрадиционных техник рисования.

На III этапе (ноябрь 2022 г.) проведена итоговая диагностика, подтвердившая успешность выбранного подхода для решения возникшего противоречия. Была доказана успешность использования нетрадиционных техник рисования при формировании художественно – творческих способностей у детей.

Диапазон опыта: данный педагогический опыт может быть полезен учителям художественного труда и рисования образовательных организаций, педагогам дополнительного образования, заинтересованным и внимательным родителям, учителям начальных классов, студентам педагогических колледжей.

Анализ результатов работы над опытом показал, что у учащихся произошли заметные изменения по всем показателям. Дети стали более творчески активными. Используя различные нетрадиционные способы рисования у детей возникнет интерес «А чем еще и что еще я смогу нарисовать?». Уровень творческого потенциала возрос у контрольной группы учащихся с 23% до 28%, у опытной группы с 70% до 76% .

Следовательно, работа, направленная на развитие творческих способностей, при использовании нетрадиционных техники в течении трех месяцев, состоялась и принесла положительный результат. Если педагог будет придерживаться данных советов, то уроки изобразительного искусства будут

приносить больше пользы, они будут развивать в детях их потенциал, творческое воображение.

Список использованных источников

1. Выготский Л.С. Лекции по психологии: СПб., Союз, 1997.- 51с.
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. - М., 1999. -. 93 с.
3. ГОСО стандарты образования 2022-2023г.-151 с.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726 Об утверждении национального проекта «Качественное образование» «Образованная нация»
5. Программа PISA-2022.
6. Об утверждении национального проекта «Качественное образование «Образованная нация» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726>.

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ОҚУШЫНЫҢ ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛДЫРУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Дариябекова Меруерт Маратқызы

элеуметтік ғылымдар магистрі, педагог-психолог
«125 International school of Taraz», Тараз, Қазақстан

Андатпа. Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру - ХХІ ғасыр талабы. Дарындылықты оқушының өмір салтына айналдыру мақсатында автор «Daryn-life» жұмыс моделін ұсынады. Модель 5 бөліктен тұрады: қабілет, шығармашылық, қолдау, сенім, мақсат. Аталған бөліктен білім беру үрдісіндегі бес тараптың: психолог, мектеп, оқытушы, оқушы, ата-ана – дарындылыққа бағытталған жеке жұмыстары мен міндеттерін қамтид

Аннотация. Повышение качества образования учащихся, выявление их талантов, формирование научно-исследовательских способностей - требование 21 века. Для превращения таланта в образ жизни ученика автор предлагает рабочую модель «Daryn-life». Модель состоит из 5 частей: способность, создание, поддержка, убеждение, цель. Эта часть включает в себя личную работу и обязанности пяти сторон образовательного процесса, ориентированных на талант: психолога, школы, учителя, ученика, родителей

Abstract. Improving the quality of education of students, identifying their talents, developing research abilities is a requirement of the 21st century. To turn talent into a student's lifestyle, the author proposes a working model "Daryn-life". The model consists of 5 parts: ability, create, support, believe, goal. This part includes the personal work and responsibilities of the five sides of the educational process focused on talent: psychologist, school, teacher, student, parents.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деп ұлы Абай Құнанбайұлы айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны анық.

«Әрбір адамның бойында қабілеттер мен бейімділіктер бар, тек оны ояту және дамыту қажет. Оларды тиімді қолданылғанда ең жақсы нәтиже береді. Сонда ғана адам нағыз тұлғаға айналады», - деді А.Бабель [1]. Әр баланың қабілеті мен таланты болады. Балалар табиғатынан білімге құштар және ынталы. Ол үшін олардың бойындағы қабілеттерін көрсете алуы үшін үлкендердің: мұғалімдердің, тәрбиешілердің, ата-аналардың шебер бағыт-бағдары болса болғаны.

Әр адам өзінше дарынды, әрқайсысының шығармашылық әлеуеті зор. Бірақ жасай білу – бұл талант емес, әркім өз бойында дамыта алатын шеберлік. Шығармашылық, жасампаздық – дарындылықтың белгісі. Қабілеттердің көріну формалары әртүрлі болуы мүмкін: айқын, жасырын дарындылық. Дарындылықты дамытудың негізгі парадигмалары екіге бөлінеді: 1) барлық балалар табиғатынан дарынды; 2) дарындылықтың дамуына педагогикалық фактор ең көп әсер етеді. Дарындылықтың мақсаты мен міндеттерін айқындау және нақтылау үшін «дарындылық» және «дарынды балалар» ұғымдарына сүйене отырып, дарындылықты анықтау қажет.

Дарындылық -

1. жалпы психикалық дамудың жоғары деңгейінде, шығармашылық көріністерде және білімнің көптеген салаларында оқуға бейімділікте көрінеді.
2. іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін қабілеттердің сапалы бірегей үйлесімі. Белгілі бір құрылымды білдіретін қабілеттердің бірлескен әрекеті жеке қабілеттердің жеткіліксіздігінің орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Дарынды балалар -

1. интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін қоса алғанда, жалпы психикалық дамуының жоғары (өз құрбыларымен салыстырғанда) деңгейі бар, олардың оқуға ерекше қажеттіліктері олардың ізденімпаздығымен, зерттеушілік белсенділігімен және өз бетінше білім алуға ұмтылуымен байланысты балалар;
2. жалпы немесе ерекше дарындылығы бар балалар (музыка, сурет, техника және т.б.)

Дарындылық – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Көбінесе «дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын

оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған [2]. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты—олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды балаларды анықтау - баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Осы айтылғандарды ескере отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалды: баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс - әрекетіне талдау жүргізу, дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану, баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай - ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау, жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата - аналардың сипаттамалық бағалары, түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез - құлқы мен іс - әрекетін жан - жақты бағалаудың кешенді сипаты.

Дарынды оқушымен жұмыс істеудің негізгі мақсаты: олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсат қажет оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дегенмен, әліде болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олардың білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай, деңгейіне оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, өйткені ХХІ ғасыр білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой - өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан - жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәттен естен шығармауымыз жөн.

Жалпы білім беру ұйымдарында дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу дегенде, ойымызға бірден үлгерімі жоғары, үздік оқушыларды олимпиада, ғылыми жоба немесе басқа да шығармашылық байқауларға дайындау, қатыстыру келеді. Қоғамда 40-50 жасқа келгенде өз дарынымды аштым, қабілетімді таптым деп қуанатын адамдар бар. Алайда сол дарындылықты бастауыш сынып қабырғасында жүрген кезде ақ анықтап, оны әрі қарай дамытқан болсақ қалай болар еді?

Дарындылықты оқушының өмір салтына айналдыру мақсатында автор «Daryn-life» жұмыс моделін ұсынады. Модель 5 бөліктен тұрады: ability, create, support, believe, goal. Аталған бөліктен білім беру үрдісіндегі бес тараптың: психолог, мектеп, оқытушы, оқушы, ата-ана – дарындылыққа бағытталған жеке жұмыстары мен міндеттерін қамтиды. Әр бөлікке жеке тоқталар болсақ:

1. Ability (қабілет). Бұл бөлікте оқушының жеке дара қабілеттерін анықтау жұмысы жасалады. Яғни жыл басында алдымен мектеп психологы оқушылардың қабілет деңгейлерін саралау мақсатында дарындылық тесттерін алады. Осылайша, мектептегі дарынды оқушылар анықталады. Айта кететін

жайт, дарынды оқушы дегеніміз сабақ үлгерімі жақсы, үздік оқушы емес. Дарынды оқушы деп бойында қандай да бір өмір саласына қабілеті, нышаны, дарындылығы, қызығушылығы мен шығармашылық ізденісі бар оқушы. Яғни біз балалардың есте сақтау, ұшқыр ой, бәсекелестікке қабілеттілік, шығармашылық, өз қорқынышын басқара алуы, сөздік қордың байлығы, сенімділігі жоғары, мінез-құлық ерекшелігі, қарым-қатынас шеберлігі, актерлік шеберлік, эмоциялық біліктілік және т.б. сипаттамалар арқылы қабілеттерін саралай отырып, баланың қандай да бір салаға икемділігін анықтаймыз. Сонымен қатар дарынды оқушылармен жұмыс барысында мектепте «Психология» сабағының өтілуі де маңызды рөл атқарады. Себебі аталған пән балалардың ішкі жан дүниесін, айналасын тануға, өзінің Менін қалыптастыра отырып, ішкі қабілеттерін шындауға, шығармашылық ізденіске арқау болады.

Дарынды балалар қандай? Олар әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен бірден көзге түседі. Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория – ой — өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар.

Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория – дарындылық күш – қажырымен ерекшеленетін оқушылар [2].

Бұл тек қана теориялық тұрғыдан алғанда. Ал күнделікті өмірде балалармен жұмыс түрлерін жандандырып, отыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқу жылы басталғанда ақ таңдау пәндері мен үйірме жұмыстарының жоспарлары да сол дарынды балалардың, жалпы оқушылардың танымдылығы мен қабілетін, ой-өрісін, шығармашылығын дамытуға арналып жоспарлануы қажет.

Барлық жаңа технологиялардың алдымен қоятын мақсаты – адамның жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру. Мақсатын орындауға жоспар құра білген адам, оны жасауға міндетті түрде мүмкіншілік табады [3].

2. Create (креатив). Бұл бөлікте білім ордасы – мектептің оқушының шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында жасайтын жұмыстары қарастырылады. Ең алдымен мектеп әрбір оқушы үшін шабыт беруші орта болуы шарт. Мектепте тек үздік оқушылармен ғана жұмыс жасалмай, «әр оқушы – дарынды» концепциясы арқылы барлық оқушының дарынын ашуға күш жұмсалыуы. Осы орайда оқушыдан бұрын, ең алдымен үйретушіде, яғни мұғалімнің бойында да шығармашылық белсенділік, ізденіс, қызығушылық, үнемі кәсіби дамып отыру белгілері көрінуі тиіс. Сол себепті мектепте мұғалімдерден кәсіби шығармашылық біліктіліктері талап етіледі. Сонымен қатар, қазіргі таңда жеке меншік мектептердің ішінде құндылыққа негізделген инновациялық білім беру миссиясы қарастырылған. Бұл жағдай мектепте баланы әр түрлі құндылықтарға баули отырып, өзінің болмысын тануына, әлемді

тануына және өзін көрсетіп, шығармашылық жетістікке жетуіне себеп болады. Мектеп тарапынан дарынды оқушылармен жасалатын жұмыстардың тағы бір негізгі бағыты – оқушыларды облыстық, республикалық, халықаралық, әлемдік кеңістікке шығуына жол ашу. Сонымен қатар мектеп дарынды оқушының ата-анасымен үнемі ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы керек.

3. Support (қолдау). Ұстаздар тарапынан дарынды оқушылармен жасалатын ең негізгі жұмыс – бұл оқушыны үнемі қолдап отыру. Сабақ беру кезінде бірнеше сезімдерді қолдану. Сонда баланың қиялы, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық ойлауы дамиды. Сонымен қатар әр тоқсан сайын оқушылардың даму деңгейлерін бақылау шкаласын жасау. Оқушылардың бойындағы туа біткен шығармашылық қабілеттерін байқай отырып, оны дамытуға жұмыстар жүргізу. Дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік ету. Оқушылардың білім деңгейлерін арттыру мақсатында мұражайға бару, белгілі адамдармен кездесулер ұйымдастыру. Сонымен қатар оқушылар арасында шеберлер байқауын, ақындар айтысы, шешендер сайысы секілді өнер байқауларын жүргізе отырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.

4. Believe (сенім). Кез-келген оқушы үшін ең мықты мотиватор ол ата-анасы. Егер ата-анада баласына деген сенім болмаса, шынайы қолдау білдіріп, жүректен шыққан лебіздерін ашық жеткізе алмаса, балада қанша алдыға ұмтылса да бір нәрсе жетпегендей толымсыздық сезімі болады. Осы тарапта ата-анадан бала бойында жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру талап етіледі. Баланың қандай да бір қабілетінің бойында көрінуі отбасылық дәстүрлер мен ұстанымдардың көмегімен де айқындалады. Ата-ана оқушының дамуына моральдық, материалдық көмек көрсетуі, оқушының талабы мен қандай да бір қызығушылығына шынайы қолдау білдіруі, сонымен қатар оның денсаулығына, ұйқысының тыныш болуына, дұрыс тамақтануына мән бергені маңызды. Оқушыға сенім білдіре отырып, үнемі мектеппен жақсы байланыста болған кезде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз.

5. Goal (мақсат). Бойында қандай да бір дарындылықты, қабілетті шыңдап, оқуда, өмірде үлкен жетістіктерге жетемін деген әрбір оқушы да осы тарапта жеке жұмыстануы шарт. Яғни бұл кезде баладан SWOT-талдау, нақтырақ айтқанда өзінің кемшіліктері мен басым тұстарын көре алуы, үнемі шығармашылық ізденісте болуы маңызды. Осы кезде мұғалім де, мектеп те, ата-ана да бала бойында өзінің жеке креативті ойымен айналасындағылармен бөлісу дағдысын қалыптастыру маңызға ие. Оқушының өз эмоцияларын дұрыс басқара білуі, әртүрлі шешім қабылдау тәсілдерін үйренуі, айналасынан қажет кезде көмек сұрай алуы дарындылыққа қажетті негізгі қабілеттер. Сонымен қатар дарынды оқушы өзі басқаларға жетекшілік етсе, бұл өз бойында көшбасшылық қабілетті шыңдай отырып, басқаларға өз бойындағы қабілеттерін танып, білуіне арқау болар еді.

Дарынды балаларды іздеу, оларды оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгін ауадай қажет, себебі дарынды адам басқаларға қарағанда қоғамға көп пайда әкелетіні анық. Ендеше сол жұмысымыз нәтижелі болу үшін әрқашан жана

оқу әдістерін (технология) қолданамыз. Жаңа оқыту әдісі (технология) – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы. Ал педагогтардың жаңа оқыту әдісі дегеніміз – бұл педагогтың мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы. Жаңа оқыту әдісін жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі шәкірттердің бағалауы ерекше орын алады.

Баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, рейтинг жүйесімен білімін бағалай отырып, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады.

5 бөліктен құралған «Daryn-life» жұмыс моделімен мектептегі барлық оқушыны жеке тұлға, әрі дарынды деп тани отырып, жұмыла жұмыс жасар болсақ, біз келесідей нәтижеге қол жеткіземіз: мемлекеттегі дарынды жастар үлесінің артуы, қоғамда тәртіпті, тәрбиелі, бақытты ұрпақтардың тәрбиеленуі, саналы түрде таңдалған оқу орны мен мамандықтар, авторлық интеллектуалды өнімдер, жарқын болашақ, салауатты өмір салты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқашева А. Б. Дарынды балалар педагогикасы: оқу құралы / А. Б. Мұқашева, Қ. Б. Жұмабекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 130 б.
2. Дарындылықтың психологиялық диагностикасы (әдістемелер жинағы)/ Құрастырушылар: Қирабаева Ш.А. Бакиева Т.А. – Астана: «Дарын», 2012. -216 б.
3. Жолдыбайұлы Қ. Кемел адам. «Самға» баспасы. 2022. – 360 б.

ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМ ДЕФЕКТОЛОГ РӨЛІ МЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Жалаушинова Лира Мухаметкановна

Аңсағанова Айым Болатқанқызы

мұғалім-дефектологтар: ШҚО ББ «Ақ Ниет» мектеп-интернаты

КММ, Өскемен қаласы

Андатпа. Мақалада дефектологтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде заманауи білім беру технологияларын пайдаланудың ғылыми-әдістемелік аспектілері ашылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен оқу процесін ұйымдастырудағы дефектологтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері сипатталған.

Аннотация. В статье раскрыты научно-методические аспекты использования современных образовательных технологий в работе дефектолога с детьми с особыми образовательными потребностями. Описаны особенности профессиональной деятельности дефектолога в организации учебного процесса с детьми с особыми образовательными потребностями.

Abstract. The article reveals the scientific and methodological aspects of the use of modern educational technologies in the work of a defectologist with children with special educational needs.

The features of the professional activity of a defectologist in the organization of the educational process with children with special educational needs are described.

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашып, ержеткеннен кейін, тұлға болып қалыптасу үшін өмірден өз орнын табуға тиіс. Абай Хәкім айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан»- деді емеспе. Осындай ғылым- білім, жаңа технология дамыған кезеңде әр сала бойынша ұстаздар мамандық иесі болуға жылдан- жылға жаңа мамандар дайындау үстінде. Мамандықты дұрыс таңдау – өмір жолындағы ең басты айшықты қадам. Жауапкершілікті керек етер бірден- бір маңызды, дұрыс шешім шығара білуді талап ететін күрделі де күрмеуі көп адам өміріндегі шоқтығы биік, сан- қырлары бар, ерігіне бой алдырып, өз қалауыңмен өз таңдауыңды жасайтын кезең болып табылады. Біз мамандық таңдар алдында адам өзінің ішкі жан дүниесін бағып көруі керек дегіміз келеді. Себебі әр баланың бір салаға жақын екендігін білдіретін бойында бейімдігі басым болады. Тамырың қайсыған иіледі, қай мамандықты сүйесің соған қарай бүйрек бұру қажет. Өз жүрек қалауымызбен мамандық таңдадық, ол дефектология мамандығы. Қарапайым халық дефектологтын десен түсінбей жатады. Дефектология мамандығы, яғни дефектология ғылымы — мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту мен тәрбиелеумен айналысады. Дефектолог маманы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете отырып олардың білім сапасын арттыруға жаңа технологияларды пайдалана отырып жан- жақты жағдай жасап отыр.

Біз Ақ ниет мектеп-интернатының дефектологтары арнайы сала мамандарымен бірлесе отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемелік бірлестігі құрамының негізгі мүшелері болып табыламыз. Осы әдістемелік бірлестік құрамына дефектолог, логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, емдік дене шынықтыру, психолог маманы кіреді. Психологиялық-педагогикалық қолдау бірлестігі оқыту қиындықтары бар оқушыларды анықтап, қиындықтардың сипаты мен олардың пайда болу себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізіп, тексеру нәтижелерін тиісті формаға сәйкес құжаттайды. Кейін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру нәтижелерінің мониторингін жүзеге асырады.

«Ақ ниет» мектеп-интернатында ерекше қажеттілігі бар балаларда оқытуда дефектологтың қызметі, көмегі өте маңызды. Дефектолог пәндік материалды меңгерту үшін түзету-дамыту сабақтарын өткізеді, оқу материалын алдын-ала меңгеруді қадағалайды.

Дефектологтың мақсатына тоқталатын болсақ:

- ерекше қажеттілігі бар балаға уақытылы көмек көрсету.
- оқушылардың дүниетанымдық деңгейін дамыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.
- көмек берудің әдістері мен түрлерін қолданылуы жайында ата-аналармен байланысты болу.

Дефектологтың қызметтерін қысқаша төмендегідей түйіндеуге болады:

➤ Баланы егжей-тегжейлі тексеруден өткізеді, оның негізінде оның оқу қабілеттілігін диагностикалайды. Егер дамудағы ауытқулар анықталса, даму кемшіліктерін барынша толықтыруға және қалпына келтіруге бағытталған жұмыс ұйымдастырылады.

➤ Негізгі психикалық процестерді дамытуға бағытталған сабақтарды өткізеді (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау процестері және т.б.).

➤ Балалардың коммуникативті дағдыларын дамытады.

➤ Белгілі бір жас санатындағы балаларға арналған кульминациялық әрекетті дамытады (мектеп оқушылары үшін — оқуға, жазуға және т.б.)

Дефектологтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері:

1. Диагностикалық бағыт: оқыту мен тәрбиелеудің перспективаларын айқындау мақсатында өзекті даму деңгейін және таяу даму аймағын анықтау, оның дамуын динамикалық бақылау; балаларды жетекші ақау бойынша топтарға бөлу; балаға кешенді әсер ету процесінде жеке дамудың оңтайлы жағдайларын анықтау.

2. Түзету бағыты: дамудағы ауытқуларды еңсеру және өтеу, түзету-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы жағдайында кешенді бағдарламаларды іске асыру процесінде оқыту мен дамыту арасындағы алшақтықты жою.

3. Аналитикалық бағыт: табыстылық нәтижелерін салыстыру және өңдеу: нәтижелерді талдауды ескере отырып, түзету сабақтарының бағдарламалары.

4. Консультациялық-ағартушылық және профилактикалық бағыт: педагогтар мен ата-аналарға баланы тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде көмек көрсету; балалардың жеке-типологиялық ерекшеліктеріне, олардың соматикалық және психикалық денсаулығының жай-күйіне сәйкес ата-аналар мен педагогтарға ұсынымдар әзірлеу, ата-аналарды түзету-білім беру процесіне дайындау және қосу.

5. Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт: ППҚ, әдістемелік бірлестіктерді, педагогикалық кеңестерді дайындауға және өткізуге, мұғалім-дефектологтың құжаттамасын ресімдеуге қатысу

Бүгінгі таңда білім беру үдерісін ізгілендіру, әрбір баланың мүмкіндігін барынша ашуға жағдай жасау ерекше маңызға ие.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасаудың бір бағыты педагогикалық процесте заманауи білім беру технологияларын пайдалану болып табылады. Оларды пайдалану жеке тұлғаның дамуы, оның табиғи мүмкіндіктерін іске асыру үшін қолайлы, жанжалсыз және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазіргі білім беру технологияларын оқу үрдісінде қолдану ерекшеліктерін толығырақ қарастырайық. Мысалы: оқушыға бағытталған технологиялар оқушылардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға бағытталған. Бұл технологияны қолдану оқушылардың бейімделушілік, әлеуметтік белсенді қасиеттерін, өзара түсіністік, ынтымақтастық сезімдерін, өзіне деген сенімділігін, таңдауына жауапкершілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда «Ақ ниет»

мектеп-интернатында ерекше қажеттілігі бар балалармен дефектологиялық сабақтарда бірқатар инновациялық технологиялар қолданылады. Солардың бірі, *ырғақпен жұмыс*. Ырғақпен жұмыс істеу мидың күрделі жұмысын қажет етеді. Балаға талдау, жоспарлау, қимылдарды үйлестіру, жүйелілікті сақтау, зейінді шоғырландыру, процеске соңына дейін қатысу қажет. Жеткілікті дамыған ырғақ сезімі сөйлеудің фонетикалық жағын одан әрі игеруге негіз жасайды: сөздің буындық құрылымы, сөйлеу моторикасының ырғақты ұйымдастырылуы және, әрине, оқу мен жазуды одан әрі игеруге негіз болады.

Ритм сезімін дамытуға бағытталған кейбір ойын тапсырмалары мен жаттығулары.

1. Барабанды ритммен ұру. Ересек алдымен ритммен бірнеше рет ұрады (2, 3, 4). Бала қайталайды. Егер сәтті орындалса, онда көбірек соққылардың үлгісі беріледі. Бала алақанымен және таяқшаларымен ұрады, ақырын және қатты, тез және баяу ұрады. Осы кезде барабаннан діріл пайда болады, бұл балаға ритмді одан әрі сезінуге көмектеседі.

2. Ритмді аспаптармен және айқын дыбысы бар заттармен шығару: ағаш қасықтарды ұру, үстелдің бетіне қарындашпен ұру (ағаш қасықты бір қолға ұстап ұру- басқа ритмді, басқа дыбысты береді: кап-кап-тук-тук-тук; хоп-хоп-оп-оп).

3. Музыкалық сүйемелдеумен ритмді шығару (ән, мелодия). Бұл мультфильмдердегі балалар әндері болуы мүмкін. Ең бастысы, ол жеткілікті ритмді, түсінікті, жағымды эмоциялар тудырса жеткілікті. Біз сондай-ақ тізе, иық шапалақтарын қолданып, кейін қозғалыстарды ауыстырамыз.

4. Қарапайым өлең жолдарын, жаңылтпаштарды ырғақ арқылы айту.

Са са са-гүлдер шықты балауса

Су су су- шелекпенен су тасу

Ша ша ша- бүгінгі күн тамаша!

Ше ше ше-кел ойнайық ендеше

За за за-ауа неткен тап-таза

Зу зу зу-қаламменен хат жазу

Мнемотехника- өлеңді не жаңылтпашты суреттері арқылы арқылы есте сақтау. Мнемотехника ассоциативті ойлаудың, көру және есту арқылы есте сақтаудың, көру және есту зейінінің, қиялдың дамуына ықпал етеді. Өлеңдерді есте сақтауды үйрету үшін суреттерді қолдану балаларды қызықтырады, әрекетті ойынға айналдырады.

Табиғат біздің Анамыз, Жер Ана біздің панамыз. Таза болса табиғат, Біз де аманболамыз!



Ассоциация - есте сақтау үшін аталған затты образдау, бір-бірімен байланыстыру арқылы есте сақтау. Түзету сабақтарында ассоциация әдісін қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді, есте сақтау механизмдерін жетілдіреді, сөздік қорын байытады. Әр адамның заттарды образдауы әртүрлі болғандықтан, балалар қателесуден қорықпайды және өздерін еркін сезінеді, сабақта айтарлықтай белсенділік танытады. Тиісінше, оқу процесіне деген қызығушылық артып, оқудағы мотивация артады.




Мысал ретінде көрсетілген суреттегі заттарды бір-бірімен былайша байланыстырып, есте сақтауға болады: Сабақ аяқталып, қоңырау соғылды. Мен көзілдірігімді партаға қалдырып, сыныптастарымызбен қолғап және аяқ киімдерімізді киіп, далаға шықтық. Далада біз хоккей ойынын ойнадық. Мен 28 нөмерлі жейде киген қатысушы болдым. Әбден ойнағаннан бетіміз қызанақтай қызарып кетті т.с.с.

Кинезиологиялық жаттығулар - ірі және ұсақ моториканы дамыту; алақанымызбен барлық саусақтарымызды қозғалту арқылы биологиялық активті нүктелерге әсерін беру. Ата-бабамыздан қалған «Қуырмаш» жаттығуы арқылы әр саусақты атап шығу, буындарды басып шығудың өзі кинезиологиялық жаттығулар болып есептеледі.



Нейропсихологиялық жаттығулар (психогимнастика) - екі жақ ми жарты шарларының жұмысын, праксисті, ірі моториканы дамытады. Екі ми жарты шарының ортасында сүйелді дене деген болады. Сол сүйелді дененің жұмысын реттеген кезде, екі жақ ми жарты шары бірдей жұмыс атқарады. Қазіргі оқушылардың ұмытшақ, зейінінің тұрақсыз болуы, епсіз, бір тапсырманы аяғына дейін орындай алмауы- бір жақ ми жартышарының екінші ми жартышарының барлық жұмысын өзіне алып алуынан. Сондықтан екі ми жартышарына бірдей қылып жұмысты бөліп беру керек.



Әртүрлі дауыс ырғағымен, эмоциямен сөйлеу, сөйлемдерді оқу- оқушының ақыл-ойын, талғамын, сезімі мен қиялын дамытады, эмоционалды және логикалық дамуға ықпал етеді. Әртүрлі дауыс ырғағымен, эмоциямен сөйлеу кезінде эмоционалды тәжірибе пайда болады.



Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман талабы дефектологқа алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы әр қилы шәкірттердің жүрегіне жол таба білетін білім біліктілігі жоғары, жаңашыл, ізденімпаз ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Әлемдік оқу үрдісінің өзегі - жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді дефектолог ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім сапасын жоғарылатуға көмектеседі. Биік жетістіктерге жету үшін, дефектологтың баланың мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы (03.12.2015 жылғыенгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. ҚР Білім беру және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. № 205. 01.03. 2016. Астана.
3. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар - Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы // Астана. 2016.
4. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022.
5. Есенгулова З.А., Каражанова Г.Б. Есту қабілеті зақымдалған балалардың танымдық қабілеттерінің даму ерекшеліктері / Есенгулова З.А., Каражанова Г.Б.: Дефектология. - 2015-7 б.
6. Алехина С.В. Принципы инклюзии в контексте изменений образовательной практики // Психологическая наука и образование. 2014. № 1. С. 5-16.
7. Баранова Г.А. Подготовка учителя к применению современных педагогических технологий в работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья // Известия Тульского государственного университета. Педагогика. 2016. № 1. С. 21.
8. Куценко Е. Все дети – особые: советы по организации инклюзии // Классное руководство и воспитание школьников. 2014. № 7/8. С. 10-11.
9. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. М.: РООИ «Перспектива», 2011. 176 с.
10. Педагогические технологии: учебное пособие для студентов педагогических специальностей / под общей редакцией В.С. Кукушина. М.: ИКЦ «МарТ»: Ростов- н/Д: издательский центр «МарТ». 2006. 336 с.
11. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие. М.: Народное образование. 1998. 256 с.
12. Щуркова Н.Е. Педагогические технологии: учебное пособие для академического бакалавриата. М.: Изд-во Юрайт, 2015. 259 с.

МЕКТЕПТЕ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Исокова Алтын Нурадиновна

педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші
биология пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада мектептегі білім жүйесін дамытуда мектеп жылыжайының білімділік және зерттеушілік маңызы туралы қарастырылған. Мектеп жылыжайы білім алушыға кәсіби бағдар береді. Жылыжай өнімдері әрбір білім алушылардың дұрыс тамақтануына жағдай жасайды.

Аннотация. В статье рассматривается образовательное и исследовательское значение школьной теплицы в развитии системы школьного образования. Школьная теплица обеспечивает профессиональную ориентацию ученика. Продукция теплиц создает условия для здорового питания каждого школьника.

Abstract. The article discusses the educational and exploratory value of the school greenhouse in the development of school education system. The school greenhouse provides a

professional orientation for the student. The production of greenhouses creates the conditions for the healthy diet for every student.

Мектепте білім жүйесін дамыту барысында мұғалім білім алушыларды келешекте жаңа өмірге дайын, білімді, дені сау, сауатты, мәдениетті, еңбекқор яғни функционалды сауатты тұлға етіп қалыптастыруы тиіс. Функционалды тұлға дұрыс қалыптасуы үшін оқу процесінде мектеп жылыжайының алатын орны ерекше. Жылыжайда өсірілетін өсімдіктердің құрылысын, құрамын, тіршілік циклін зерттей отырып, әрбір білім алушының оқуға деген қызығушылығы артады. Келешекте білім алушының мамандық таңдауына мектеп жылыжайы үлкен ықпалын тигізеді. Бастысы мектеп асханасын пайдалы көкөністермен қамтамасыз етіп, білім алушылардың теңгерімді тамақтануына жағдай жасайды.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Сарыкемер мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2012-2013 оқу жылында шағын жылыжай кешені ашылды. Жылыжай екі еңісті, ауданы 24 шаршы метр, әйнекпен қапталған.(1-сурет)



1 - сурет - Жылыжай

Жылыжай орны – Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылында орналасқан Сарыкемер мектеп-гимназиясының жылыжайы мен оқу-тәжірибелік телімдері.

Зерттеу болжамы – жылыжайда өсірілген көкөністер мен жемістер экологиялық таза және олар оқушылардың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін болады және мектепті қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Мектепте шағын жылыжайында оқушылар өз қолдарымен, көздерімен көріп экологиялық таза, дәрумендерге бай көкөністерді өсіре алады. Өсіріліп алынған көкөніс дақылдарының өнімдері мектеп асханасына оқушыларымызды құнарлы және табиғи өніммен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Сонымен қатар оқушылар жылыжайда биология сабағынан практикалық жұмыстар мен тәжірибелерді жүргізе алады.

Мектеп шағын жылыжайының мақсаты: Мектеп оқушыларын дәруменге мол, көкөністермен қамтамасыз етуге жағдай жасау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, келешекте мамандық таңдауына көмектесу.

Міндеттері:

- жергілікті жерде өсірілетін көкөністермен танысып олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп асханасын барынша көкөніс пен аскөк беріп отыру;
- жылыжай шаруашылығы туралы түсінігін кеңейту;
- тәжірибелік жұмыс жасау үшін жағдай жасау;

Жылыжайдың оқушылар үшін пайдасы:

1. Оқушылар көкөніс дақылдарының түрлерін өздері отырғызып, күтіп-баптау жұмыстарын жүргізуді үйренеді.

2. Оқу және оқыту үдерісіндегі «Тірі ағзалардың көптүрлілігі», «Заттардың тасымалдануы», «Өсу мен көбею» бөлімдері бойынша практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізеді.

3. Жылыжайдан алынған таза, дәруменге бай экологиялық өніммен мектеп оқушыларын қамтамасыз ете алады.

4. Жылыжайда өсірілген бөлме өсімдіктері арқылы мектеп дәліздерін көркейте алады, қалған қаражаттың бөлігін мектепте ұйымдастырылатын мерекелер мен іс-шараларға жұмсауға мүмкіндік туады.

5. Жылыжайда өсірілген экологиялық таза өнімдерді мектеп асханасына тапсырып, оқушылардың денсаулығын нығайтуға септігін тигізеді.

6. Жылыжайда өсірілген гүлдерді мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісін және мектеп айналасын көгалдандыруға пайдаланады.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың зерттеушілік, экологиялық, білімділік қабілеттері дамиды.

2. Барлық оқушыларды мектепте азын-аулақ арзан ыстық тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

3. Жергілікті халық гүлдер мен көкөністердің өсірілген көшеттерімен (қияр, қызанақ, қырыққабат, сәбіз, қызылша) қамтамасыз етіледі.

4. Ерте көктемде мектеп жылыжайындағы өсімдіктерді сату үшін, яғни мектепке пайда келтіруге - көшеттер өсіріледі.

Мектеп жылыжайына түсетін жарықтың пайдасы ерекше. Жабық ортада жарықтың интенсивтілігі ең алдымен терезелердің орналасуына тәуелді болады, жарық күшінің біраз бөлігі сол арқылы сіңіріледі. Жарық күшін негізінен түс қайтқан уақыттарда анықтайды. [1]

Мектеп жылыжайында тиімді жарық диодты лампалармен жасанды жарықтандыру жүргізіліп отырады. Оқушылар жарықтың өсімдіктерге әсерін білулері орынды. Сондай-ақ, олардың дұрыс дамуына кем дегенде 6 сағаттық қараңғылық та қажет.

Мектеп жылыжайының топырағына келетін болсақ, тамыз-қыркүйек айларында сырттан қара топырақ әкелініп, құммен араластырады. Алайда, қоспаны 3 жыл сайын ауыстырып отыру керек.



Сурет 2 - Мектеп жылыжайында

Тәжірибелерге аздаған мектеп жанындағы аумағы 0,5га болатын оқу – тәжірибе үлескісін де алуға болады деп жоспарлануда. Әр көктемде қияр және бұрыш көшеттерін өсіріп мол өнім алуға болады. Мектеп жылыжайы сонда жылына 40-60 мың теңге табыс әкеледі.

Сонымен қатар осы заманғы заманауи технологияларды енгізу арқылы жылыжайда ыңғайлы микроклимат қалыптастыруға жағдай жасап, экологиялық таза, жоғары өнімдер алуға болады. [2]

Жылыжайды пайдаланып жүргізілетін кезеңді жұмыс түрлері 1-ші кестеде берілген.

№	Жоспарланған іс-шаралар	Орындалу уақыты	Жауапты мұғалім
1	Педагогикалық кеңесте «мектеп жылыжайы» бизнес-жобасы жөнінде хабарлама.	наурыз	Исокова А.Н.
2	Қара топырақ тасу.	маусым	Оқушылар
3	Көшеттер егу	маусым	Оқушылар
4	Көшеттерді күту/ су құю, арамшөптер жүлу/.	Маусым - тамыз	Орта буынның оқушылары
5	Өнімдерді жинау / қияр, бұрыш/	қыркүйек	Оқушылар
6	Өнімдерді консервілеу, тұздау.	Қыркүйек - қазан	Жоғары сыныптың қыздары
7	Жылыжай орнын жинау, топырақты дайындау.	қазан	Оқушылар

1 – Кесте - Жылыжайда жүргізілетін жұмыс түрлері. I-кезең. 2021-2022 оқу жылы

	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу уақыты	Жауапты мұғалім
1	Тұқымдар сатып алу	Қаңтар - ақпан	Исокова А.Н. Авезова Г.Ш.
2	Көшеттер отырғызу.	Ақпан - наурыз	Оқушылар
3	Көшеттерді өсіру, күтіп-баптау.	Ақпан - мамыр	Оқушылар

4	«Теңгерімді тамақтануда көкөністердің рөлі» дебат өткізу	Мамыр - маусым	Оқушылар
5	Тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық акциясын өткізу «Тегін береміз»	маусым	Мектеп оқушылары
6	Оқу-тәжірибе үлескісіне көшеттер мен тұқымдарды отырғызу.	маусым	8-10 сынып
7	Мектеп айналасына гүлдер егу.	маусым	Оқушылар, кіші қызметкерлер, мұғалімдер.
8	Тәжірибелер жүргізу.	маусым	6-11 сынып оқушылары
9	Суару, түптеу жұмыстары	Жаз бойы	Зертханашылар
10	Көкіністерді жинау және құрамындағы дәрумендерді анықтау.	Тамыз - қазан	Оқушылар
111	Көкіністерді консервілеу.	Тамыз - қазан	Қыз балалар
12	Гүлдердің тұқымын жинау.	Қыркүйек - қазан	Бастауыш сынып оқушылары
13	Өнімдерді сатудан түскен пайда туралы ата-аналар комитетіне есеп беру.	қазан	Исокова А.Н. Мектеп әкімшілігі

II кезең. 2022-2023 оқу жылы

Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1-кезең – сапа менеджменті жүйесін құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру (енгізу стратегиясын анықтау, сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды қалыптастыру);
- 2-кезең – сапа менеджменті жүйесін жоспарлау;
- 3-кезең – сапа менеджменті жүйесін енгізу;
- 4-кезең – сапа менеджменті жүйесін қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру.

Сапа менеджменті жүйесі – мектепке сапа тұрғысында басшылық ету мен басқарудың менеджмент жүйесі болып табылады. Сапа тұрғысындағы басшылық пен басқару әдетте сапа саласындағы саясат пен мақсаттардың

дайындалуын, сапаны, сапаны басқаруды жоспарлауды, сапамен қамтамасыз етуді және сапаны жақсартуды қамтиды.

Оқу-тәрбие процесіне *сапа менеджменті жүйесін енгізу барысында келесі ерекшеліктер анықталады:*

- мектептің білім беру қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсартылады;

- оқушылардың білім сапасы жоғары деңгейде болуы үшін ұдайы жақсартуды ресурстық қамтамасыз ету жүргізіледі;

- мектептің білім беру қызметінің тиімділігін үнемі жақсарту үшін ұйымдастырылған менеджмент жүйесі үнемі жұмысшы қалыпта болады.

Осы ерекшеліктер ретінде айтылған жұмыстар төмендегі міндеттерді

1) сапа тұрғысында басшылық етуді меңгерген мектептің басқару командасын қалыптастыруды;

2) басқаруға оқушы, мұғалім, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету арқылы олардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыруды;

3) мұғалімдердің кәсіби даму жүйесін жетілдіру арқылы күзиретті оқушы моделін қалыптастыруды;

4) басқару үрдісінде оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі мен оған жету жолдарын тығыз бірлікте қарастыруды шешуге мүмкіндік туғызады.

Мектептің сапа менеджменті жүйесі, ол – тиімді басқару, ал басқару – талдау, жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау, түзету арқылы сапаны қамтамасыз ету болып табылады.

Талдау қызметінде оқу үрдісіне, тәрбие жұмыстарына, мектептің материалдық қорына, педагогикалық мамандар мен оқушыларды жетілдіруге байланысты талдаулар жасалады.

Жоспарлау қызметі арқылы педагогикалық үрдістегі нақты іс-әрекеттердің жүзеге асырылу жолдары белгіленеді, мектеп жұмысының бағыттары бойынша жоспар құрылады.

Жүзеге асыру қызметі – мақсат-міндеттердің тәжірибедегі орындалуын көздейді, жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Бақылау қызметінде жоспардың орындалуын бақылау және уақтылы ақпараттар алып тұру орындалады.

Түзету қызметі арқылы әр түрлі бағыттағы қызмет жүйелерінің іс-әрекеттері үйлестіріледі.


Біздің тәжірибеде мектептегі сапа менеджменті жүйесін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу келесі кезеңдерден құралған:

- сапа менеджменті жүйесін үнемі жақсартудың моделін құрастыру;

- оқу-тәрбие үрдісін үздіксіз жетілдіру негізінде білім беру қызметін жақсарту.

Мектепті басқаруда құрастырылған жақсарту моделі – педагогикалық ұжымның сапалы білім беру нәтижесінде **сапалы білімді тұлға** қалыптастыруға негіз болды.


Мектептің менеджмент жүйесін үнемі жақсарту моделі



Сапа менеджментін енгізу жұмыстары:

1. Талдау қызметі бойынша мектептегі жалпы сыныптардың білім сапасына, оқушылардың негізгі пәндер бойынша білім сапасына, оқушылардың әлеуметтендіруі және денсаулық деңгейіне, жанұяларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізіліп, талдаулар жасалады;
2. Жоспарлау қызметі бойынша сапа менеджменті жүйесінің жұмыс жоспары құрылады;
3. Жүзеге асыру қызметі бойынша жоспарланған іс-шаралар жүргізіледі.

TQM-дегі сапаға жету үшін оқу процесі субъектілерінің жаппай қатысу ұстанымын жүзеге асырамыз.



Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын орындауда TQM негізінде оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылған жұмыстар төмендегі оқушы моделін қалыптастырады:

1) Негізгі құзыреттілік бойынша мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру қызметінің нәтижелері түрінде қоятын талаптары орындалады.

2) Басқарушылық құзыреттілік бойынша проблеманы шешу қабілеті қалыптасады;

3) Ақпараттық құзыреттілік бойынша өзіндік танымдық қабілеті, өмір бойы білім ала білуі қалыптасады;

4) Коммуникативтік құзыреттілік бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады;

5) Әлеуметтік құзыреттілік бойынша әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілеті қалыптасады;

6) Тұлғалық құзыреттілік бойынша өзін-өзі жетілдіру және төзімді болу қабілеті қалыптасады;

7) Азаматтық құзыреттілік бойынша ұлттық сана-сезім мен отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті қалыптасады;

8) Технологиялық құзыреттілік бойынша технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті қалыптасады.

Қорытындылай келе, мектептің білім беру қызметіне енгізілген сапа менеджменті оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін жақсартуға септігін тигізеді, ал оқу-тәрбие жұмысын тиімді басқару TQM бойынша қойылған талаптарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен, жаһандану жағдайында еліміздің алдымызға қойған талабын орындау құралы – инновациялық менеджмент негізінде бәсекеге қабілетті білім беру жүйесі мен оның нәтижесі ретінде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЙЕЛІ ЖАҢАРТУДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Хасенова Айжан Ислямовна

Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі
директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Аннотация. Баяндамада альфа ұрпаққа жататын қазіргі бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктері баяндалады. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында альфа ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудағы тәжірибе нәтижесі ұсынылады. Бастауыш сыныптарда бала үшін оқудың негізгі саласы ойын болып табылады. Баяндамада заманауи

мектеп мұғаліміне альфа ұрпағының ерекшеліктерін біліп, оларға тәрбие мен білім беруде үлкен дайындықтың болуы қажеттілігі мәселесі баяндалды.

Аннотация. В докладе излагаются особенности современных младших школьников, относящихся к альфа-поколению. В условиях обновленного содержания образования предлагается результат опыта воспитания и обучения альфа-поколения. В начальных классах основной сферой обучения для ребенка является игра. В докладе был освещен вопрос о том, как современному школьному учителю необходимо знать особенности альфа-поколения и иметь большую подготовку в воспитании и образовании.

Annotation. The report outlines the features of modern primary school children belonging to the alpha generation. In the conditions of the updated content of education, the result of the experience of upbringing and training of the alpha generation is offered. In primary school, the main area of education for a child is a game. The report highlighted the question of how a modern school teacher needs to know the characteristics of the alpha generation and have more training in upbringing and education.

Динамика мен өзгерістерге толы бүгінгі күні әр педагогтің негізгі мақсаты- өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру. Оқушылардың жаңа буыны алдыңғы буынға ұқсамайды - бұрын-соңды оқушылар ешқашан ғаламтор сияқты кең дерекқорды пайдаланған емес. Ғаламдық желінің әсері адам өмірінің барлық саласында байқалады және мектептің білім беру жүйесінде бұл фактіні ескермеу мүмкін емес.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау миссиясын айқындаған оқу орнымызда жүргізген зерттеулер қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын, атап айтқанда альфа ұрпағының құндылықтары мен оқу стиліне бейімдеу үшін, оқыту жолдарын өзгерту қажет екенін көрсетті. Заманауи мектеп мұғалімі альфа ұрпағының балаларын оқытуға дайын ба?

Бүгінгі таңда бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді қолдануда айтарлықтай ерекшеліктер бар. Заманауи мұғалімдерде «Балаларды немен қызықтыруға болады?», «Назарын қалай аудартуға болады?» деген сынды көптеген сұрақтар пайда болуда. Оқытудың дәстүрлі, ескі әдіс-тәсілдері бұл балаларға әсер етпейді. Алдымызда білім алып отырған альфа-балаларды қалай түсінуге болады?

Әлеуметтанушылар әрбір 20 жыл сайын алдыңғысынан ерекшеленетін жаңа буын дүниеге келеді деген ойды айтады. Қазіргі таңда X,Y,Z ұрпақтары туралы жиі айтылып жүр. Неміс психологы Эрвин Штраус «Ұрпақтар теориясында» 5 түрлі ұрпақтың қақтығысын айтқан. Жаңа альфа ұрпаққа тәрбие береміз дейтін болсақ, біз оларды жақсылап танып алғанымыз дұрыс. Альфа-ұрпақ деп 2010 жылдан бері қарай дүниеге келген балаларды айтады. Неге дәл осы уақытта ұрпақ ауысты десеңіз, бұл уақыт – қазіргі балалардың ғаламдық цифрлануына әсер еткен iPad пен Instagram-ның пайда болған уақыты. Альфа ұрпақ – ғаламтордың шынайы досы, виртуалды әлемнің тұрғындары. Олар ережені қабылдағысы келмейді. Өз пікірлері бар, саналы түрде ойлайды, тең әрі шынайы қарым-қатынасқа мұқтаж. Осы оқушылардың дамуына қатысты еліміздің білім беру саласындағы қазіргі ахуал қандай?

Білімге салынған инвестициялардың қайтарымын есептеу үшін зерттеушілер көбінесе PISA (15 жастағы білім алушыларды халықаралық бағалау бағдарламасы), TIMSS (математика және жаратылыстану ғылымдарын халықаралық зерттеудегі үрдістер) немесе PIRIS (оқу сауаттылығын халықаралық зерттеу) сияқты кең ауқымды білім беру зерттеулеріне сілтеме жасайды. Бұл зерттеулер халықаралық академиялық көрсеткіштер туралы анағұрлым толық және репрезентативтік деректер қорын ұсынады. Бұл зерттеулерге Қазақстанның оқушылары мен ересек халқы қатысты. Барлық зерттеулердің қорытындылары (2018, 2019, 2020, 2021 жж) бойынша қазақстандықтар 2 күрделілік деңгейінен өте алмай, төмен нәтижелер көрсетті. Адами капиталды өлшеу үшін «оқу жылдарын» (әдетте, мектепке дейінгі және мектептегі білім беру кезеңі) қолданудың орындылығы туралы да сұрақ бар. Күмәндардың бірі- бұндай тәсіл автоматты түрде рейтингтегі әр ел (немесе елдегі әрбір өңір) бір оқу жылы барысында әр оқушыға бірдей оқу мөлшері мен сапасын қамтамасыз ететінін қарастырады, олай болу, әрине, мүмкін емес. Адами капитал индексі авторларының айтуынша, «адами капиталды қалыптастыруда алшақтық бар: оқушылар мектепте оқиды, бірақ оқымайды.» [1,11]

Әлемдік білім беру тәжірибесінде оқыту парадигмасы «өмірлік білім алудың» орнына «өмір бойы білім алу» ретінде өзгеруде. Мектеп оқушыларына қойылатын жаңа талаптар: рухани-адамгершілік негізді арттыру, функционалды сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсету, оқу және өмір жағдаяттарын шығармашылықпен шешу. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты ұзақ жылдар білуге негізделген білім беру моделіне құрылып, әр пән бойынша білім, білік және дағды қалыптастыруға негізделді. Білім берудің құндылықтары «Мектеп нені оқыту керек?» сұрағы аясында қаралды. Бүгінгі таңда Бастауыш білім беру МЖБС нәтижелерге негізделген білім беру моделі құрылып, білім беруде құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, өмір бойы білім алу құндылықтары «Мектепте не үшін оқу керек?» сұрағы аясында қарастырылады. Күтілетін нәтижелер, кең ауқымды дағдыларды дамыту көзделген. Құндылықтар мектептегі жалпы білім беру философиясында көрініс табады: оқушылармен қатар мұғалімдер, оқушылардың ата-аналары үшін де өмірлік бағдарға айналады.

Оқыту мақсаттары жүйесі мектептегі білімнің әрбір адам тағдырындағы құндылық мәнін ашады, атап айтқанда: қызметтік сауаттылық, кез-келген өмір проблемасын шешуде, қойылған мақсатқа жету құралдары, әдістері мен жолдарын таңдауда рухани және адамгершілік жігерді көрсету қабілетіне ие болады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш мектепте не өзгеруде? Оқулық контенті, сабақ құрылымы, сабақтағы әдіс, форма, тәсіл, үй тапсырмасын ұйымдастыру, нәтиже: мазмұннан-құндылыққа, бағалау жүйесі, пәнаралық интеграция. Альфа буыны білім беруді өзгертетін технологиялық жетістіктердің пайдасын көреді. Сабақта ең жаңа технологияны қолданатын білім альфа-балалар үшін мүлдем өзгеше білім алу мүмкіндігін туғызады.

Бастауыш сынып мұғалімдері, егер олар өздерін жаңартпаса және білім берудің жаңа тәсілін қабылдамаса, альфа балаларының талаптарын орындау қиынға соғатынына көзіміз жетіп отыр. Альфа балалары үшін білім өзі жасау және тәжірибе алу арқылы алынады. Өз тәжірибемізде бастауыш сыныпта оқытудың осы түрін үнемі қолданудамыз. Кез келген пәнді үйретудің әдістемелік негізі 5 компоненттен тұрады. Олар: мақсат, мазмұн, әдістер, қажетті құрал-жабдықпен оқыту формасы. Оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін оны жан-жақты дамытуда олардың дербес ерекшеліктерін ескеру қажет.

Жаңартылған білім мазмұнының ерекшелігі

- Пән мазмұнының *спиральді қағидатпен* берілуі
- *Блум таксономиясы* бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы
- Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында *«ортақ тақырыптардың»* берілуі
- Оқу үдерісін *ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар* арқылы ұйымдастыру
- Оқытудың *тәрбиелік әлеуетін* арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру
- Білім беру деңгейлері аралығында *пән бойынша сабақтастықты* ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою
- Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың *уақыт талабына сәйкес келуі*, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы
- Оқудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (*оқушының білім алу үдерісіне белсене қатысуы*)

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлауда заманауи сабақ жүргізу әдістемесіне аса қатты мән берілуде. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында процесті сабақ жоспарлаймыз. Сабақтың тақырыбының проблемалық, мақсатының Блум таксономиясы негізінде болуы, әдістер проблемалық, сабақтың тәсілі технологиялық, сабақтың формасы интерактивті болуына мән беріледі. Сабақ-оқытудың негізгі формасы екені анық, олай болса, сабақтың мақсатын қалай дұрыс қоюға болады? Бұл ретте, Блум таксономиясына негізделген SMART мақсат анықтау талаптары ұсынылады:

1. Сабақ жоспарлау, тақырып таңдаудан мақсат-нақты, қолжетімді, өлшемді етіп анықталады, сабақ алгоритмін толық жоспарлау, материал мен тапсырмалар сәйкестігін анықтаудан басталады.

2. Сабақ мақсаты сабақ барысында назарда болып, ол тапсырма-дескрипторы болады, оған қол жеткізу-нәтиже екендігін, ал сабақ мақсатына жеткізілген нәтиже – баға критерийі болатындығын есте сақтау маңызды.

3. Сабақ аяқталмаған бөлік емес, аяқталған бөлшек болғандықтан, сабақ мақсатының барлық категориялары жүзеге асуы шарт, өйткені сабақ мақсатының категориялары- бағалау өлшемінің критерийі.

4. Сабақ Блумға негізделгендіктен ол оқулық мазмұнымен шектелмейді, көп ізденіс, қосымша дерек көздерін пайдалануды қажет етеді.

Бастауыш сыныптарда бала үшін оқудың негізгі саласы ойын болып табылады. Ойын неге маңызды? Голландиялық мәдениет тарихшысы Йохан Хейзинга өзінің «Homo Ludens» кітабында (1955) «Ойын – бұл «әдеттегі» өмірден тыс, ойнаған адамды толығымен өзіне қарататын еркін саналы әрекет. Ол белгілі ережелерге сәйкес және белгілі бір уақыт және кеңістікпен шектеулі» деп сипаттайды. Ал орыс психологы Лев Выготский (1978) «Ойынның дамудағы рөлі» атты жұмысында ойынды «Бала өзі қалаған, әрқашан қиялға толы және ережелермен шектелген әрекет» деп анықтама береді. АҚШ зерттеушісі Питер Грей (2009, 2013) «Ойын – бұл өз еркімен таңдалған және өзін-өзі бағыттайтын, ішкі мотивациядан пайда болған, саналы ережелерге бағынатын, қиялшыл және белсенді әрекет» деп жазады. Ойын және ойын жағдайлары баланың жан-жақты ой-өрісінің дамуына да, тәрбиесіне де әсер етеді. Сонымен бірге әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Бастауыш сынып пәндерін ойын әдістемелері негізінде өткізу өте пайдалы. Балаларды дамытудың expertі француз Салли Хаги баланың ойын арқылы дамуы 4 деңгейден тұратынын атайды (сурет 1).



1-сурет - Баланың ойын арқылы дамуы

Мұнда оның жеке қызығушылықтары туралы ұмытпаған жөн: балаға «ойын призмасы» арқылы қарап, оның немен айналысқанды ұнататынын ойлану керек және бұл сұраққа етістікпен жауап беру маңызды. «Ол қозғағанды, қосуды, ажыратуды ұнатады» деп жауап беріп, баланы сондай ортамен қамтамасыз еткен дұрыс. Баланың белгілі бір әрекетке бар жанымен, сезімімен араласуы, мұнда бала ойынға қызығушылықпен кірісіп кетеді және өзінің қызығушылығына қарай әрекетті таңдайды. Ғылым адам қандай да бір әрекетке сезіммен, эмоциямен қатысқанда, мидағы марапаттау жүйесі іске қосылып, дофамин (қуаныш гормоны) бөлінеді дейді (Сэм Ванг, Сандра Амодт, 2012). Ал бұл нәтижесінде адамның зейінін дамытып, ағзаның стрессті реттеуіне әсер тигізеді. Яғни, ойыннан ләззат алу баланы одан да көп ойнауға, ізденуге шақырады! Келесі деңгей – баланың ой-өрісін баурап алған ойын. Мұнда бала өз ойын белсенді түрде жоспарлайды. Ғылым кез келген әрекетті қайталау нейрондық байланыстарды күшейтетінін айтады. Ең жоғарғы деңгейі – бала өзін таныта, көрсете алатын ойын. Бұл деңгейде бала жаңа идеяларды ұсынады, теориялар құрастырады және оларды тексереді - бұл өте шығармашылық кезең,

мида көптеген жаңа байланыстар пайда болады. Ал жаңа байланыстардың пайда болуы мидың мотивацияға, инновацияға және рефлексияға жауапты бөліктеріне әсер ететіні белгілі. Ойын баланың тек қана миының дамуына ғана әсерін тигізе қоймай, басқа да физикалық, когнитивті, әлеуметтік, эмоционалды және шығармашылық дамуына үлкен ықпал етеді.

АҚШ ғалымы Дженни Коэтзи альфа балалар туралы «Бұл балалар бұрын-соңды болмаған байланысты, білімді және талғампаз ұрпақ болып табылады, сондықтан білім беру кезінде мектеп осы сандық интеграторлар үшін оқуды жақсартатын жағдай жасауы керек» деп атап көрсеткен. Альфа ұрпағы барлық деңгейлердегі білімге жаңа көзқарас пен өзгерістерді қажет етеді. Жас альфаларды оқытудың дұрыс әдісі - олардың сыни ойлауы мен проблемаларды шешу дағдыларын дамыту. Альфа ұрпағының балалары үшін проблемаларды әр түрлі көзқарастардан көре білу маңызды болады. Сабақ беру барысында жиі қолданылатын топтық жұмыс оларға әр түрлі көзқарастар бойынша мүмкін болатын балама шешімдерді талдауға, содан кейін жеке және жеке сыни ойлауға негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер альфа ұрпақ туа сала технологиялармен етене жақын өсетіндіктен, дәстүрлі білім жүйесінің жаңа заманға бейімделу керектігін көрсетеді. «Ұрпақтар мен оқыту стилдерінің» авторы Дж. Пальтс альфа ұрпағымен жұмыс істейтін оқытушыларға келесі «кеңестерді» ұсынады. Альфа ұрпағымен жұмыс істейтін мұғалімдерге кеңестер: сындарлы ойлау, креатив және коллаборация, тиімді кері байланыс, «клиптік ойлауды» ескеру.

Қазақстандық ғалым-педагог А.Қисымованың ұсынған интерактивті сабақтың тиімділігін анықтау формуласы бойынша, мақсаты дұрыс анықталған сабақ барысындағы оқушылардың белсенділік нәтижесі жоғары болатынын тәжірибе көрсетуде.

$$K_{(белс.)} = \frac{\text{жұмысқа қатысқан оқушылар саны}}{\text{сыныптағы оқушылар саны}} \times 100\% , \text{ мұндағы } K_{(белс.)} - \text{бұл белсенділік}$$

коэффициенті.

Сабақ барысында оқушылардың өздігінен істейтін жұмысына бөлінетін уақыт мөлшері неғұрлым көбірек болса, пайдалы әсері арта түспек.

$$П\text{ӘК} = \frac{\text{өздігінен жұмыс уақыты}}{\text{сабақ уақыты}} \times 100\% , \text{ мұндағы П\text{ӘК} , \text{ өздігінен істелетін}$$

жұмыстың пайдалы әсер коэффициенті

Жаңартылған мазмұнды сабақ: сыныптағы оқушылар саны-25 қатысқандары-25

$$K_{(белс.)} = \frac{25}{25} \times 100\% = 100\% \quad П\text{ӘК} = \frac{32}{40} \times 100\% = 82,2\%$$

Дәстүрлі сабақ: сыныптағы оқушылар саны-25 қатысқандары-7

$$K_{(белс.)} = \frac{7}{25} \times 100\% = 28\% \quad П\text{ӘК} = \frac{15}{45} \times 100\% = 33,3\%$$

Осылайша, жаңартылған мазмұнды сабақтың белсенділік және пайдалы әсер коэффициентінің жоғары болатындығын көреміз. $K_{(белс.)} 100\% > 28\%$ $П\text{ӘК} 100\% > 33,3\%$

Қорытындылай келе, әлемдік білім беру трендтерінің талаптарына сәйкес келетін жобалық, жүйелік және білім алушының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекетті қамтамасыз ететін, пәндерді интеграциялауға ден қою керек. Бастауыш мектеп мұғалімі өзінің жұмысына жоба ретінде қарап, оның мақсатын, барысын, нәтижесін көз алдына елестету қажет. Бастауыш мектеп мұғалімінің жүйелік ойлау дағдысын қалыптастыру, командада бірлесіп жұмыс қабілетін дамытуды қажет ететін іс-шараларды өткізу керек. Білім берудегі басты назар білім алушының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталуы керектігін басты назарда ұстаған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ирсалиев С.А. Қазақстанның білім сапасын халықаралық зерттеулердегі нәтижелері: артта қалу себептерін зерттеу, таңдамалы есебі, 2020
2. Кисымова А. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепте не өзгеруде, 2022
3. Тайбасарова А. «Ойын неге маңызды» // «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың заманауи үрдістері» атты XV қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы, Нұр-Сұлтан қ, 2022ж.
4. Альфа-ұрпақ: миллениалдар тәрбиелейтін балалар қандай болады?
<https://qadam.asia/author/qadam/>
5. Сарапшы: Z және альфа ұрпақ ережені қабылдағысы келмейді
ERNUR.KZ. порталы <https://go.mail.ru/redirect?>

«БІЛІМ БЕРУ АРТТЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ: ТӨМЕН ҮЛГЕРІМ МӘСЕЛЕСІН ЖҮЙЕЛІ ШЕШУ» СЕКЦИЯСЫ

MECHANISMS FOR IMPROVING EDUCATION: A SYSTEMATIC SOLUTION TO THE PROBLEM OF LOW ACADEMIC PERFORMANCE

ГЕОГЕБРА ИНТЕРАКТИВТІ БАҒДАРЛАМАСЫН МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Ақитбаева Маржан Есимкановна

ШҚО, Өскемен қаласы әкімдігінің «Абай атындағы №33 орта мектебі»
КММ, математика пәні мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада математика сабағында Geogebra бағдарламасын қолданудың әдістемелік маңызы, дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылған. Сабақта пайдаланудың нақты мысалдары келтіріліп, математиканы оқытуда Geogebra бағдарламасында құрылған интерактивті динамикалық ортаны қолданудың тиімділігі туралы айтылады.

Аннотация. В статье рассмотрено о методической значимости и дидактических возможностях использования программы Geogebra на уроках математики. Приведены конкретные примеры использования на уроке, а также рассмотрена эффективность использования интерактивной динамической среды, созданной в программе Geogebra при обучении математике.

Abstract. The article discusses the methodological significance and didactic possibilities of using the Geogebra program in mathematics lessons. Specific examples of use in the lesson are given and the effectiveness of using the interactive dynamic environment created in the Geogebra program when teaching mathematics is considered.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу – әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер жүктеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникативті технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Осы орайда оқушы оқушының танымдық және ұжымдық жұмыс жасау формаларын қалыптастыруына ықпал ететін белсенді оқытуды жүзеге асыру қажет.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді жай тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сабақ барысында баланың өзі еңбектеніп, өз бетімен немесе топтық жұмыста бірлесіп тапқан білімі анағұрлым тиімді болуы сөзсіз.

Оқу процесінде мені мектеп оқушыларын пәнге қызықтыру, оқу материалын игерудің тиімділігін арттыру мақсатында оқу материалын ұсынудың жаңа және ерекше формалары, әдістері мен тәсілдері қызықтырады, ал заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету математика сабақтарының сапасын түбегейлі өзгертеді. Олар қызықты, танымдық және динамикалық бола бастайды. Қазір оқушыларға әртүрлі білім әлемін көрнекі және дәйекті түрде ашатын интерактивті модельдерсіз оқытуды елестету қиын!

Математиканы меңгерудегі қиыншылықтардың себептерінің бірі-бұл ғылымның абстрактілі болуы. Мұғалімнің міндеті-математиканы өмірге жақындату, математикалық фактілерді көрнекі, демек түсінікті ету. Математиканы визуализациялаудың, оған қозғалыс енгізудің бір жолы-Geogebra компьютерлік ортасын пайдалану.

«GeoGebra» бағдарламасы – қиын да, қызықты математика пәнін оқытуда компьютерді пайдалану арқылы пәнге қызығушылық тудыратын бірден-бір ақпараттық-коммуникациялық құрал. Ол – еркін таралған динамикалық геометриялық орта, яғни циркуль мен сызғыштың көмегімен «тірі сызбалар» жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оның функциялармен жұмыс жасау мүмкіндігі де зор (графиктер құру, түбір есептеу, экстремумдар, интегралдар, т.б.).

GeoGebra-геометрия, алгебра және басқа да байланысты пәндерді оқытудың әртүрлі деңгейлерінде пайдалану үшін динамикалық ("тірі") сызбалар жасауға мүмкіндік беретін ақысыз бағдарлама. Бұл бағдарламаны 2002 жылы Австриялық математик Маркус Хохенвартер Java тілінде құрды (көптеген бағдарламалық жүйелерде жұмыс істейді), 45 тілге аударылған, оның ішінде қазақ, орыс тілін толық қолдайды. Бұл бағдарлама мұғалімдер арасында, соның ішінде ресейлік мұғалімдер арасында өте танымал, бұл, атап айтқанда, осы бағдарлама негізінде көптеген оқу-әдістемелік әзірлемелер, Geogebra негізінде жасалған динамикалық модельдердің үнемі толықтырылып отыратын ашық коллекциялар бар. Бағдарламаны пайдаланушылар қауымдастығы әлемнің 195 елін қамтиды және Geogebra-да кез-келген адам пайдалана алатын дайын модельдердің үнемі толықтырылып отыратын кең кітапханасы бар.

«GeoGebra» бағдарламалық ортасын компьютерде жұмыс жасау дағдылары төмен адамдар да тез меңгере алады, бұл оның артықшылығы болып табылады. Оны пайдалану өте қолайлы, яғни офистік қосымшаларға оңай кіруге болады: барлық сызбалардың алмасу буфері арқылы ары қарай қолдану үшін мәтіндік редакторға немесе суреттермен жұмыс жасайтын графикалық редакторларға ауыса алу мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда «GeoGebra» әлем бойынша ең көп таралған математикалық

бағдарлама ретінде танылып отыр. «GeoGebra» бағдарламасы тегін болғаннан кейін оны кез-келген компьютерге орнатып, қолдануға болады (көлемі 5 мб.) және оны қазақ тіліне ауыстыруға мүмкіндік бар.

«GeoGebra» бағдарламасы интерфейсында негізгі элементтер: мәзір, құралдар тақтасы, құралдар сипаттамасы, алгебралық сипаттама, кіріс алаңы, графиктер алаңы:

— Мәзірде: тіл, шрифт, сақтау, көрініс, басып шығару, баптаулар сияқты батырмалар орналасқан.

— Құралдар тақтасында: графиктер алаңында геометриялық фигуралар салынады.

— Құралдар сипаттамасында: таңдалған немесе орындалған фигураларға сипаттама беріледі.

— Алгебралық сипаттамада: графиктер алаңында салынған фигураларға алгебралық сипаттама беріледі.


— Кіріс алаңында: кез келген функцияның формуласын теру арқылы графиктер алаңында оның графигі салынады.

— Графиктер алаңында: Кез келген геометриялық фигураны, графиктерді салуға болады.

Бағдарламаның интерфейсі қарапайым және түсінікті. Geogebra бай мүмкіндіктерге ие. Ол, ең алдымен, мектеп геометрия курсының есептерін шешуге арналған: онда сіз нүктелерден, векторлардан, сегменттерден, түзулерден барлық конструкцияларды жасай аласыз, қарапайым функциялардың графиктерін құра аласыз, оларды теңдеу құрамындағы кейбір параметрлердің өзгеруімен динамикалық түрде өзгертуге болады, сонымен қатар берілген түзуге перпендикуляр және параллель, орта перпендикулярлар, биссектрисалар, бұрыштарды, тангенстерді, сегменттердің ұзындығын, көпбұрыштардың ауданын және т. б. анықтауға болады. Сонымен қатар, нүктелердің координаталарын объектілер тақтасында қолмен, ал қисықтардың теңдеулерін, тангенстерді тиісті командалардың көмегімен енгізу жолында енгізуге болады.

GeoGebra интерактивті ортасы мұғалімге қандай дидактикалық мүмкіндіктер ашады? Ең алдымен, ол көрнекі оқу модельдерін дайындауға қызмет етеді: функциялар графигі, геометриялық сызбалар, кестелер, диаграммалар.


Нақты Geogebra ортасын пайдалану мысалдарын қарастырайық. 6-сыныпта "Координаталық жазықтық" тақырыбы зерттеледі. Бірінші сабақта тік бұрышты координаталар жүйесі, координаталық жазықтық, нүкте координаталары, абсцисса және ордината ұғымы енгізіледі. Сабақтың дәстүрлі формасымен сіз барлық құрылыстарды бор тақтасында жасауыңыз керек, бұл ыңғайлы емес және уақытты ысырап ету. Бұл жағдайда Geogebra бағдарламасын қолданған жөн. "Сабақты қорытындылау" кезеңінде келесі тапсырмаларды ұсынуға болады (1 сурет).



1-сурет - Сызба деректері мен нүктелердің орналасу нұсқауларын пайдаланып, кестені толтыру тапсырмасы

"Білім мен дағдыларды бекіту" кезеңінде келесі тапсырмаларды орындау ұсынуға болады (2 сурет).



Координаталық жазықтықта сызық сызылған, оның кейбір нүктелері әріптермен көрсетілген. Осы сызықтан кестеде көрсетілген бірінші координаттар бойынша нүктелерді табыңыз. Осы нүктелердің координаталары мен атауларын жазыңыз.



2-сурет - Нүктелердің координаталары мен атауларын жазу тапсырмасы

Бұл тапсырма оқу қабілетінің қалыптасуына – нүктелердің координаттарын анықтауға ықпал етеді.

Координаталық жазықтықта сіз әртүрлі суреттер жасай аласыз (бұл тапсырмаларды оқушылар жақсы көреді). Ол үшін берілген координаталары бар нүктелерді белгілеп, оларды сегменттермен дәйекті түрде қосу керек (3 сурет).




3-сурет - Нүктелердің координатасын табу арқылы сурет құру тапсырмасы

Геометрия сабақтарында біз көптеген сызбаларды орындауымыз керек. Бұл үшін GeoGebra бағдарламасы оның құралдарымен баға жетпес көмек көрсетеді. Біртұтас геометриялық фигураларды құру әдісін, сондай-ақ жаңа команданы құру барысын көрсетейік. Мұғалім үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің құрылысын түсіндіруі керек делік. Мұны жасамас бұрын оқушылармен эвристикалық әңгіме жүргізген жөн. Бұл үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер ұғымына әкеледі. Содан кейін оқу мәселесін белгілейік: "сипатталған шеңбердің центрін және оның радиусын қалай табуға болады?". Талқылау барысы GeoGebra бағдарламасындағы сызбалармен бірге жүреді. Сонымен қатар, болашақта геометрия сабағында қолдануға болатын жаңа команда құрылады.

Сонымен, үшбұрышқа іштей сызылған шеңберді құру үшін және жаңа пәрменді қосу үшін әрекеттер тізбегін орындау керек:

1. Біз үшбұрыш саламыз.
2. Біз оның бұрыштарының биссектрисаларын саламыз.
3. Биссектрисалардың қиылысуында D нүктесін белгілейміз.
4. Нысандар панелін пайдаланып биссектрисаларды жасыру керек.
5. Перпендикулярды биссектрисалардың қиылысу нүктесінен үшбұрыштың бір жағына түсірейік. Біз E перпендикулярларының негізін белгілеп, оны қайтадан нысандар панелін пайдаланып жасырамыз.
6. D және E нүктелері арқылы өтетін шеңбер құрайық (O – оның центрі, E – шеңбердегі нүкте).
7. Үшбұрыштың қабырғалары бар шеңбердің жанасу нүктелерін белгілейміз.
8. Құралдар - құрал жасау – кіріс нысандары (тізімнен таңдаңыз немесе үшбұрыштың төбелерін басу арқылы) - кіріс нысандары (шеңбер және оның ортасы).
9. Аты және белгішесі. Жазылған шеңбер. Сипаттама: "үшбұрыштың үш төбесін белгілеу". Белгішенің суретін алдын ала дайындап қою керек.
10. "Аяқтау" түймесін басып, терезеде үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер қажет болса, қолдануға болатын жаңа команда пайда болады (4 сурет).




4-сурет - Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер сызу динамикалық тапсырмасы

Сызбаның қайтадан динамикалық болып шыққанына көз жеткізу қиын емес. Мұны істеу үшін фигураның төбелерінің бірін тарту жеткілікті. Үшбұрыштың пішіні мен өлшемдері өзгереді.

Оқушыға сызбаны қалай дайындау керектігін түсіндіре отырып, үйге практикалық тапсырма беруге болады. Ол бірнеше тармақтан тұрады. GeoGebra бағдарламасын жүктеп алып, компьютерге орнатып және ұсынылған алгоритмдерді қолдана отырып, сызбаны дайындаймыз. Мұндай жұмысты оқушылармен жиі жүргізген жөн. Математика сабақтарында жаңа функциялар, жаңа геометриялық фигуралар, жаңа тапсырмалар енгізіледі. Жанды, практикалық іс-әрекет оқушылардың бойында берік білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастырады. Олар GeoGebra бағдарламасын пайдаланып өз сызбаларын жасауға қызығушылық танытады. Дайын шағын бағдарламаларды көрсету пәнге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, сонымен қатар мәселелерді шешуге, зерттеушілік дағды қалыптастырады.

Сондай-ақ, GeoGebra бағдарламасын қолдана отырып, зерттеу қызметінің формаларын алгебра сабақтарында қолдануға болады. Әртүрлі функцияларды, соның ішінде сызықтық функцияны зерттей отырып, оқушыларға Geogebra ортасында сызықтық функцияның графигін салу ұсынылады. a параметрін өзгерте отырып, олар графиктердің орналасуының a және b коэффициенттеріне тәуелділігі туралы гипотеза жасайды (5 сурет).




5-сурет - Функцияны зерттеу тапсырмасы

Geogebra қарапайым функциялардың графиктерін түрлендіру арқылы күрделі функциялардың графигін құру жолын табу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Мысалы, $y=af(x)$, $y=f(ax)$, $y=|F(x)|$, $y=f|x|$, $y=f^2(x)$, $y=f(x^2)$ және түріндегі функцияларының графигін құру.


Оқушылар алдымен қарапайым функцияның графигін жасайды, мысалы $y=\sin(x)$. Күрделі функциялардың графиктерін құру кезінде geogebra-де "жүгірткі" құралы арқылы жүзеге асырылатын параметрлер қолданылады: жүгірткінің орнын өзгерту арқылы график түрлендіріледі (созылу, қысу, орын ауыстыру және т.б.) (6 сурет). Алынған кескінді элементар функцияның графигімен салыстыру және түрлендіру динамикасын бақылау арқылы функцияның графигін құру әдісін түсінуге мүмкіндік береді.



6-сурет - $y=\sin(x)$ функциясын зерттеу, түрлендіру тапсырмасы

"Қима" тақырыбы геометрия пәніндегі ең "проблемалы" тақырыптардың бірі болып табылады, өйткені ол жақсы геометриялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар, қиюшы жазықтық пен геометриялық денені бейнелеуге, көлденең қиманы дұрыс бейнелеуге және оны мәселені одан әрі шешуге қолдануға мүмкіндік беретін дамыған кеңістіктік ойлауды қажет етеді.

Егер, ABCDA1B1C1D1 параллелепипед берілсе. B1C1 жағында Р нүктесі, ал DC жағында К нүктесі бар. Мұғалім GeoGebra интерактивті ортасында параллелепипед үлгісін алдын ала дайындайды (7 сурет).



7-сурет - Параллелепипед шаблону бар GeoGebra бағдарламалық ортасының интерфейсі

Мұғалім оқушыларға құрылысты аяқтауды ұсынады:

1. "Екі нүкте бойынша түзу" құралын пайдаланып A1P түзуін құрыңыз. Бұл әдеттегі сызғышқа қарағанда оңайырақ. Сіз іздеген түзудің қалай "пайда


болатынын" нақты көрсете аласыз.

2. Біз A1P-ге параллель K нүктесі арқылы өтетін түзу сызықты саламыз. қиылысу нүктесін белгілеңіз E. ол үшін GeoGebra құралдары да қолданылады - "параллель түзу".

3. Біз A1 және E нүктелерін "екі нүкте бойынша түзу" құралының көмегімен қосамыз.

4. Біз A1E-ге параллель P нүктесі арқылы түзу сызамыз. G-бұл түзудің CC1 жиегімен қиылысу нүктесі. Нүкте құралы бізге нүкте құруға көмектеседі.

5. Біз K және G нүктелерді қосамыз, пайда болған A1EKGP қимасы-ізделінді қима (8 сурет).



8-сурет - A1EKGP GeoGebra бағдарламасында құрылған қима

Әрі қарай мұғалім оқушыларға құрылыстың дұрыстығын дәлелдеуді ұсынады. GeoGebra бағдарламасы бұл құрылыстарды аяқтап қана қоймай, құрылысты динамикада көрсетуге мүмкіндік береді. Ол үшін "ойнатқыш" құралы қолданылады.

Математиканы көрнекі түрде түсіндіру мақсатында проекторы бар әр сыныпта «Геогебра» бағдарламасын орнатып, пайдаланудың маңызы зор. Себебі, математиканың абстрактілі түсініктерін «GeoGebra» бағдарламасы арқылы оқушылар өз көздерімен «көре алады». Әсіресе, жаңа тақырыпты түсіндіру барысында бағдарламаның тиімділігі мол. Сондай-ақ, математикалық формулалармен шешілген есептерді көрнекі түрде графиктер салу арқылы тексеріп көру мүмкіндігі де бар. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын арттырып, абстрактілі формулаларды түсінікті түрде жеткізуге жағдай жасайды.

Бұл бағдарлама мектеп бітіруші талапкерлердің математика пәні бойынша дайындалуына да зор мүмкіндік береді. Ондай мүмкіндіктерге математиканы үйрету мен үйренуге қалай қолдану қажеттігін түсіндіретін бейнероликтер арқылы қол жеткізуге болады.

«GeoGebra» арқылы:

- жансыз фигуралар мен графиктерге жан бітіруге;
- кез-келген фигураны анимациялауға;
- «ойнау» батырмасы арқылы сабаққа керек сызбаны алдын-ала сызып алып, қайталап көрсетуге;
- компьютерлік сауаттылықты арттыруға болады.

«GeoGebra» бағдарламасындағы интерактивті сызбаларды салып болғаннан кейін, оны сақтап қоямыз да керек кезде сабақта қолданамыз. Мысалы, сіз «GeoGebra»-да ромб салдыңыз дейік. Сызбаны сақтау үшін:

- 1) Файл-Сақтау таңдаңыз;
- 2) сақтайтын орынды таңдаңыз;
- 3) Файл атауын теріңіз;
- 4) Сақта батырмасын басыңыз.

Геогембрада орындалған жұмыстарды сақтаған файлдарды doc, docx форматындағы документтерге экспорттау мүмкіндігі бар.

Геогембраның алгебралық және геометриялық есептерді шығаруға арналған мүмкіндіктері бар. Олар:

- теңдеулерді шешу;
- теңдеулердің түбірін табу;
- теңдеулер жүйесін шешу;
- комплекс сандарға амалдар қолдану;
- сандардың ЕКОБ және ЕКОЕ;
- интеграл ұғымын түсіндіру;
- тригонометриялық функцияларға амалдар;
- символдық есептеулер;
- функцияның минимум, максимум нүктелерін табу;
- функция және оның графигі тақырыбын оқыту;
- геометрияның жазықтықтағы салу есептері;
- геометрияның кеңістіктегі салу есептері және т.б.

GeoGebra қолдану тәжірибесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға бағытталған жүйелі-белсенді тәсіл жүзеге асырылуда, өйткені GeoGebra білімді беруде ғана емес, сонымен бірге оқушының өзін-өзі дамытуына да тиімді қолданыла алады.

2. АКТ көмегімен оқу мақсаттарына жетудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері арқылы оқу іс-әрекетінің сипаты өзгереді.

3. Интерактивті ортаны зерттеу 5-сыныптан бастап әр түрлі жастағы оқушылар үшін қол жетімді, өйткені бағдарлама басқа бағдарламалармен салыстырғанда қолдануға оңай.

4. Математиканы оқу кезінде GeoGebra ортасын қолдану құралдардың интерактивтілігі, сызбаларды құрудың қарапайымдылығы, жоғары айқындылық есебінен оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуына тиімді әсер ете алады.

5. Оқытуда сараланған тәсіл жүзеге асырылады.

6. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалану арқылы оқу процесін оңтайландыру бар.

7. Сабақтағы эмоционалды стресс төмендейді, өйткені оқу материалын түсіну деңгейі артады.

Осы тұжырымдардың барлығы математиканы оқытуда интерактивті динамикалық ортаны қолданудың тиімділігі туралы айтады, бұл оны маңызды педагогикалық құралдардың біріне айналдырады. Кез-келген жаңа

педагогикалық құрал сияқты, игеруге, қолда бар әдістемелер мен белгілі бір техникалық базаны қайта қарауға уақыт қажет.

Сондықтан GeoGebra-ны білім беру процесіне енгізудің ықтимал перспективалары: тәжірибені тарату, басқа білім беру пәндерімен интеграциялау (физика, география, химия), білім беру процесін қолдау үшін ақпараттық ресурстар банкі құру (педагогикалық материалдар мен оқушылардың жұмысы), конкурстар мен фестивальдар өткізу. Болашақта әрбір мұғалім үшін GeoGebra интерактивті динамикалық ортасы оның педагогикалық қызметінде қажетті құрал болады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. - Назарбаев зияткерлік мектептері, ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж
2. <https://www.geogebra.org/graphing?lang=kk>
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені сабақта қолдану мәселелері. - Алматы, 2013.

СИСТЕМА УПРАЖНЕНИЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКА ОСОЗНАННОГО ЧТЕНИЯ УЧАЩИХСЯ 5-8 КЛАССАХ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Антонова Ольга Сергеевна

Магистр филологии, учитель русского языка и литературы, КГУ «Средняя общеобразовательная школа №11» ОО по городу Семей УО области Абай, Семей, Казахстан

Андатпа. Мақала орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында 5-8 сынып оқушыларының саналы оқу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне арналған. Профессор Н.Н.Сметанникованың жіктелуі бойынша ақпараттық мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары ұсынылған. Абай облысы ББ Семей қаласы бойынша ҚБ "№11 ЖОББМ" КММ орыс тілі және орыс әдебиеті сабақтарында 5-8 сыныптарда стратегияларды сынақтан өткізу нәтижелері ұсынылды.

Аннотация. Статья посвящена вопросу формирования навыка осознанного чтения учащихся 5-8 классах на уроках русского языка и литературы. Представлены стратегии для работы с информационным текстом по классификации профессора Н.Н.Сметанниковой. Представлены результаты апробирования стратегий 5-8 классах на уроках русского языка и русской литературы в КГУ «СОШ №11» ОО по г.Семей УО области Абай.

Abstract. The article is devoted to the formation of the skill of conscious reading of students in grades 5-8 at the lessons of the Russian language and literature. Strategies for working with information text according to the classification of Professor N.N.Smetannikova are presented. Russian language and literature lessons in grades 5-8 at the Municipal State Institution "Secondary School №11" of the Department of Education in Semey of the Management of Education of the Abai region are presented.

В творческой группе «Развитие навыков выразительного чтения» работаю третий год. Цель создания творческой группы была апробация активных форм и методов в обучении учащихся выразительному чтению. Нас заинтересовал вопрос формирования навыка осознанного чтения учащихся, потому что

достичь поставленной цели невозможно без работы над смысловым чтением. Когда ученик владеет смысловым чтением, то у него развивается устная речь и, как следующая важная ступень развития, речь письменная.

Актуальность проблемы осознанного (смыслового) чтения очень высока. Чтение – это базовый компонент образования. Обучение разным аспектам чтения является общемировой проблемой, решение которой начинается в школе [1].

В своей практике учителя творческой группы столкнулись со следующими проблемами:

1. Каждый год в начале и в завершении учебного года проводится проверка техники чтения. Мы взяли результаты за последние три учебных года с 2019 по 2022 учебный год. Ученики, у которых низкая скорость чтения, тратят в два раза больше времени на подготовку домашних заданий;

2. При чтении и из-за неправильного интонирования ученики не понимают смысла прочитанного, вследствие чего не могут извлечь необходимую информацию из предложенного текста: выделить главное и второстепенное;

3. При выполнении самостоятельной работы, тестов ученики допускают ошибки, так как не понимают формулировку задания;

4. Затрудняются кратко пересказать содержание;

5. Наша школа принимает участие третий год в республиканской акции по чтению книг «Читающая школа - читающая нация», и проводит школьный проекта «Чтение-путь к успеху!». Ребята на каждом первом уроке уделяют чтению 5 минут. Для чтения дети выбирают сказки, детективы, комиксы, избегают обращения к текстам познавательного характера.

Чтобы учащийся хотел читать, умел работать с информацией, нам, взрослым надо создать условия для этого. Трудности понимания детьми текста выходят на первый план.

В школе учителями применяется около 30-40 технологий. К стратегиям смыслового чтения относятся технологии, направленные на развитие критического мышления учеников.

Технологии развития критического мышления, как и стратегии развития смыслового чтения направлены на формирование вдумчивого читателя, который анализирует, сравнивает, сопоставляет и оценивает знакомую и новую информацию. Технология развития критического мышления также решает задачи смыслового чтения.

Это, например, приемы «Письмо другу», инсерт (маркировка текста), прием «Толстый и тонкий вопросы», «Интервью» и др. Данные приемы, применяемые в рамках технологии развития критического мышления через чтение и письмо, используются учителями на разных стадиях урока.

В течение трех лет творческой группой «Развитие навыков выразительного чтения» проводилось изучение и анализ методического материала по вопросам стратегий Сметанниковой Натальи Николаевны. Кандидат психологических наук, профессор, директор учебно-методического центра БЕСТТ. Инициатор создания Русской ассоциации чтения и президент РАЧ. Представитель России в

Европейском комитете Международной ассоциации чтения и Федерации европейских ассоциаций (IDEC/FELA). Является автором и разработчиком стратегического подхода к обучению чтения на родном и иностранном языке.

Профессор Н.Н.Сметанникова предлагает следующие виды стратегий для работы с информационным текстом.

Виды стратегий в рамках обновленного содержания:	Классические этапы работы с текстом (традиционный формат)
1. Стратегии предтекстовой деятельности. 2. Стратегии текстовой деятельности. 3. Стратегии послетекстовой деятельности. 4. Стратегия развития словаря. 5. Стратегия компрессии текста. 6. Общеучебные стратегии.	1. Планирование деятельности (вызов, предтекстовый этап). 2. Чтение текста (текстовый этап). 3. Контроль понимания прочитанного

Таблица 1 - Виды стратегий

Из таблицы видно, что **традиционный формат включает в себя три этапа/стратегии работы с текстом:** предтекстовый, текстовый этап и послетекстовый. Н.Н. Сметанникова расширила стратегигии - этапы работы с текстом до 6. Добавила: стратегию развития словаря, компрессии текста и общеучебные стратегии.

Хотим показать таблицу популярных стратегий и приемов Н.Н. Сметанниковой [1].

Стратегии	Приемы
Стратегия предтекстовой деятельности.	«Попробуй найти!»
	«Корзина идей (гипотез)»
	Приём «Верите ли Вы?»
	Глоссарий
	«Ориентиры предвосхищения»
	«Рассечение вопроса»
	«Предваряющие вопросы»
Стратегия текстовой деятельности.	«Чтение вслух» («попеременное чтение»)
	«Чтение про себя с вопросами»
	«Чтение про себя с пометками»
Стратегия послетекстовой деятельности.	«Проверочный лист»
	«Инсерт»
	«Ромашка Блума»
	«Тайм-аут».
	«Алфавит за круглым столом»
	<i>Постановка вопросов к тексту и поиск ответов на них</i>
	<i>Составление плана</i>
	<i>Составление граф-схемы и составление сводной таблицы</i>
	<i>Прием тезирования</i>
	<i>Реферативный пересказ</i>
	<i>Кластер</i>

«Дополни определение», «Сконструируй определение»
«Установление соответствия»
«Составь задание»
«Усовершенствование учебника»
«Верные» и неверные утверждения»
«Лови ошибку»
«Восстанови текст»
Сопоставление/нахождение сходств и различий
«Гипертекст»
«Синквейн»
Работа со словом: - работа с незнакомыми словами; - работа с ключевыми словами; - работа со словами образами.
«Ведение диалога с текстом».
Словесное и графическое рисование
Беседа
Конструирование из бумаги или пластилина литературных персонажей, элементов интерьера.
Придумать своих героев, свои приключения, другой конец для произведения.

Таблица 2 - Стратегии и приемы Н.Н. Сметанниковой

Как видно из таблицы: больше всего приемов у стратегии послетекстовой деятельности.

Стратегии предложенные Н.Н. Сметанниковой были апробированы на уроках русского языка и русской литературы.

1. Стратегии предтекстовой деятельности.

По данной технологии, чем лучше организован этап предчтения, тем легче учащемуся читать текст и выше достигаемый им результат.

Предмет: «Русский язык». 8 класс.

Тема: «Современная музыка. Окказионализмы»

Прием: «**Верите ли Вы?**» может быть началом урока.

Задание: Ученикам предлагается установить, верны ли данные утверждения, обосновывая свой ответ.

Верите ли вы, что музыкальные направления: классическая, народная, хип-хоп, рок, духовная музыка относятся к современной музыке?

Верите ли вы, что классическая музыка может быть современной?

Верите ли вы, что народная музыка быть современной?

После знакомства с основной информацией урока. На уроке была защита проектов по направления современной музыки: народная, классическая музыка и хип-хоп. Мы возвращаемся к данным утверждениям и просим детей оценить их достоверность, используя полученную на уроке информацию.

2. Стратегии послетекстовой деятельности.

Предмет: «Русская литература». 7 класс.

Тема: «В. Набоков. «Рождество».

Прием: Для развития творческого воображения можно использовать такие задания: придумай другой конец для произведения.

1. Смерть главного героя, отца Слепцова, который не смог пережить горе и тоску по сыну.

2. Бабочка рождается из кокона и сразу умирает.

3. Рассказ в рассказе. Смерть сына-это сон или галлюцинация, и сын Слепцова жив, просто потерялся. Страшный сон отца –это переживания за сына.

На каждом уроке литературы можно использовать работу с иллюстрациями: подберите к эпизодам словесное описание из художественного текста.

Прием «Домино» позволяет проверить качество чтения художественного текста, причем учитель может дифференцировать объем карточек и уровень сложности проверки знания текста. Небольшие отрывки художественного текста вбиваются в таблицу (в один или два столбика) в хронологической последовательности, после разрезаются и перемешиваются. Задача учеников расположить карточки в хронологическом порядке.

Диаграмма качества знаний по предметам «Русский язык» и «Русская литература» за три года: 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 учебные года учителя Антоновой О.С. КГУ «СОШ №11» ОО по г.Семей УО области Абай.




Рисунок 1 - Показатели качества знаний по предметам «Русский язык» и «Русская литература» за 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 учебные года

По данной таблице видно повышение качества знаний за три года в среднем на 6 % по двум предметам: по русскому языку на 11%, по русской литературе качество знаний стабильно 59%.

В результате обучения смысловому чтению у обучающихся:

- повысился интерес учащихся к чтению, к заучиванию текстов наизусть;

- изменилось отношение к урокам: больше учеников стали использовать дополнительный материал к урокам, особенно при подготовке домашнего задания;

- повысилось познавательное отношение к прочитанному: учащиеся научились глубже вникать в суть произведения;

- развилось положительное отношение к заданиям творческого и проблемно-поискового характера.

Чтение в современном информационном обществе носит «метапредметный» характер и умение читать относятся к универсальным учебным действиям. Это означает, что на каждом предмете должна вестись работа над текстом по формированию и развитию умений смыслового чтения.

Таким образом, продуманная и целенаправленная работа с текстом, позволяет вычерпывать ученику из большого объема информации нужную и полезную.

Смысловое чтение – это не просто ресурс повышения качества знаний, это ресурс повышения качества жизни.

Список использованных источников

